1) ойын атрибуттары және бейнелік ойыншықтармен мағынасы бойынша байналысқан қарапайым сюжетті-тізбектерді ойната алады.
545. «Қазақ халқының тұрмысын бейнелейтін сюжетті-рөлдік ойындар» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) қазақ халқының тұрмыстық заттарына қызығушылық және эмоционалдық реакция танытады;
2) ересек даманың көмегімен қазақ халқының тұрмысын және дәстүрін бейнелейтін, ойын әрекетінің қарапайым сюжетті-тізбектерді ойната алады.
546. «Мектеп тақырыбындағы ойындар» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) мектеп тақырыбындағы ойындарға қызығушылық танытады;
2) ересек адамның көмегімен мектеп өмірін бейнелейтін, мағынасы бойынша байланысқан қарапайым сюжетті-тізбектерді ойната алады.

39-кесте

| 4 -бөлім. Театрланған ойындар | |
|---|---|
| Бөлімшелер | Оқыту мақсаттары |
| 4.1 Режиссерлік ойындар | 0.4.1.1 ертегілерді сахналаудың театрлық құралдары жайлы түсініктері бар |
| | 0.4.1.2 еліктеу бойынша мәнерлілік құралдарын қолдана отырып, ойын кейіпкерінің рөлін жүргізуі |
| 4.2 Драмаландыру ойындары | 0.4.2.1 ересектердің көмегімен ойында өзгерудің қарапайым құралдарын меңгеруі |
| | 0.4.2.2 ересек адамның көмегімен мәнерлілік құралдарын қолдана отыра, рөлді қабылдай ала білуі |

547. «Режиссерлік ойындар» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) түрлі театр құралдарын қолдана отыра, таныс ертегілерді сахналауға қатысуға қызығушылық танытады (үстел үстілік театр, көлеңке театры, түрлі түсті қолғаптар);
2) ересек адамның нұсқаулығы бойынша шығарма мәтініне сәйкес сахналауға ойыншық таңдайды;
3) интонация және ымдаумен қостай отырып, ересектің көмегімен ойын кейіпкерінің рөлін жүргізеді.
548. «Драмаландыру ойындары» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) ойын өзгеруінің қарапайым құралдарын меңгереді;
2) ойдан шығарған заттармен әрекет етеді;
3) ересектің көмегімен костюм бөлшектерін және орнын басушы заттарды қолданады;
4) еліктеу бойынша мәнерлілік құралдары-интонация, ым-ишараны қолдана отырып, рөлді қабылдайды және оны ойнайды.

### 3-параграф. Ойлауды қалыптастыру

549. Мақсаты мәселелік-практикалық және көрнекілік-бейнелік тапсырмаларды таладай білуді бекіту; логикалық ойлау элементтерін: суреттерде бейнеленген кейіпкерлер мен нысандардың арасындағы байланысты табуды, жіктеуді орындауды қалыптастыру болып табылады.
550. Міндеттері:
1) балаларда олардың практикалық, өмірлік тәжірибесі мен көрнекілік-сезімдік түсініктермен арасындағы тығыз тәуелділікті қалыптастыру, бұл байланысты бұл тәжірибені бекіте және оның нәтижесін қорытындылай отырып, сөйлеу тілінде бейнелеу;
2) балаларда мәселелік-практикалық тапсырма жағдайын талдауды және оны практикалық шешу тәсілдерін табуды бекіту;
3) балаларда көру арқылы бағдарлауды және мәселелік-практикалық міндеттерді шешу процесінде сөйлеу тілінің негізгі атқарымдарын (бекіту, ілесу, жоспарлау) қалыптастыру;
4) көрнекілік-бейнелік жоспарындағы міндеттерді шеше білуді қалыптастыру, оларды жағдайдың мәнін ашып айтуға ынталандыру;
5) суреттерде бейнеленген кейіпкерлер мен нысандардың арасындағы байланысты табуға үйрету;
6) талқылауды, қорытынды жасауды және ойын негіздей білуді қалыптастыру;
7) балаларды жасырын мағыналы сюжеттерді талдауға үйрету;
8) мәтінді сәйкес иллюстрациямен салыстыра білуді қалыптастыру;
9) балаларды суреттерді жіктеуге берілген тапсырмаларды орындауға, «төртінші артық» суретті алып тастауға үйрету.
551. «Ойлауды қалыптастыру» сабағының мазмұны оқыту мақсаты мен күтілетін нәтижені қамтитын бөлімшелерден құралатын оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікпен ұйымдастырылған оқыту мақсаттары педагогтарға өз жұмыстарын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оқытудың келесі кезеңдері туралы хабарлауға мүмкіндік береді.
552. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:
1) көрнекілік-әрекеттік ойлауды қалыптастыру;
2) көрнекілік-бейнелік ойлауды қалыптастыру;
3) логикалық ойлау элементтерін қалыптастыру.
553. «Көрнекілік-әрекеттік ойлауды қалыптастыру» бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:
1) мәселелік-практикалық тапсырма жағдайын талдауды және оны шешу тәсілдерін табуды қалыптастыру.
554. «Көрнекілік-бейнелік ойлауды қалыптастыру» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) суретте бейнеленген жағдайды бүтіндей қабылдау;
2) сөз бен бейненің арасында өзара байланысты қалыптастыру.
555. «Логикалық ойлау элементтерін қалыптастыру» бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:
1) салыстыру, жіктеу, жалпылау операцияларын орындай білуді қалыптастыру.
556.Оқыту мақсаттарының жүйесі:

40-кесте

| 1-бөлім. Көрнекілік-әрекеттік ойлауды қалыптастыру | |
|---|---|
| Бөлімше | Оқыту мақсаттары |
| 1.1 Мәселелік-практикалық жағдайды талдауды және оны шешу тәсілдерін табуды қалыптастыру | 0.1.1.1 көмекші құралдар мен құрылғыларды мәселелік-практикалық жағдайда пайдалану туралы түсінік болу |
| | 0.1.1.2 көмекші заттарды (құралдарды) қолдану және жасауды талап ететін мәселелік-практикалық жағдайдың шешуін табу |
| | 0.1.1.3 мәселелік-практикалық жағдайды шешу үшін сынама тәсілін пайдалану |
| | 0.1.1.4 орындалған әрекеттер туралы сөздік есепті құрау |

557. «Мәселелік-практикалық жағдайды талдауды және оны шешу тәсілдерін табуды қалыптастыру» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) қандай да бір құралды әртүрлі мақсатқа жету үшін пайдалануға болатынын түсінеді;
2) ересектің көмегімен көмекші заттарды (құралдарды) қолдану және жасауды талап ететін мәселелік-практикалық жағдайдың шешуін табады;
3) практикалық және ойын жағдайды шешу үшін сынама тәсілін пайдаланады.

41-кесте

| 2-бөлім. Көрнекілік-бейнелік ойлауды қалыптастыру | |
|---|---|
| Бөлімшелер | Оқыту мақсаттары |
| 2.1 Суретте бейнеленген жағдайды бүтіндей қабылдауды қалыптастыру | 0.2.1.1 көрнекілік-бейнелік жағдайларды талдау |
| | 0.2.1.2 жағдайдың көрнекі бейнелуінің негізінде заттар мен құбылыстардың арасындағы себеп-салдарлық байланысты табу |
| 2.2 Сөз бен бейненің арасында өзара байланысты қалыптастыру | 0.2.2.1 заттардың қасиеттері мен сапалары туралы түсінік болу |
| | 0.2.2.2 ойыншықты немесе затты сөздік сипаттама бойынша табу |
| | 0.2.2.3 сөздік сипаттама бойынша кейіпкерлердің әрекеттері бейнеленген сәйкес суретті таңдау |
| | 0.2.2.4 сөздік мәтінді сәйкес иллюстрациямен салыстыру |

558. «Суретте бейнеленген жағдайды бүтіндей қабылдауды қалыптастыру» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) өзінің практикалық тәжірибесіне сүйене отырып, суретте бейнеленген жағдайды бүтіндей қабылдайды;
2) педагогтің нақтылау сұрақтарының көмегімен суретте бейнеленген кейіпкерлер мен нысандардың арасындағы байланысты табады;
3) педагогтің көмегімен суреттер топтамасы бойынша әңгіме құрастырады.
559. «Сөз бен бейненің арасында өзара байланысты қалыптастыру» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) заттардың қасиеттері мен сапалары туралы түсінігі бар;
2) өнімді және ойын әрекеттері туралы түсініктерін пайдаланады;
3) үлгі бойынша қима суретті 3-4 бөліктен құрастырады; ойыншықты немесе затты сөздік сипаттама бойынша табады;
4) педагогтің сөздік сипаттамасы бойынша кейіпкерлердің әрекеттері бейнеленген сәйкес суретті таңдайды;
5) сөздік мәтінді сәйкес иллюстрациямен сәйкестендіреді.

42-кесте

| 3-бөлім. Логикалық ойлау элементтерін қалыптастыру | |
|---|---|
| Бөлімше | Оқыту мақсаттары |
| 3.1 Салыстыру, жіктеу, жалпылау операцияларын орындай білуді қалыптастыру | 0.3.1.1 заттарды олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ерекшелей отырып салыстыру; заттардың негізгі белгісін ерекшелей отырып, белгілі бір тәртіпте орналастыру |
| | 0.3.1.2 заттардың белгілі бір ерекшелігі бойынша жіктеуді орындау, жіктеудің бір қағидасынан басқасына (қасиеттері, сапасы, атқарымдық қолданысы бойынша) көшу және өзінің әрекетін сөйлеу тілдік айтылымда негіздеу |
| | 0.3.1.3 «төртінші артық» суретті алып тастауға берілген жаттығуды орындау, бұны сөйлеу тілдік айтылымда негіздеу |

560. «Салыстыру, жіктеу, жалпылау операцияларын орындай білуді қалыптастыру» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) педагогтың көмегімен заттарды олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ерекшелей отырып салыстыру;
2) заттарды белгілі бір тәртіпте орналастыру: үлкен матрешка, біршама кіші, орташа, одан да кіші, ең кіші;
3) педагогтың сөздік нұсқауы және үлгі бойынша заттарды жіктеуге берілген тапсырманы орындайды;
4) заттарды үлгіні тірек ете отырып, түсі, көлемі (кіші, үлкен, өте кіші, өте үлкен), пішіні бойынша, топтастыру;
5) педагогтың көмегімен «төртінші артық» тапсырмасындағы суретті алып тастауға берілген тапсырманы орындайды.

### 4-параграф. «Әлеумет» білім беру саласы

561. «Әлеумет» білім беру саласының мазмұны -қоршаған ортамен танысу арнайы түзеу оқу қызметінде іске асырылады.
562. Мақсаты балалардың қоршаған орта және адамдардың іс-әрекеті туралы түсініктерін кеңейту болып табылады.
563. Міндеттері:
1) мектеп туралы, мұғалім мамандығы туралы түсініктерін қалыптастыру;
2) практикалық және ойын тапсырмаларын орындау кезінде заттық-құралдық іс-әрекетін мақсатқа бағытталған түрде қалыптастыру;
3) табиғаттағы мезгілдік құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру;
4) жыл мезгілдерінің ауысуын бақылауға үйрету;
5) жыл мезгілдерінің қарапайым белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру, ауа райының қалпын ажырата білуге үйрету;
6) иллюстрацияға сүйене отырып, мамандықтар туралы түсініктерін қалыптастыру: жүргізуші, дәрігер,сатушы, шаштаразшы, пошташы;
7) балаларды сюжетті-рөлдік ойын барысында шынайы өмірдегі жағдаяттарды және ересектердің мамандықтарын көрсете білуге үйрету;
8) ойын барысында адамдардың өзарасындағы қатынастарын жеткізе білу қабілетін қалыптастыру;
9) ойын барысындағы жағдаяттарды тұтастай қабылдауға үйрету;
10) сөйлеу тілі мен оның интонациялық мәнерлігін дамыту;
11) танымдық мүмкіндіктеріне қарай есте сақтауын, зейінін, қабылдауын, сөйлеу тілін дамыту;
12) тиллюстрацияға сүйене отырып, жүру жеріне және қызметіне қарай көліктердің түрлерін ажырата білуге үйрету;
13) иллюстрацияға сүйене отырып, байланыс құралдарын (телефон, компьюттттер, теледидар) ажырата білуге үйрету;
14) мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік мейрамдар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру;
15) киіз үй, ұлттық киім, тағам, ыдыс, салт-дәстүрлер, ұлттық қимыл-қозғалыс ойындары туралы түсініктерін қалыптастыру;
16) Қазақстан (Қазақстанның астанасы, Қазақстанның президенті, Алматы қаласы, Алматы қаласының көрікті жерлері) туралы түсініктерін қалыптастыру;
17) сөйлеу мүмкіндіктеріне қарай ауызша сөйлеу тілін дамыту;
18) психикалық үдерістерді дамыту: зейін, жад, ойлау.
564. «Қоршаған ортамен танысу» сабағының мазмұны, күтілетін нәтижелер түрінде оқытудың мақсатынан және бөлімшелерінен құрайтын, оқытудың бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлім ішіндегі бірізді ұйымдастырылған оқытудың мақсаты, оқытудың келесі деңгейі туралы ақпараттандыра отыра, педагогтарға өз жұмысын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді.
565. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:
1) мен және қоғам;
2) менің туған өлкем;
3) тарих беттері.
566. «Мен және қоғам» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) менің отбасым;
2) мен – баламын;
3) менің мектебім;
4) мамандықтар;
5) байланыс құралдары және көліктер.
567. «Менің туған өлкем» бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:
1) менің Отаным Қазақстан.
568. «Тарих беттері» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) өнер және мәдениет;
2) тәуелсіз Қазақстан.
569.Оқыту мақсаттарының жүйесі:

43-кесте

| 1-бөлім. Мен және қоғам | |
|---|---|
| Бөлімшелер | Оқыту мақсаттары |
| 1.1 Мен және менің отбасым | 0.1.1.1 отбасында тілектестік өзара қарым-қатынас тәрбиелеу |
| | 0.1.1.2 отбасы мүшелерін білу және атау, отбасы мүшелерімен бірлесе күш жетерлік жұмысты атқару |
| | 0.1.1.3 заттарды білу немесе топтастыру (ойыншықтар, ыдыс, жиһаз, көлік, киім, аяқ киім) |
| | 0.1.1.4 қоғамдық жерлердегі жүріс-тұрыстың қарапайым ережелері туралы түсініктерін қалыптастыру |
| 1.2 Менің мектебім | 0.1.2.1 мұғалім мамандығы туралы түсініктерін қалыптастыру |
| | 0.1.2.2 мектептегі тәртіптің қарапайым ережелері туралы түсініктерінн қалыптастыру |
| | 0.1.2.3 мектеп құрал-жабдықтары туралы түсініктерін қалыптастыру (портфель, дәптер, кітап, қалам, қарындаш, пенал, альбом, түрлі түсті қарындаштар) |
| | 0.1.2.4 мектеп құрал-жабдықтарының мәні туралы түсініктерін қалыптастыру (кітап оқу үшін, қалам жазу үшін) |
| | 0.1.2.5 иллюстрацияға сүйене отырып макроәлеуметтік орта туралы түсініктерін қалыптастыру: мектеп |
| | 0.1.2.6 мұғалім мамандығына құрмет сезімін қалыптастыру |
| 1.3 Мамандықтар | 0.1.3.1 иллюстрацияға сүйене отырып, мамандықтар туралы түсініктерін қалыптастыру: жүргізуші, дәрігер,сатушы, шаштаразшы, пошташы |
| | 0.1.3.2 сюжетті-рөлдік ойындарындағы атрибуттар (ерекше белгілер) туралы білімдерін қалыптастыру: дүкен, аурухана, шаштараз, пошта |
| | 0.1.3.3 ойын әрекеттерінің ретін жаңғырту, ойынға сюжетті ойын элементтерін еңгізу |
| | 0.1.3.4 ойын әрекеттерін үлгі бойынша, күрделі емес ауызша тапсырмалар бойынша орындау |
| | 0.1.3.5 балаларды сюжетті-рөлдік ойын барысында шынайы өмірдегі жағдаяттарды және ересектердің мамандықтарын көрсетуге үйретуді жалғастыру |
| | 0.1.3.6 ойын барысында адамдардың өзара қатынастарын жеткізе білу қабілетін қалыптастыру |
| | 0.1.3.7 сюжетті-рөлдік ойындар барысында құрал-сайман заттарын және қосалқы жабдықтарды қолдана білуін қалыптастыру |
| | 0.1.3.8 сюжетті рөлдік ойындар барысында ойын әрекеттерін сөйлеу тілімен қостауға ынталандыру |
| 1.4 Байланыс құралдары және көліктер | 0.1.4.1 иллюстрацияға сүйене отырып, жүру жеріне және қызметіне қарай көліктердің түрлерін ажырата білуге үйрету |
| | 0.1.4.2 иллюстрацияға сүйене отырып, байланыс құралдарын ажыратуға үйрету (телефондар-үй, ұялы, компьютер, теледидар) |
| | 0.1.4.3 теледидар, компьютер қарау кезінде көру арқылы қабылдауын дамыту |
| | 0.1.4.4 телефонды қолдану кезінде есту арқылы қабылдауын дамыту |

570. «Мен және менің отбасым» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) отбасы мүшелерін біледі және атайды;
2) отбасы мүшелерімен бірлесе күш жетерлік жұмысты атқара алады;
3) заттарды біледі және топтастырады (ойыншықтар, ыдыс, жиһаз, көлік, киім, аяқкиім);
4) қоғамдық жерлердегі қарапайым тәртіп ережелері туралы түсініктері бар.
571. «Менің мектебім» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) мұғалім мамандығы туралы; мектептегі тәртіп қарапайым ережелері туралы түсініктері бар;
2) мектеп құрал-жабдықтары (портфель, дәптер, кітап, қалам, қарандаш, пенал, альбом, түрлі-түсті қарандаштар), олардың мәні туралы түсініктері бар.
572. «Мамандықтар» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) ересек адамдардың еңбегі туралы; мамандықтары туралы (жүргізуші, дәрігер, сатушы, шаштаразшы, пошташы), олардың еңбек әрекеттері туралы түсініктері бар;
2) үлгі немесе педагогтың ұсынысы бойынша таныс рөлдерді орындайды;
3) ойын сюжетіне бағынады; сюжетті-рөлдік ойындарындағы атрибуттарды ажыратады (аурухана,дүкен, шаштараз, пошта).
573. «Байланыс құралдары мен көліктер» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) иллюстрацияға сүйене отырып, көлік түрлері (жердегі, ауадағы, судағы)туралы; арнайы көліктердің түрлері(жедел жәрдем, өрт сөндіру, полиция машинасы) туралы түсініктері бар;
2) телефонның (үй телефоны, ұялы телефон), компьютердің, теледидардың қызметтері туралы түсінігі бар, оларды қолданудың кейбір қарапайым ережелерін біледі.

44-кесте

| 2-бөлім. Менің туған өлкем | |
|---|---|
| Бөлімше | Оқыту мақсаттары |
| 2.1 Менің Отаным – Қазақстан | 0.2.1.1 иллюстарцияға сүйене отырып немесе педагогтің түсіндіруі бойынша жыл мезгілдерін атау немесе көрсету |
| | 0.2.1.2 бала тұратын жердің табиғат жағдайы туралы түсінігін педагогтің көмегімен қалыптастыру |
| | 0.2.1.3 жыл мезгілдерінің ауысымдық өзгерістері туралы түсінігін қалыптастыру (күз, қыс, көктем, жаз, олардың белгілері) |
| | 0.2.1.4 ауа райының қалпы туралы білімдерін жетілдіру (бұлтты, күн шуақты) |
| | 0.2.1.5 апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру |
| | 0.2.1.6 табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту (күннің күркіреуі, найзағай, кемпірқосақ) |
| | 0.2.1.7 тәулік мезгілдері (таңертең, күндіз, кеш, түн), апта күндері туралы түсініктерін қалыптастыру |
| | 0.2.1.8 табиғат құбылыстарының дыбыстарын ажырата білу арқылы есту зейінділігін дамыту (жаңбырдың сіркіреуі, желдің соғуы, күннің күркіреуі аудиожазылым) |

574. «Қазақстан – менің Отаным» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) иллюстрацияға сүйене отырып немесе педагогтің түсіндіруі бойынша жыл мезгілдерін атайды немесе көрсетеді (баланың сөйлеу мүмкіндіктеріне қарай);
2) жыл мезгілдерінің негізгі белгілерін атайды;
3) табиғат күнтізбесінен жаңбырды, қарды, күн шуақты, бұлтты күндерді көрсетеді және сөйлеу мүмкіндіктеріне қарай атайды;
4) табиғат құбылыстарын ажыратады: күннің күркіреуі, найзағай, кемпірқосақ; тәулік мезгілдерін ажыратады (таңертең, күндіз, кеш, түн), иллюстрацияға сүйене отырып апта күндерін атайды;
5) ауа райының ағымды қалпын анықтайды: күн шуақты, жаңбырлы, бұлтты, суық, жылы;
6) аудиожазылым бойынша жаңбырдың сіркіреуі, желдің соғуы, күннің күркіреуін ажырата біледі.

45-кесте

| 3-бөлім. Тарих беттері | |
|---|---|
| Бөлімшелер | Оқыту мақсаттары |
| 3.1 Өнер және мәдениет | 0.3.1.1 иллюстрация және ауызша нұсқау бойынша қазақ киіз үйінің құрылымы мен ішкі жабдықталуы туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру |
| | 0.3.1.2 қазақтың ұлттық ыдыс-аяқтары туралы түсініктерін қалыптастыру |
| | 0.3.1.3 ұлттық киімдер туралытүсініктерін қалыптастыру |
| | 0.3.1.4 қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы түсініктерін қалыптастыру |
| | 0.3.1.5 ұлттық тағамдартуралы түсініктерін қалыптастыру: бауырсақ бешбармақ, айран, наурыз көже |
| | 0.3.1.6 қазақтың қимыл-қозғалыс ойындарынойнап үйрету: асық, арқан тарту, орамал тастау, бәйге, теңге алу, көтермек |
| | 0.3.1.7 Қазақстан Республикасының мейрамдары (Наурыз, Тәуелсіздік күні, Қала күні, 1 мамыр, 9 мамыр) туралы түсініктерін қалыптастыру |
| 3.2 Тәуелсіз Қазақстан | 0.3.2.1 мемлекеттік рәміздер туралы білімін қалыптастыру |
| | 0.3.2.2 қолын кеудеге қойып, қатарда түзу тұруды үйрету |
| | 0.3.2.3 Қазақстанның Әнұранына қосылып әндету арқылы есту қабілетін дамыту |
| | 0.3.2.4 өз елінің атауы туралы түсініктерін қалыптастыру (Қазақстан) |
| | 0.3.2.5 Қазақстанның бас қаласы (Астана), Қазақстан Президенті туралы түсініктерін қалыптастыру |
| | 0.3.2.6 өзі тұратын қаланың атауы туралы түсініктерін қалыптастыру |
| | 0.3.2.7 иллюстрация бойынша өзі тұратын қаланың көрікті жерлері туралы түсініктерін қалыптастыру (кинотеатлар, театрлар, парктер, мұражайлар) |

575. «Өнер және мәдениет» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) қазақ киіз үйінің құрылымы мен ішкі жабдықталуы туралы түсініктері бар; қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы түсініктері бар; ұлттық тағамдар туралы түсініктері бар; қазақтың ұлттық ыдыстары туралы түсініктері бар;
2) ересектің қолдауымен қазақтың қимыл-қозғалыс ойындарын ойнауды біледі;
3) үлкендерге және кішілерге сыйластықпен қарайды;
4) Қазақстан Республикасының мейрамдары: Наурыз, Тәуелсіздік күні, Қала күні, 1 мамыр, 9 мамыртуралы түсініктері бар.
576. «Тәуелсіз Қазақстан» бөлімшесін іске асыру бойынша күтілетін нәтижелері:
1) өз елінің атауын біледі;
2) Қазақстанның бас қаласы (Астана) туралы, Алматы – еліміздің ең ірі және өзі тұратын қаласы ретінде түсінігі бар;
3) өзі тұратын қаланың атауын біледі;
4) мемлекеттік рәміздер туралы түсінігі бар; мемлекеттік рәміздерді иллюстрациядан көрсетеді;
5) әнұранды орындайды (сөйлеу тілі мүмкіндіктеріне қарай);
6) иллюстрация бойынша өзі тұратын қаладағы көрікті жерлер (кинотеатрлар, театрлар, саябақтар, мұражайлар) туралы түсініктері бар.

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің*
*2018 жылғы 29 желтоқсандағы №721 бұйрығына 5-қосымша*

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің*
*міндетін атқарушының*
*2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына 6-қосымша*

## Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

### 1- тарау. Түсіндірме жазба

1. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 және 14-баптарына сәйкес әзірленді.
2. Бағдарламаның мақсаты тірек-қимыл аппараты бұзылысының (бұдан әрі-ТҚАБ) дәрежесі мен балалар церебральды сал ауруының (бұдан әрі-БЦСА) көріністерін есепке ала отырып, балаларда арнайы түзету-компенсаторлы және қоғамдық-бейімді біліктер мен дағдыларды қалыптастыру; жасына сай қозғалыс дағдыларына үйрету; тірек қимыл аппараты бұзылысының алдын алуды қамтамасыз ету; шынайы өмір жағдайларына сәтті тұрмыстық, ойын және қоғамдық бейімделуіне, олардың қоғамға интеграциясына түзетуші физикалық жаттығулар және арнайы қозғалыс тәртібі көмегімен алғышарттар жасау.
3. Бағдарлама міндеттері:
1) бас, мойын, кеуде және аяқ-қолдың дұрыс бақылауын қамтамасыз ететін бойын түзеу және тепе-теңдік реакцияларын дамыту;
2) қол функциясын және заттық-манипулятивтті қызметін дамыту;
3) көру- моторлы координациясын дамыту;
4) дұрыс емес қалып пен күйді тежеу және жою;
5) екіншілік ақаулы қозғалыс стереотипінің қалыптасуының алдын алу;
6) омыртқа қисаюын тұрақтандыру; сколиоз корсетінің доғасын кішірейту;
7) бұлшық еттердің күш шыдамдылығын жоғарылату; табан мен сан бұлшық еттерін қатайту;
8) табан бірігулерін қалыптастыру;
9) дұрыс және уақытында сүйектенуіне, омыртқа бедерлерінің қалыптасуына әсер ету;
10) тыныс алу бұлшық еттерін қатайту;
11) негізгі гимнастиканың жаттығуларын жасау дағдыларын; негізгі қимылдарды қалыптастыру;
12) сапалы дағдыларды тәрбиелеу: ептілік, жылдамдық, икемділік, күш, шыдамдылық, тепе-теңдік;
13) жеке және қоғамдық гигиенаның алғашқы дағдыларын тәрбиелеу;
14) қозғалыс бағыттары жайлы білімін қалыптастыру;
15) рухани, ерік, тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу.
4. Бағдарлама коммуникативті дағдыларын қалыптасуына, балалардың танымдық және әлеуметтік мотивтерін білдіруге, білім алуға деген қызығушылығы мен құштарлығын дамытуға, балаларға қимыл дағдаларды меңгеруге, енжар-қайталмалыдан белсенді-өзіндік қозғалысқа ауысуын іске асыруға мүмкіндік береді.
5. Күтілетін нәтижелер сабақтар бойынша мақсаттар жүйесінде көрсетілген.
6. Бағдарлама мазмұны 3 жастан 7 жасқа дейінгі балалардың психикалық және физикалық дамуының жас кезеңдерін қамтиды:
1) екінші кіші топ-3-4 жастағы балалар;
2) ортаңғы топ-4-5 жастағы балалар;
3) мектепке дейінгі ересектер тобы – 5-6 жастағы балалар;
4) жалпы білім беретін мектептегі, лицейдегі, гимназиядағы мектепалды даярлық сыныбы-6-7(8) жастағы балалар.

### 2-тарау. Екінші кіші топ (3-4 жастағы балалар)

### 1-параграф. «Денсаулық» білім беру саласы

7. «Емдік дене тәрбиесі (суда немесе құрлықта)» бағдарламасының базалық мазмұны арнайы түзеу оқу қызметінде (кіші топтық) іске асырылады:
1) құрғақтағы емдік дене шынықтыру;
2) судағы емдік дене шынықтыру.
8. Мақсат: тірек-қимыл аппараты бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балалардың қозғалыс мүмкіндіктерін дамыту және түзету болып табылады.
9. Міндеттері:
1) аяқ және қол буындарындағы ерікті қимылды қалыпқа келтіру;
2) тыныс алу фунциясын қалыпқа келтіру;
3) дене мүсінінің дұрыс дағдысын және табанның дұрыс орнатуын қалыптастыру;
4) координациялық бұзылыстарды түзету (білектің ұсақ моторикасы, статикалық және динамикалық тепе-теңдік, қозғалыс ырғақтылығы, кеңістікте бағдарлануы);
5) бұлшық ет-буындық сезімді жаттықтыру;
6) буындық сіресімдерді (контрактураларын) алдын алу және түзету.

### 2-параграф. 1-жартыжылдық

10. Құрлықтағы емдік дене тәрбиесі:
1) дұрыс емес қалып мен бас және аяқ-қол қалпын, жамбасты көтеруін, белді келтіруді түзету;
2) балаларға бастапқы қалыпта жатып, отырып, тұрып әр түрлі бағытқа басты бұруға үйрету;
3) қолдармен бір уақытта алға, артқа, жан-жаққа, жоғарыға, төменге қозғалыс орындауға үйрету;
4) иық алды және қол білектерін бүгу және ашуға, бір уақытта саусақтарын жұдырыққа түю және қозғалыс темпін өзгертіп ашуға үйрету;
5) көзбен бақылаумен және бақылаусыз балаларға бірінші саусағын басқаларымен қарама-қарсы қоюға үйрету;
6) бастапқы қалыпта арқасымен, ішпен, бүйірмен жатып, кезекпен тік немесе бүгілген аяқты көтеру және бүгу, ашу, сондай-ақ оларды айналдыру білігін қалыптастыру;
7) бүкіл табанын қойып, тіреуіш жанында тұрып отырып тұру білігін қалыптастыру;
8) кеудемен алға, артқа, жан-жаққа иілуге үйрету;
9) үйренген қозғалыстардың қарапайым үйлесімдерін орындау дағдысын қалыптастыру;
10) көзбен бағдарлануын, ойын формасындағы сөздік нұсқауларды (жануарлар қозғалысын салу)қолданып, педагогпен бірге жаттығулар орындауға үйрету.
11. Негізгі қозғалыстар: жүру, жүгіру, секірулер, лақтыру, қағып алу, еңбектеу, өрмелеу, тепе-теңдік, қайта сапқа тұру.
12. Жүру:
1) бастың, кеуденің, аяқ-қолдың қалпын, табан беріктігін қалыптастыру;
2) бас пен кеуденің тігінен орнатуымен жүріп жаттығу, ауырлық күшін тірек аяғына ауыстыру, тірек емес аяғын ауыстыру, табандарын дұрыс қою, әр аяққа тіректе тұру қалпыын сақтау мүмкіндігі, екі табанға дене массасын біркелкі бөлу, қозғалыстың дұрыс бағыты мен ырғағы;
3) жүргенде қолдармен дұрыс қозғалту білігін қалыптастыру.

(Жалғасы 15-бетте)

(Жалғасы. Басы 13-14-беттерде)

4) бүйірлік адыммен алға, артқа, брустарды қолдана отырып, тізені жоғарыға көтеріп, сосын байланған арқанға өту, бос арқанға – сосын қабырғада жүру дағдысын қалыптастыру;

5) дұрыс дене мүсінін қалыптастыру; қозғалыс кординациясын, тепе-теңдік сезімін дамыту;

6) кеңістікте бағдарлану білігін қалыптастыру;

7) қозғалу дағдысын, аяқ-қолдың, кеуденің қозғалыс координациясын дамыту;

8) тыныс алу функциясын дамыту.

13. Жүгіру:

1) бас пен кеуде қалпын қалыптастыру: мойын және арқа бұлшық еттері қатаймайды; бас омыртқамен бір сызық бойында, аяқ пен қол сәйкес қимылдары;

2) белгілі бір тапсырмаларды орындаумен жүгіру дағдысын қалыптастыру: бір-бірінің артынан, арақашықтық сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойынша, тоқтап, заттардан өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру;

3) жеңіл және жылдам, баяу және ауыр қозғалыстар бейнесін жасай алуға үйрету;

4) дұрыс мүсін дағдысын бекіту;

5) көлденең (еңбектеу) және тігінен қалыпта қарапайым қозғалыстар дағдысын дамыту;

6) кеңістікте бағдарлану білігін дамыту.

14. Секірулер:

1) кеудені еңкейту мен түзеумен ырғақты отырып тұру дағдысын Кеудені еңкейту мен тіктеумен ырғақты отырып тұру дағдысынн істеу.Отырып тұру көлемін үлкейту үшін саусақтар астына бір жұмсақ зат салуға болады, бірақ 15 градустан артық емес болады;

2) бір аяқтан екінші аяққа секіру дағдысынқалыптастыру (тірекке сүйеніп тұрып),екі аяқта секіру,тереңдікте (10-15 см биіктіктен);

3) негізгі қозғалыстарды дамыту: жүру, жүгіру, секіру, реакция жылдамдығы;

4) кеңістікте бағдарлану білігін қалыптастыру;

5) қозғалыс үйлесімдігінің дағдыларын, тепе-теңдік сезімін жаттықтыру.

15. Лақтыру, қағып алу:

1) белгілі бір орынға дейін доптарды апару дағдысын, қолдың итеру функциясын, көру-моторлы үйлесімділігін дамыту;

2) отыру қалпында допты бір-біріне (1-1,5 м) лақтыру, (әр түрлі заттар көмегімен (валиктер, құмы бар қапшықтар) әр түрлі құралдар көмегімен аяқтың дұрыс қалпын қабылдау;

3) бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау білігін қалыптастыру; үлкен үрленбелі допқа арқасымен сүйеніп, бір балалар отырады, басқаларына аяқтарын дұрыс қалыпта ұстау талап етіледі;

4) доптарды қақпаға апару, кеудесінен екі қолмен допты, екі қолымен жоғарыға, төменге еденге (жерге) лақтыру, допты қағып алу;

5) көлденең нысанаға, алысқа лақтыру, оң және сол қолмен тігінен орналасқан нысанаға лақтыру;

6) қозғалыс координациясын дамыту;

7) доппен ойнауда әр түрлі тәсілдерге үйрету;

8) баланың тігінен және көлденең қалпында түрлі қозғалыстарды жаттықтыру, жан-жақты қозғалыс координациясын дамыту;

9) кеңістікте бағдарлана алу білігін дамыту;

10) тепе-теңдік ұстай алуға үйрету.

16. Еңбектеу, өрмелеу:

1) аяқ пен қолдың үйлесімді қозғалысын түсінуін қалыптастыру;

2) бастың дұрыс қалпын қабылдау білігіне үйрету;

3) алға оң аяғын шығарғанда – сол қолын шығаруды, басын сәл солға бұру білігін дамыту. Алға сол аяғын шығарғанда – оң қолын шығарып, басын сәл оңға бұру;

4) үлкен саусақ қатысымен гимнастикалық қабырғаның кермесін қармау функциясын тәрбиелеу;

5) 2-3 м арақашықтыққа тік бағытта, қойылған заттар арасымен; еденге қойылған тақтай бойынша; биіктігі 50 см арқан астымен; бөрене арқылы, еңіс тақтай бойынша еңбектеу; еңіс баспалдаққа өрмелеу (ТҚАБ балаларға), гимнастикалық қабырғаға міну және түсу (ққолдың қармау функциясы бұзылған балалар жаттығуды нұсқаушы және тәрбиешімен бірге орындайды) дағдыларын қалыптастыру.

17. Тепе-теңдік:

1) әр түрлі бастапқы қалыпта: отырып, еңбектеу қалпында, тұрып, аяқтар табан еніндей; аяқтар қадамда, баспен түрлі қозғалыстарда, сондай-ақ кеуденің иілуімен және бұрылуында тұрақтылығын қалыптастыру;

2) жүріс дағдысын қалыптастыру: тепе-теңдікті жаттықтыру мақсатында екі аяқпен, бір аяқта, аяқ ұшында, жіңішке жолмен, бөренеде, еңіс тақтайда (10-20 см.) тұрғандағы тірек аймағының көлемін біртіндеп азайтады; 8 см арақашықтықта қойылған тақтай бойынша жүру, екі аяқта, бір аяқта, аяқ ұшымен тұру, бір-бірінен арақашықта қойылған тақтайлармен жүру;

3) ірі және ұсақ бұлшық ет топтарындағы қозғалыс жылдамдығын және координациясын дамыту, денені дұрыс қалыпта ұстауын (дұрыс мүсінді) қалыптастыру.

18. Қайта сапқа тұру:

1) кеңістікте бағдарлану білігін қалыптастыру, тежелу реакцияларын жақсарту;

2) шеңбер бойыншааздаған топпен және бүкіл топпен қатарға тұру дағдысынқалыптастыру;

3) негізгі қозғалыстарды дамыту: жүріс, жүгіру, секіру, қатарға тұру элементтері;

4) реакция жылдамдығын, орында бағдарлана алу білігін жаттықтыру;

5) көзбен шамалау дағдыларын, түстерді айыруын дамыту.

19. Спорттық жаттығулар:

1) шанада сырғанау (жеңіл және орташа дәрежедегі БЦСА бар балаларға арналған): қарапайым дағдыларға үйрету: шанаға өзі отыру, биік емес төбешіктен сырғанау, төбешікке шанасыз көтерілу; шанада отыру, артқа шалқая отырып, екі қолмен жіпті ұстап, оны алдынан тарта отыру;

2) велосипедпен жүру (жеңіл және орташа дәрежедегі БЦСА бар балаларға арналған): табан тіреуін, аяқтардағы бұлшық ет күшін дамыту, қолдың қармау функциясын жаттықтыру;

3) бойын тіктеу, тепе-теңдік реакцияларын және қозғалыс координациясын, рөлді ұстауын қалыптастыру, кезекпен біресе бір аяғымен, біресе екінші аяғымен педальды жай басуға үйрету. Гемипарез жағдайында табан және білек бекітіледі.

20. Судағы емдік дене шынықтыру.

1) жүзуге дайындалу;

2) БЦСА бар балалардың бұлшықет тонусы максималды төмендеуі және қозғалыс үйлесімдігін жақсартуға жету үшін +29...32°С су температурасында үйрету;

3) суға кіру және ішінде болу дағдысын қалыптастыру.

21. Күтілетін нәтижелер:

1) бұлшық ет-буындық сезім қалыптасқан;

2) аяқ пен қолдың буындарындағы өзінің қозғалыстарын бөлшектеп басқара алады;

3) жаттығуларды орындау кезінде тыныс алуын басқара алады;

4) дене мүсіні дұрыс және табандарды дұрыс қою дағдысына ие;

5) координацияланған білік дағдысына ие: білектің ұсақ моторикасы, статикалық және динамикалық тепе-теңдікті, қозғалыс ырғақтылығын, кеңістікте бағдарлануы;

6) буындық сіресімн түзету мен алдын алуға жаттығулар жасай алады;

7) биік емес төбешіктен сырғанай алады, бір-бірін тербете алады;

8) велосипедте отырып тепе-теңдік сақтай алады және педальдарды жай баса алады.

**3-параграф. 2 жартыжылдық**

22. Құрлықтағы емдік дене тәрбиесі:

1) бастың және аяқ-қолдың дұрыс емес қалпын түзету, аяқтың қалпының өзгеруі мен табанды көтеруден аулақ болу;

2) қолды жоғарыға көтеру, жан-жаққа жіберу, алдынан, артынан, басынан жоғары, қолдарының бір бірінен затты ауыстыру, алдынан, басынан жоғары, арқасынан шапалақтау;

3) бір-біріне басынан жоғары допты бере алуға артқа және алға, арқасымен жатып велосипедтегі жүріс секілді, екі аяғын жоғарыға бір уақытта көтеруге, тұру қалпында алға, солға, оңға еңкеюге, арқадан іш жағына және керісінше ауысуға үйрету;

4) жартылай отырып тұру (2–3 рет), қолды алға қойып, қолын тізеге сүйеп отырып тұру білігін қалыптастыру. Егер жамбас буындармен мәселелер болса, терең отырып тұрудан аулақ болу (шығу, таю), тек сан биіктігіне; тізесін бүгіп, аяқтарын кезекпен көтеру.

23. Негізгі қозғалыстар: жүру, жүгіру, секірулер, лақтыру, қағып алу, еңбектеу, өрмелеу, тепе-теңдік, қайта сапқа тұру.

24. Жүру:

1) дұрыс және үнемді қозғалыстарын қалыптастыру;

2) жүрген кезде басын төмен түсірмеу және төменге аяқтарына және сол уақытта оны артқа шалқайтпау білігіне үйрету;

3) белгілі бір тапсырмаларды орындағанда: қатарддан біреуден, жұппен, тізесін жоғарыға көтеріп еркін жүру дағдысын қалыптастыру;

4) интервал сақтай отырып, бағытын өзгертіп, шеңбер бойында, жіпті ұстап, тоқтаумен, отырып тұрумен, бұрылыспен, «жылан» секілді, заттарды айналып өтіп, төбешікке және төбешіктен аяқ пен қолдың қозғалысын үйлестіру білігін дамыту;

5) баяулатып және темпін жылдамдатып қозғалу дағдысына үйрету, ырғақ сезімін, ойын бойынша басқа серіктерімен қозғалыс сәйкестігін дамыту;

6) тежелу реакцияларын жаттықтыру;

7) дұрыс дене мүсінін қалыптастыру;

8) омыртқаның бұлшық еттік корсетін қатайту; тепе-теңдік сезімін, ептілікті дамыту.

25. Жүгіру:

1) бас пен кеуде қалпын мойын және арқа бұлшық еттерінің зорланусыз қалыптастыру; бас омыртқамен бір сызық бойында, аяқ пен қол сәйкес қимылдары);

2) жүгіру дағдысын (5 тен – 10 метрге дейін), әртүрлі бағытта, жылдам, үздіксіз баяу темпте (40-50 сек. ішінде) қалыптастыру;

3) орын ауыстырудың қарапайым дағдыларын дамыту;

4) кеуде мен аяқ-қолдың бұлшық еттерін қатайту;

5) кеңістікте бағдарлану білігі;

6) қозғалыс координациясын, ептілікті дамыту.

26. Секіру:

1) қозғалыстар координациясы мен бұлшық еттің сәйкес жұмыстарын дамыту;

2) бір аяқтан екінші аяққа секіру дағдысын қалыптастыру (тірекке сүйеніп),екі аяқта секіру (аяқтар бірге – аяқтар бөлек), тереңге секіру (15–20 см. биіктігінен);

3) аяқ-қолдың, кеуденің қозғалыс координациясын дамыту;

4) тыныс алу функциясын жақсарту;

5) ептілік, реакция және қозғалыстың жылдамдығын, көру және есту анализаторының координациясы, табандардың байланыс-бұлшық ет аппаратын қатайту;

6) дұрыс дене мүсінін қалыптастыру.

27. Лақтыру, қағып алу:

1) қолдың итеру функциясын, көру-моторлы координациясын дамыту;

2) заттарды дұрыс ұстауын, лақтырудың сапасы мен күшін, бағытын бақылау білігіне үйрету;

3) көлденең нысанаға, алысқа лақтыру, оң және сол қолмен тігінен нысанаға лақтыру, 0,5-1 м арақашықтыққа допты, екі қолмен арқаннан үлкен допты, торды (гемипарез жағдайында нұсқаушы немесе тәрбиеші әлсізденген қолмен жаттығу орындауға көмектеседі), лақтыру дағдысын қалыптастыру;

4) қозғалыс координациясын,оның ішінде білек пен қол саусақтарының, кеңістікте бағдарлану білігін дамыту;

5) доппен ойында түрлі тәсілдерге үйрету;

6) қырағылықты, көзбен шамалауын дамыту.

28. Еңбектеу, өрмелеу:

1) ашық білектер мен тізеге сүйене отырып, қалыпты дұрыс ұстау қабілетін қалыптастыру;

2) тепе-теңдік реакциясын, бір аяққа немесе қолға және басқасына сүйені тұрып, дене салмағын ауыстыра алуын жаттықтыру;

3) бастың дұрыс қалпын қалыптастыру;

4) ауырлық күшін ауыстару білігін, тепе-теңдікті сақтау мен аяқ-қол қозғалысын дамыту.

5) контрротацияны қалыптастыру – бір уақытта иықты бір жаққа, ал жамбасты басқа жаққа бұру;

6) еденде тігінен орналасқан, құрсау шеңберге кіру дағдысын, гимнастикалық қабырғаға міну және одан керісінше түсуін қалыптастыру (үлкен саусақпен қоса (үлкен саусақ қалпын түзету үшін, үлкен саусақты бағыттап тұратын, арнайы шиналар қолданылады), гимнастикалық қабырға таяқашаларын ұстау функцияларын тәрбиелеу);

7) қозғалыс координацияларын дамыту;

8) аяқ пен кеуденің бұлшық ет-байланыс аппартын қатайту;

9) реакция жылдамдығын, жылдамдықты, қозғалыс ептілігін, кеңістікте бағдарлана алу білігін жаттықтыру;

10) көлденең қалыпта қозғалыстарды (еңбектеу, еңбектеп кіру), ептілікті, қозғалыс координациясын дамыту;

11) іштің, арқа, омыртқаның бұлшық ет корсетін, аяқ-қол бұлшық еттерін қатайту.

29. Тепе-теңдік:

1) соның негізінде ерікті қозғалыстарға бақылау қалыптасатын, бұлшық еттік сезімдерін дамыту;

2) тік жолда, таяқта, жіп бойынша жүргенде тепе-теңдік сақтау дағдысын қалыптастыру. Құлау қорқынышының пайда болуына жол бермеу.

30. Қайта қатарға тұру:

1) қатарға тұру, қатарда, шеңберде өзінің орнын табу (көріп бағдарлану бойынша) дағдыларын қалыптастыру;

2) көріп есте сақтау, зейінін дамыту;

3) тежелу реакцияларын жақсарту.

31. Спорттық жаттығулар:

1) шанада сырғанау: қарапайым дағдыларға үйрету: өзі шанаға отыруын, биік емес төбешіктен сырғанау, төбешікке шанамен шығу; шанада отырып, алдынан тарта отырып және сәл артқа шалқая отырып, екі қолмен жіпті ұстау; шанада отырып, алдына сәл тартып және аздап артқа шалқайып екі қолмен жіпті ұстау;

2) велосипедпен жүру: төртбасты бұлшық етті, бел бұлшық еттерін және тобық бұлшық еттерін дамыту, кеуде тепе-теңдігін қалыптандыру; үш дөңгелекті велосипедте жүру дағдысын жақсарту.

32. Судағы емдік дене тәрбиесі:

1) жүзуге дайындалу: судағы өзіне сенім сезімін дамыту;

2) барлық мүмкін бұрылыстарға, арқадағы қалыптан отыру немесе тұру қалпына ауысуды, арқадан бүйірге, ішіне және керісінше бұрылуды үйрету;

3) суға кіру және ішінде болу, суда ойнау дағдыларын қалыптастыру.

33. Өзіндік қозғалыстық белсенділік.

1) әр түрлі қозғалыс дағдыларын бекіту, бұлшық ет күшін, ептілікті, жылдамдықты дамыту;

2) өзіндік қозғалыс қызметіне, дене шынықтыру құралы және жабдығы барын қолдануға қызығушылығын жоғарылату.

34. Күтілетін нәтижелер:

1) нұсқаушының сөздік нұсқауы және белгісі бойынша қозғалыстар жасайды;

2) дұрыс тыныс алу жайлы түсінікке ие болады;

3) жүріс кезінде аяқты дұрыс қоя алады, табан бірігуін қалыптастыратын, табан бұлшық еттер бекіген;

4) негізгі түзету жаттығууларын орындау техникасын мменгере алады;

5) биік емес төбешіктен шанамен сырғанайды; басқа балаларды сырғанатады;

6) үш дөңгелекті велосипедте жүріп үйренеді;

7) суға түседі, суда ойнайды.

**3-тарау. Орта топ (4-5 жастағы балалар)**

**1-параграф. «Денсаулық» білім беру саласы**

35. Мақсат: түзету физикалық жаттығулар мен арнайы қозғалыс тәртібі көмегімен шынайы өмір жағдайларына ойын, тұрмыстық сәтті бейімделуіне, олардың қоғамдаға араласуына алғышарттар жасау болып табылады.

36. Міндеттер:

1) негізгі қозғалыстарды қалыптастыру үшін бұлшық еттерді қатайту және дамыту;

2) қозғалыста бастапқы кеңістіктік бағдарлануын дамыту;

3) нұсқаушының сөздік нұсқауы немесе белгісі бойынша ерікті қозғалысты бастау мен аяқтауға үйрету;

4) қол білігін, қозғалыс дағдыларын, сенсорлы функцияларды дамыту;

5) өзіндік қозғалыс белсенділігін дамыту;

6) контрактуралардың алдын-алу және түзету;

7) физикалық жаттығуларды орындауға қызығушылығын тәрбиелеу.

**2-параграф. 1-жартыжылдық**

37. Құрлықтағы емдік дене тәрбиесі:

1) бастың асимметриялы қозғалысын, жамбас және тізелік буындардағы аяқтың бүгілуін, жамбасты көтеру, белді қозғалысқа келтіруін түзету;

2) басты көтеру мен ию дағдыларын қалыптастыру;

3) қолдарды алға, жан–жаққа, жоғарыға көтеру (нұсқаушы жаттығуларды орындауда шынтақ буындарын қолдай отырып көмектеседі);

4) тұру қалпынан , білекте бүгілген, қолдарын арқаға бағыттау;

5) арқада жатып жан–жаққа бұрылулар;

6) аяқтың ұшына саусақты тигізіп, алға еңкею;

7) аяқты кезекпен өкшеге, ұшына қойып, аяқты көтеру. Қолды белге қойып, алға, жан–жаққа жартылай отырып тұру (4-5 рет).

38. Құрлықтағы негізгі қозғалыстар: жүру, жүгіру, секірулер, лақтыру, қағып алу, еңбектеу, өрмелеу, тепе-теңдік, қайта сапқа тұру.

39. Жүру:

1) жұрыс бас қалпымен дұрыс және үнемді қозғалыстарды қалыптастыру (басты түсірмеу және артқа шалқайту);

2) сапта біреуден; жүгірумен кезектестіріп;

3) басқа қозғалыстармен кезектестіріп жүру дағдысын қалыптастыру;

4) өкшеде;

5) қол және аяқ қимыл үйлесімділігін дамыту;

6) табанның ішкі бетінде, аяқ ұшында (диагнозға байланысты жеке мөлшерлеу);

7) ізді жол бойынша;

8) әр түрлі заттарды аттаумен, ойлы-қырлы тақтайшамен;

9) арқанды жолмен;

10) топпен тік бағытта; шеңбер бойынша, қозғалыс бағытын өзгертумен бір-бірден сапта; белгі бойынша тоқтаумен; жүгіруге өту және керісінше; аяқ пен қолдың қозғалыс координациясын дамыту;

11) табандардың байланыс-бұлшық ет аппаратын қатайту;

12) дұрыс дене мүсінін қалыптастыру.

40. Жүгіру:

1) үлкен және ұсақ бұлшық ет топтарындағы қозғалыстың жылдамдығы мен координациясын дамыту;

2) дұрыс дене мүсінін қалыптастыру;

3) зейінді жаттықтыру;

4) көру және есту анализаторының функциясын, олардың кеуде мен аяқ–қол қозғалыстарымен координациясын жақсарту;

5) белгілі бір тапсырмаларды орындауда жүгіру дағдысын қалыптастыру: қарапайым жүгіру, шұлықпен; тізені жоғарыға көтеріп, тар және кең қадамдармен, қатарда біреуден, жұппен, әр түрлі бағытта жүгіру; баяулатқан және жылдамдатқан темппен, жетекшіні ауыстырып жүгіру. Баяу темпте 1-1,5 минут ішінде үздіксіз жүгіру, 30-40 метрге орташа жылдамдықпен жүріспен кезектестіріп жүгіру.

41. Секіру:

1) табанның байланыс–бұлшық ет аппаратын қатайту; оның бірігуін қалыптастыру;

2) ырғақ сезімін дамыту;

3) бұлшық ет және қозғалыс координациясының сай жұмыстарын қалыптастыру;

4) 1-2 метр арақашықтыққа алға жылжып, екі аяқта, екі аяқта секіруді жаттықтыру жүріспен кезектестіріп 5 секіру 2-3 реттен; оңға, солға сақтандырғышпен бұрылумен орында; баланың қолы жететін деңгейде, жоғарыға орнынан затқа тиюмен; ұзындыққа орнынан, 1-2 сызықтан кейін (сызықтардың арақашықтығы 30-40 см), 10-15 см биіктіктен; бір аяқта секіру.

42. Лақтыру, қағып алу:

1) көру моторлы координациясын, қолдың итеру функциясын дамыту;

2) лақтыру сапасын және күшін, бағытты сақтаумен затты дұрыс қармауды қалыптастыру;

3) қозғалыс нақтылығы мен ырғақтылығын, ептілікті дамыту;

4) ұсақ және ірі бұлшық ет топтарындағы қозғалыс координациясын, реакция жылдамдығын дамыту;

5) табиғи қозғалыстардың оңтайлы дағдысын жаттықтыру;

6) допты, құрсау шеңберді бір-біріне заттар арасынан сырғанату; допты бір-біріне астынан лақтыру және оны қағып алу 1,5 м арақашықтықта, оны екі қолмен басынан кедергі арқылы 1 м арақашықтықтан лақтыру дағдысын қалыптастыру;

7) допты жоғарыға лақтыру және оны екі қолмен қағып алу. Ұзаққа заттарды лақтыру. Оң және сол қолмен көлденең нысанаға 1-1,5 м арақашықтықта; 1 м арақашықтықтан тігінен нысанаға нысана орталығының биіктігі 1,5 м лақтыру; кеңістікте бағдарлану білігін дамыту,оппен ойнауда түрлі тәсілдерге үйрету;

8) көзбен шамалауды, қырағылықты дамыту.

43. Еңбектеу, өрмелеу:

1) бастың дұрыс қалпымен, аяқ пен қолдың координацияланған қозғалысына үйрету;

2) үлкен және сұқ саусақтар қатысымен қармау функциясын қалыптастыру.

3) 6 метрге дейінгі арақашықтықта заттар арасында тікелей; көлденең тақтайда, орындықта;

4) түзету жоллағында, алақан мен табанға сүйене отырып, аяқ және қолмен; еңбектеу дағдысын қалыптастыру;

5) оң және сол бүйірмен алға 50 см биіктікке көтерілген, арқан астына еңбектеу. Құрсау шеңберге кіру. Жоғары-төмен кезектескен қадаммен гимнастикалық қабырғада өрмелеу. Қолмен тартылып, ішпен гимнастикалық орындықты еңбектеу. Бөренеден, гимнастикалық орындықтан секіру. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу, оңға, солға аралықтан аралыққа өту.

44. Тепе-теңдік:

1) дененің тұрақты қалпын қалыптастыру;

2) ұсақ және ірі бұлшық ет топтарындағы қозғалыс координациясын дамыту;

3) реакция жылдамдығын жаттықтыру;

4) тепе-теңдік сезімін, кеңістікте бағдарлана алуын дамыту;

5) сызықтар арасындаарақашықтық 20 см, сызық, арқан, тақтай, гимнастикалық орындық, бөрене бойынша жүру;

6) қол жоғарыда, аяқ ұшында тұрып, қол белде, бір аяқта тұрып (нұсқаушы сақтандыруымен), қолдар ерікті (жеке) екі жаққа айналуда тепе-теңдік сақтау;

7) кедір-бұдырлы тақтайда, жоғарыға және төменге еңіс тақтаймен ені 25-30 см, биіктігі 30–35 см жүру;

8) еденнен 10–15 см жоғарылатылған, баспалдақ тақтайшасынан; бір-бірінен түрлі қол қалпымен арақашықтықта қойылған, баспа шарлардан аттау.

45. Сапқа тұру, сапқа қайта тұру:

1) кеңістікте бағдарлау білігін қалыптастыру, тежелу реакцияларын жақсарту;

2) қатарға бір-бірден; бөлімдерге екіден, үштен қатарға тұру; бағыт бойынша түзелу дағдыларын қалыптастыру.

46. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:

1) қозғалыстың дұрыс ырғағын жасауға үйрету;

2) берілген ырғақта, отырып немесе жатып, қолмен және аяқпен еркін қозғалыстарды;

3) әр түрлі темпте музыкалық сүйемелдеумен сәйкес таныс физикалық жаттығуларды орындау білігін қалыптастыру.

47. Спорттық жаттығулар:

1) шанада сырғанау: дағдыларға үйрету: төбешіктен сырғанау; бірбірін сырғанату; шанамен төбешікке көтерілу, одан түсіп келе жатқанда тежелу; мұз жолдармен сырғанау;

2) велосипедпен, өздігінен сырғанайтын құралмен (самокатпен) жүру; табанның байланыс-бұлшық ет аппаратын қатайту; сирақ-табан буындары және табан буындары мен аяқ саусақтарының қозғалыс амплитудасын үлкейту; дұрыс дене мүсінін қалыптастыру; қозғалыс координациясын, тепе-теңдік сезімін дамыту; кеңістікте бағдарлана алу білігі; батылдыққа тәрбиелеу; екі дөңгелекті және үш дөңгелекті велосипедтерде, самокатта (ТҚАБ бар балаларға) жүруге; оңға, солға бұрылыс жасауға үйрету. Гемипарезде табан және білек фиксацияланады.

48. Судағы емдік дене тәрбиесі:

1) жүзуге дайындалу: баланы жауырынынан жеңіл сүйемелдеп арқамен сырғанауға үйрету;

2) гиперкинетикалық БЦСА бар балаларға суда жатып 2-3 минут бұлшық ет тонусын босаңсыту жаттығуларына үйрету;

3) суға кіру және ішінде болу, суда ойнау білігін қалыптастыру, су шашырауына үйрету;

4) суда отырып, аяқтарымен жоғарыға және төменге қозғалтуды;

5) орындау (ТҚАБ балалар үшін), ерікті тәсілмен жүзуге тырысу.

49. Спорттық ойындар элементтері:

1) кегель ойыны: дұрыс қалыпта тұрып, допты лақтыру. 1-1,5 м қашықтықтан кегельді қағып жіберу;

2) футбол: берілген бағытта допты айналдырып жіберу. Бір-біріне аяқпен допты беру білігі.

50. Өзіндік қозғалыстық белсенділік:

1) балалардың доппен ойынын ынталандыру, дене шынықтыру құралдарын, жабдықтарды, спорттық және қозғалмалы ойындарға арналған атрибуттарды қолдануға ниеттендіру;

2) балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға жұмылдыру, қозғалыс талап ететін ойындарға қатысу қызығушылығын ояту;

3) ауа райы жағдайын ескере отырып, балалардың ауадағы қозғалыс қызметіне жағдай жасау.

51. Күтілетін нәтижелер:

1) физикалық жаттығуларды орындауға қызығушылық көрсетеді;

2) қимылды ойындардың ережесін орындайды;

3) әр түрлі тапсырмаларды орындаумен бір-бірден сапқа тұра алады;

4) екіден, үштен бөлімдерге қайта тұра алады;

5) спортық ойындар мен спорттық жаттығулардың алғашқы техникаға ие болады.

**3-параграф. 2-жартыжылдық**

52. Құрлықтағы емдік дене тәрбиесі:

1) кеңістікте өзінің денесінің қалпын түсіну;

2) тыныштық кезінде, көлденең, тігінен, ілгері қалыпта денені ұстауды қалыптастыру;

3) шынтақ буындарын бүкпей, саусақтар ашық болғанда, алақанды жоғарыға бұруға үйрету;

4) қолды жан-жаққа жібере және төмен түсіре, оны бас артына қоюға, жоғары жақ арқылы қолды көтеруге;

5) таяқты (құрсау шеңберді) жоғарыға көтеру, иық артына түсіру; қолды жұму және ашуға, қолдың бастапқы қалпынан алдан, жан-жаққа қол білектерін айналдыруға үйрету;

6) отырып тіреумен аяқты көтеру, бүгу және жазу, оларды еденгетүсіру, бір уақытта аяқтарды бүгіп, жазып, тік аяқтарды көтеру және түсіру, қолда жоғарыға қарай затты ұстап, арқадан қарынға бұрылу, ішімен жатып, алға созылған қолды көтеруін қалыптастыру;

7) тізеден бүгілген аяқты көтеруге, еденге аяқ ұшын, өкшесін таяққа тіреп, таяқ бойынша жүру;

8) аяқ саусақтарымен жіпті жинау, бір орыннан екінші орынға құмы бар қапшықты ауыстыру, аяқ өкшесімен айналуға үйрету.

53. Негізгі қозғалыстар: жүру, жүгіру, секірулер, лақтыру, қағып алу, еңбектеу, өрмелеу, тепе-теңдік, қайта сапқа тұру.

54. Жүру:

1) қатар бойынша бір-бірден, екіден; аяқ ұшымен, өкшемен, табанның сыртқы жағымен жүру, тізені жоғарыға көтеріп, кең және тар қадамдармен;

2) қозғалыс бағытын өзгертумен, «жылан сияқты», бет-бетімен, алға, жан-жаққа бүйірлік қадаммен;

3) жүгірумен, секірумен ауыстырып, темпті, бағытты өзгертумен, белгі бойынша тоқтаумен жүру дағдыларын қалыптастыру.

55. Жүгіру:

1) кеуде мен бас қалпын қалыптастыру (иықтар аздап алға иілген, бас омыртқамен бір сызық бойында);

2) тізені жоғарыға көтерімен, аяқ ұшымен, тар және кең қадамдармен, қатарда бір-бірден және жұппен, әр түрлі бағыттарды, бет-бетімен;

3) темпті баяулату мен жылдамдатумен;

4) жетекшіні өзгертумен жүгіруге үйрету;

5) баяу темпте үздіксіз жүгіру, 50–60 м жүгіру, 5 метрден 3 рет қайталамалы жүгіру;

6) жүгірудің біркелкілік (ырғақтық) сезімін дамыту;

7) әр түрлі бағытта жүгіру, қағып алумен жүгіру.

56.Секіру:

1) қозғалыс координациясын дамыту, аяқтың және жамбастың бұлшық етін қатайту.

2) орында екі аяқпен, алға жылжумен, орында солға, оңға бұрылумен, орында аяқтар бірге, аяқтарды ашып, бір аяқты алға, екіншісін артқа қойып (сақтандырумен) секіруге үйрету;

3) орыннан жоғарыға, баланың қолына жоғарыға ілінген, затқа қолын тигізіп; 2–3 заттан кезекпен; 20–25 см, (БЦСА бар балаларға бұл жас кезеңінде секіру жаттығулары жас алмайды, себебі табанның бұлшық ет-байланыстық аппараты тым әлсіз) биіктіктен; ұзындығы 40 сантиметрден кем емес орыннан, 4-5 сызықтан сызықтар арасындағы арақашықтық 40 см, секіруге үйрету, бір аяқта секіру (сүйеніші ұстап), қысқа скакалкамен секіру (ТҚАБ балаларға арналған).

57. Лақтыру, қағып алу:

1) қозғалыс координациясын (оның ішінде ол білектері мен саусақтары), кеңістікте бағадарлана алуындамыту, доппен ойнауда түрлі тәсілдерге үйрету;

2) білектер мен саусақтардың дұрыс қалпына назарын аудара отырып, әр түрлі өлшемдер мен формадағы заттарды алу, оларды ұстап тұру және екі және бір қолмен алып жүру білігіне үйрету;

3) допты, құрсау шеңберді айналдыруға; бір-біріне төменнен допты лақтыру, бас жақтан және оны қағып алу, басынан жоғары екі қолмен допты және бір қолмен кедергіден лақтыру 2 м қашықтықтан, допты жоғарыға, жерге лақтыру және оны екі қолмен қағып алу, допты жерге ұруға үйрету;

4) затты алысқа лақтыру 2-3,5 м кем емес;

5) оң және сол қолмен көлденең нысанаға лақтыру2 м. арақашықтықтан, 1,5 м арақашықтықтан тігінен орналасқан нысанаға (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) лақтыру білігін қалыптастыру.

58. Еңбектеу, өрмелеу:

1) көлденең және еңіс орындықта еңбектеуге;

2) қолмен тартылып, қарынмен гимнастикалық орындықта еңбектеуге;

3) алақан мен өкшеге сүйене отырып еңбектеуге (қозғалыс бағытын жоғалтатындарға, қол мен қарама-қарсы аяқты алға шығаруда қиналатындарға нұсқаушы көмектеседі) үйрету;

4) 50 см. биіктікке көтерілген жіп, доға, таяқ астына алға сол және оң бүйірімен кіре алуын;

5) бөренеден, гимнастикалық орындықтан аттауын қалыптастыру;

6) кезектескен қадаммен гимнастикалық қабырғаға жоғары–төмен өрмелеу, аралықтан оң, сол жақ аралыққа өту (қолдың қармау функциясы бұзылған балалар жаттығуды нұсқаушымен және тәрбиешімен бірге орындайды).

59. Тепе–теңдік:

1) сызықтар арасында жүру (арақашықтық 20-25 см), сызықтар, жіп, тақтай бойынша, гимнастикалық орындықта, бөренеді кедір–бұдырлы тақтайда жүру;

2) еңіс тақтайда жоғары және төмен жүру және жүгіру дағдысын қалыптастыру;

3) бір-бірінен түрлі қашықтықта қойылған, 5–6 баспа доптардан, әр түрлі қол қалпымен, кезекпен аттау;

4) ептілікті, тепе–теңдік сезімін, көру және есту анаализаторларының координациясын, жүйке процесстерінің сергектігін, зейін тұрақтылығын қалыптастыру;

5) тәртіпке тәрбиелеу;

6) табанның бұлшық ет–байланыс аппаратын қатайту;

7) дұрыс мүсінді қалыптастыру.

60. Сапқа тұру, сапқа қайта тұру:

1) ұйымдасқан қозғалыста кеңістік түсініктерін қалыптастыру;

2) бағанда, сапта, шеңберде бір–бірден тұруға үйрету;

3) екіден, үштен бөлімдерге тұру, бағдар бойынша түзелуін; оңға, солға, айналып бұрылулар; ашу және жабу білігін қалыптастыру;

4) көру, есту, моторлы анализаторларын;

5) кеңістікте бағдарлану білігіін дамыту.

61. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:

1) музыкалық сүйемелдеуге сәйкес әр түрлі темпте таныс физикалық жаттығуларды орындау;

2) ырғақ сезімін, икемділікті, қозғалыс координациясын дамыту;

3) аяққа арнайы жаттығуларға үйрету, алдымен отырып сосын сүйеніш жанында тұрып, кейбір балалар өз мүмкіндіктерінше үйренеді және қозғалыстарды меңгеруді сүйенішсіз тұрып орындайды.

62. Спорттық жаттығулар:

1) шанада сырғанау: дағдыларға үйрету: төбешіктен сырғанау, бір–бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, одан түскенде тежеу, мұз жолдарда өзі сырғанау;

2) велосипед, самокат тебу: табанның бұлшық ет–байланыс аппаратын қатайту, табан-сирақ буындарында және табан мен аяқ буындарының қозғалыс амплитудасын үлкейту, дұрыс мүсінді қалыптастыру, қозғалыс координациясын, тепе-теңдік сезімін, кеңістікте бағдарлана алуын дамыту, батылдыққа тәрбиелеу, екі дөңгелекті велосипедте және самокатта жүруді (ТҚАБ балаларға),оңға, солға бұрылыстар жасауға үйрету. Гемипарез жағдайында табан және білектер бекіітіледі.

63. Судағы емдік дене шынықтыру:

1) жүзуге дайындалу. Гиперкинетикалық БЦСА түрі бар балаларға суда жатып белгілі бір уақытта (2-3 минут) бұлшық ет тонусын босаңсыту үшін жаттығулар үйрету;

2) суға кіру және болу, суда ойнау, су шашырауына үйрету;

3) суда отырып, аяғымен жоғарыға және төменге қозғалыстар жасау;

4) суда отырып иекке дейін, көзге дейін кіру, ішінде болу, судан шығу білігін қалыптастыру.

64. Спорттық ойындар элементтері:

1) кегель: әр түрлі жағдайда қойылған кегельдерге, дұрыс бастапқы қалыпта допты лақтыру;

2) футбол: берілген бағытта допты айналдырып жүру, допты қақпаларға кіргізу.

65. Өзіндік қозғалыс белсенділігі:

1) доптармен, құрсау шеңбермен, ойыншықтармен балалардың ойынын көтермелеу, дене шынықтыру құралын, жабдығын, спорттық және қозғалмалы ойындарға арналған атрибуттарды қолдануға қызығушылығын ояту;

2) жаттығуларды педагогпен бірге орындауға, қозғалмалы ойындарға қатысу қызығушылығын ынталандыру.

66. Күтілетін нәтижелер:

1) негізгі қозғалыстарды қалыптастыруға бұлшық еттер қатайған (жүру, өрмелеу және еңбектеу, көріп бақылаумен және үлкен саусақты басқаларына қарама-қарсы қойып затты лақтыру және қармау);

2) қозғалыста бастапқы кеңістіктік бағдарлануға ие;

3) белгі бойынша немесе нұсқаушының сөздік нұсқауы бойынша қозғалыстарды орындайды;

4) әр түрлі ойындарды өзі ойнайды және ойын ережесін сақтайды;

5) спорттық ойындар элементтерін орындайды, шынығу түрлерін меңгерген.

**4-тарау. Ересектер тобы (5-6 жастағы балалар)**
**1-параграф. «Денсаулық» білім беру саласы**

67. Мақсат: тірек–қимыл аппараты бұзылған мектепке дейінгі жастағы балалардың қозғалыс мүмкіндіктерін түзету және дамыту.

68. Міндеттер:

1) тірек–қимыл аппаратының ақаулы орнатуын түзету (аяқ-қолдың, омыртқаның);

2) жеке бұлшық ет топтарының әлсіздігін (гипотрофия, атрофия) жою;

3) буындардағы қозғалуды жақсарту, түзетуді жасау және алдын-алу;

4) бұлшық ет тонусын қалыптандыру (позотоникалық реакцияларды түзету);

5) бұлшық ет–буындық сезімді (кинестезияны) және сипап сезуді жақсарту;

6) қолдың заттық–манипулятивті қызметін дамыту;

7) қол мен аяқтың түрлі сүйеніш реакцияларын қалыптастыру; жалпы ағзаның және оның жеке бөліктерін босаңсыту;

8) дұрыс мүсінді қалыптастыру;

9) дұрыс емес қалып пен жағдайды тежеу және жою.

**2-параграф. 1-жартыжылдық**

69. Құрлықтағы емдік дене тәрбиесі:

1) алақанды жоғарыға бұрған кезде, иық алдын бір-біріне жақындатпай, білек буындарында қолды тіктеу, саусақтарды ашық күйде қалдыру;

2) тізені толығымен қолмен ұстауға үйрету;

3) шапалақтауда екі қолдың бірдей қатысуын қалыптастыру. Гемипарезде тәрбиеші зақымдалған қолмен қозғалыстарды орындауға көмектеседі;

4) БЦСА бар балаларды қолмен тізелерін ұстауға үйрету мақсатында, кеуде мен аяқ қозғалысын дамыту;

5) алға–артқа қолды сермеуді, кеуде алдында қолмен айналдыру қозғалыстарын (бір қол екіншісінің айналасында айналады), қолды жан–жаққа сермеу, төменге түсіре алуын қалыптастыру;

6) отыру қалпынла, бөксе сыртқы бұрылыс кезінде (сыртқы ротация) (құмы бар қапшықпен фиксациялау) қалыпты қабылдай алуға үйрету;

7) кезекпен өзіне қарай аяқты тарту білігін қалыптастыру, қажет жағдайда екінші аяқты құмы бар қапшықпен бекітеді.

70. Негізгі қозғалыстар: жүру, жүгіру, секірулер, лақтыру, қағып алу, еңбектеу, өрмелеу, тепе-теңдік, қайта сапқа тұру.

71. Жүру.

1) дұрыс және үнемді қозғалыстарды;

2) жүріс кезінде басын түсірмеу және артқа шалқаймау, төменге аяққа қарамау, аяғын көтеріп жүру, еденде сүйретпеу, алға қарауын қалыптастыру. Бұл үшін сызықтарды, кубиктар аттаумен арнайы жаттығулар қолданылады;

3) жүріс кезінде қолды еркін қозғаалтуға үйрету;

4) бағанда жалғыз; аяқ ұшымен, өкшемен; бүгілген тізені жоғарыға көтеріп; заттарды аттап өтумен; әр түрлі темпте; қол қалпын өзгертіп; ересектің белгісі бойынша тоқтаумен; қозғалыс бағытын өзгертіп; бет–бетімен; заттар арасымен; алға аяқ кезектескен қадаммен жүру;

5) кезектесуде қайталанатын жүру және жүгіру.

72. Жүгіру:

1) кеуде мен бас қалпын (иықтар аздап алға, бас омыртқамен бір сызық бойында);

2) қол мен аяқ қозғалысының үйлесімділігін (қолды кеудеге жабыстырмау), кеңістікте бағдарлануын өзіндік бақылауын қалыптастыру;

3) бет-бетімен, жұппен, бағанда біреуден, заттарды аттаумен, кедергілерді аттаумен, табиғи жағдайдағы кедергілерді аттаумен, бір сызықта қойылған заттардан «жылан» секілді, әр түрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам,орташа темпте үздіксіз 1,5-2 минут жүгіру.

73. Секіру:

1) әр түрлі ойын тәсілдерін және баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып нұсқаушы үлгісі бойынша салу сипатындағы жаттығуларды қолдана отырып, ұзындыққа секіруге үйрету;

2) орында секіру, 3 метр арақашықтыққа алға жылжумен, заттар арасынан екі аяқпен арақашықтық 4 м, заттар арасынан оң және сол аяқпен кезектестіріп, биіктікке орнынан секіру (ТҚАБ балалар үшін);

3) жіптер, сызықтардан аттап секіру, биіктіктен секіру (жерге түскенде аяқ тізеде бүгілген, табандар параллель, тепе–теңдік сақтау), жоғарыға секіру (ТҚАБ балалар үшін).

74. Лақтыру, қағып алу:

1) құрамның сапалы қалыптасуы: траектория, күш, тепе–теңдік;

2) саусақтар мен білектердің дұрыс қалпына назар аудара отырып, әр түрлі өлшем және формадағы заттарды алу, оларды ұстай алу және екі және бір қолмен;

3) әр түрлі өлшемдегі доптарды қолдана отырып алып жүру білігін бекіту: үлкен доптарды – екі қолмен қармау, кішкентайларын — біреуімен;

4) оң және сол қолмен кезектесіп допты жоғарыға;

5) оң және сол қолмен кезектесіп жерге лақтыру;

6) екі қолмен және кезекпен оң және сол қолмен бінеше рет қатарынан қағып алу (мөлшері диагнозға байланысты);

7) бір қолынан екінші қолына лақтыру;

8) шапалақпен лақтыру және қағып алу;

9) допты бір–біріне лақтыру;

10) тордан допты лақтыру;

11) қабырғаға допты лақтыру және оны қағып алу;

12) алысқа лақтыру; көлденең нысанға допты лақтыру;

13) допты сақинаға лақтыру;

14) допты бір қолмен еденге ұрып жүру;

15) допты заттар арасынан алып жүру, қақпаға оң және сол қолмен кезектесіп допты кіргізу (зақымдалған қолға жүктеме көп).

75. Еңбектеу, өрмелеу:

1) жіп, доға, орындық астына еңбектеп кіру;

2) белгілі бір темпте еңбектеу, қол мен аяқ қозғалысының автоматизациясы дағдысын қалыптастыру;

3) тіктену сипатындағы қозғалыстармен еңбектейтін жаттығуларды (еңбектеп жету және тұру), тепе-теңдікке тапсырмамен (тақтай бойынша еңбектеу) үйлестіру;

4) қолын еденге тигізбей, тік және бүйірден жіп астына еңбектеп кіру;

5) гимнастикалық орындықта қарынмен еңбектеу;

6) еңіс баспалдаққа гимнастикалық қабырғаға өтумен міну және ьаяқшаларын жібермей одан түсу (ТҚАБ балаларға арналған);

7) доға астына еңбектеп кіру, доға астына қолындағы доппен еңбектеп кіру, құрсау шеңберге кіру, еңбектеп доға астынан, басымен допты итеріп өту, кедергілерден еңбектеп өту және доға астына еңбектеп кіру, топпен, еденге қолын тигізбей, доғаның жоғары жағына тимей оң және сол бүйірмен құрсау шеңберге еңбектеп кіру.

76. Тепе-теңдік:

1) дененің тұрақты қалпын сақтау білігін қалыптастыру;

2) кенеттен тоқтау және жылдам қозғалыс кезінде орында тұра алуы дағдысына үйрету;

3) заттарды аттаумен;

4) шектелген бетпен аяқ ұшымен, кубиктерді аттап, орындықта адымдау;

5) арқаннан бүйірмен, адымдап (өкше арқанда, аяқ ұшы еденде), орындақта алға алдынан немесе арқасынан әр қадамда бір қолынан екінші қолына допты ауыстырумен, кедір-бұдырлы бетте жүру.

77. Сапқа тұру, сапқа қайтадан тұру:

1) үйрету жұппен, шеңбердешеңбер ортасын белгілеумен болады;

2) кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру;

3) нұсқаушының көрсеткен бағдарында белгілі бір бағытта жүру дағдысын бекіту;

4) бағанға біреуден, екіден, үштен сапқа тұр;

5) саптан бағанға біреулен, екіден, үштен қайтадан тұру;

6) орнында оңға, солға қозғалыста бұрылу, қолын алға созып бағанда, сапта, шеңберде қолы жан–жаққа созылған түрде түзелу;

7) оңға, солға бұрылу, аттаумен және секірумен айналу.

78. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:

1) музыкалық сүйемелдеумен сәйкес әр түрлі темпте таныс физикалық жаттығуларды орындау;

2) ырғақ, икемділік сезімін, қозғаллыс координациясын дамыту;

3) аяққа арналған арнайы жаттығуларға үйрету (алдымен отырып, сосын сүйеніш жанында тұрып үйренеді және тек кейбір балалар өз мүмкіндіктерінше қозғалыстарды сүйенішсіз орындайды);

4) музыкаға әдемі, көркем таныс физикалық жаттығуларды орындау;

5) аяқ аяқ ұшына кезекпен қою және таптау;

6) отырып тұрумен адымдау;

7) музыканың қарапайым ырғақтық бейнесіне сәйкес шапалақтар;

8) жұппен шеңбер бойынша қозғалыс.

79. Спорттық жаттығулар:

1) шанада сырғанау: төбешіктен біреуден және екеуден сырғанау, шанамен төбешікке көтерілу, мұз жолдармен өзі, жүгіруден соң сырғанау (ТҚАБ балалар үшін);

2) велосипедпен жүру: басқалардың көмегінсіз қозғалуға үйрету, кеңістікте еркін қозғалуын қалыптастыру; кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру,тіке жәешеңбер бойынша үш дөңгелекті велосипедте (педальдарда табанды фиксациялау және бекіту, баланың арқасын ұстап тұратын, қапсырмасы бар белбеу, қорғауыш шлем), екі дөңгелекті велосипедте ТҚАБ балалар үшін жүру, оңға және солға бұрылулар.

80. Судағы емдік дене тәрбиесі:

1) суда жүзу: арқада жан–жаққа тербелу (енжар) арқылы бұлшық ет тонусын босаңсытуға жаттығулар 2-3 минут, су бетінде ішпен жату қалпында қол мен аяқты айналдыру қозғалысы көмегімен гиперкинездерді басуға жаттығулар орындау білігін қалыптастыру(2-3 минут);

2) ұсақ орында суда отырып және жатып, сүйеніші ұстап аяқпен қозғалыс орындау (жоғары және төмен);

3) қолмен түбінде алға және артқа жүру (аяқтар көлденең созылған) (ТҚАБ балалар үшін);

4) суға иекке, көзге дейін кіру, отырып тұру;

5) суға бетін кіргізу, суға үрлеу.

81. Спорттық ойындар элементтері.

1) баскетбол: екі қолмен кеудеден бір–біріне допты лақтыруға, оң және сол қолмен алып жүруге үйрету (диагнозға байланысты жеке);

2) бадминтон: белгілі бір жаққа оны бағыттап, допты ракеткамен ұруға үйрету (ТҚАБ балалар үшін);

3) футбол: берілген бағытта оң және сол аяқпен допты тебу, допты қақпаға кіргізу, допты бірнеше рет қатарынан қабырғаға ұру, жеке.

82. Өзіндік қозғалыс белсенділгі:

1) кеңістікте бағдарлануын қалыптастыру;

2) өзіне қаратылған сөзді түсінуін, зейін, есте сақтау, қызметін реттеуді дамыту, сөйлеу тілімен бірге жүру дағдысын жаттықтыру;

3) құрдастарымен жарыс ұйымдастыру, олардың ережелеріне бағыну дағдыларын қалыптастыру;

4) әр түрлі түзету құралдары мен спорттық жабдықтарға толы қозғалыс ортасын жасау;

5) түзету, көп нұсқалы ойындар үшін кеңістік ұйымдастыру.

83. Күтілетін нәтижелер:

1) тірек–қимыл аппаратын дұрыс орнату дағдысына ие;

2) жеке бұлшықет топтарындағы гипотрофияның көрінуі азайған;

3) буындардағы қимыл жақсарған;

4) бұлшықет тонусы қалыптандырылған;

5) бұлшық ет–байланыс сезімі қалыптасқан;

6) аяқ пен қолдың сүйеніш реакциялары қалыптасқан.

**3-параграф. 2-жартыжылдық**

84. Құрлықтағы емдік дене тәрбиесі:

1) табанның қимылы мен буындарда, бірігуінде қозмалылықты, қозғалыс нақтылығын қалыптастыру;

2) кеңістікте бағдарлануы мен қозғалыс үйлесімдігін (координациясын) дамыту;

3) алдынан, артынан, басынан жоғары затты бір қолынан екінші қолына ауыстыру;

4) алдынна жәе арқа артынан шапалақ, қол білектерін айналдыру, қол саусақтарын жұму және ашу дағдыларын бекіту;

5) аяғын жоғарыға көтеру, велосипедпен жүрген сияқты аяқтарын қозғалту, арқадан ішке және керісінше ауысу, иығын көтері және төмен түсіру, қолын жан–жаққа жіберу білігін бекіту;

6) арқаннан, гимнастикалық таяқтан, өкше ортасына сүйеніп адымдау;

7) табандарды бүгу, тіктеу, айналдыру.

85. Негізгі қозғалыстар: жүру, жүгіру, секірулер, лақтыру, қағып алу, еңбектеу, өрмелеу, тепе-теңдік, қайта сапқа тұру.

86. Жүру:

1) кеуденің бүйірлік тербелуінен және табандардың алыс қойылуынан шектеуге жаттықтыру;

2) ортопедиялық аяқ киімді қолдану;

3) әр түрлі тәсілдермен жүру білігін бекіту: бағанда біреуден; жұппен; топпен; бөксені жоғары көтерімен; жартылай отырып тұрып; шапалақпен; белгі бойынша қозғалыс бағытын өзгертіп, еңіс тақтайда, бөрнеде.

(Жалғасы 16-бетте)

(Жалғасы. Басы 13-15-беттерде)

87. Жүгіру:

1) қол мен аяқтың сәйкес қозғалысымен, кеуде мен бастың дұрыс қалпын (иықтар аздап алда, бас омыртқамен бір сызық бойында), кеңістікте бағдарлануын қалыптастыру;

2) бағанда біреуден; тізелерді жоғары көтеріп, заттарды аттаумен;

3) бағдарсыз жыллан секілді;

4) 2 минутқа дейін заттар арасынан; кегельдер арасынан бет–бетімен; жүрумен кезектестіріп, белгіленген орынға дейін жылдамдыққа (ТҚАБ балалар үшін) үш бағанға сапқа тұрумен (жолда кегельдерді алу), белгіленген жерге дейін жылдамдыққа кесінділерден жүгіру (ұзындығы 20 метр), тіректі аттаумен;

5) үш бағанға қайта тұрумен, жылдамдаусыз жүгіруге көшумен жылдамдыққа (ТҚАБ балалар үшін) жүгіруін бекіту.

88. Секіру:

1) қозғалыс координациясын дамыту, жамбас белдеуінің және аяқтың бұлшық еттерін қатайту;

2) дұрыс мүсінді, табан бірігуін қалыптастыру, омыртқаның бұлшық ет корсетін қатайту;

3) тыныс алу актін қалыптастыру (оның тереңдігін, ырғағын);

4) бір және екі аяқта құрсау шеңберден секіру білігін қалыптастыру; ұзындыққа бастап жүгіруден, ұзындыққа орнынан, оң жақ бүйірімен екі аяқта, сосын секіріп 180° бұрылу және сол жағымен жалғастыру (ТҚАБ балалар үшін) дағдыларын қалыптастыру.

89. Лақтыру, қағып алу:

1)доппен әр түрлі жаттығуларды координациялы орында алуын бекіту;

2) дұрыс мүсінді қалыптастыру;

3) кеуде мен аяқ–қолдың бұлшық еттерін қатайту;

4) қол білегі мен саусақтарының ұсақ бұлшық ет топтарындағы қозғалыс координациясын дамыту;

5) осы буындардағы қозғалыс амплитудасын үлкейту, көру және есту анализаторларының координациясын жақсарту;

6) реакция жылдамдығын дамыту;

7) затты дұрыс қармауын қалыптастыру;

8) иықтан 3 метр қашықтықтан оң және сол қолмен тігінен нысанаға қапшықты лақтыру дағдысын бекіту;

9) бір қолмен допты еденге ұру және екі қолмен қағып алу.

90. Еңбектеу, өрмелеу:

1) баланың тік және көлденең қалпында әр түрлі қозғалыстарды жаттықтыру, дұрыс мүсінді қалыптастыру;

2) қозғалыстың жан–жақты координациясын, кеңістікте бағдарлана алуын дамыту, тепе–теңдікті ұстауын, жүйке процесстерінің қозғалмалығын дамыту;

3) белгілі бір темпте еңбектеу, аяқ пен қол қозғалысының автоматизациясын;

4) құрсау шеңберді айналдыру, оған кіру;

5) жүрумен кезектесіп орындық арқылы еңбектеп өту;

6) 3-4 доғалар астына еңбектеп кіру;

7) гимнастикалық қабырғада басқа аралыққа өтумен және төмен түсумен өрмелеу;

8) орындықта арқасындағы қапшықпен еңбектеу;

9) баспалдақ бүйіріне қойылған таяқшалар арасынан еңбектеп өту дағдысын бекіту.

91. Тепе-теңдік:

1) ұсақ және ірі бұлшық ет топтарындағы қозғалыс координациясын дамыту;

2) зейін, реакция жылдамдығы, көру зейіні, қозғалыс сәйкестігін дамыту;

3) биік емес заттарға міну және одан түсу білігін;

4) арқанда, жіпте басындағы қапшықпен, бүйірмен, бүйірмен адымдап, баланың екі қадамдық арақашықтығында қойылған, баспа доптардан аттап, гимнастикалық орындықта жүру, қол ұстасып, жұппен айналу білігін бекіту;

5) жоғарылатылған сүйеніште, баспа доптарды аттаумен, көлденең бөрене бойынша жүру мен жүгіру, «Қарлығаш»жаттығуын орындау білігін қалыптастыру.

92. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру:

1) кеңістікте бағдарлану, қозғалыс координациясын, белгіге реакция жылдамдық білігін дамыту;

2) алдында үйренген сапқа тұру мен қайта сапқа тұру тәсілдерін қайталау мен бекіту: жұппен және керісінше, бір бағаннан үш бағанға жүру және жүгіру кезінде, бағаннан бірден бағанға үштен, төрттен.

93. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:

1) өзін–өзі бақылау, статикалық бөгеліп қалуын жою, ақыл–ой қызметін белсендендіру, жалпы сауығу дағдыларын қалыптастыру;

2) музыкалық сүйемелдеуге сәйкес әр түрлі темпте қозғалыстарды орындау білігін бекіту, жұппен шеңбер бойынша қимылдар, жұпқа қосылу және бөлінумен қайта сапқа тұру. «Серіппе» отырып тұрумен басты жан–жаққа еңкейтумен, қол қимылдары бірге бүйірлік адымдау, музыкалық сүйемелдеумен сәйкес әр түрлі темпте қозғалыстар орындай алуын бекіту.

94. Спорттық жаттығулар:

1) шанада сырғанау: түсіп келе жатқанда тежелу, бір–бірін сырғанату, шаналармен төбешікке көтерілу, мұз жолдармен өзі, жүгіріп бастаған соң сырғанау (ТҚАБ балалар үшін);

2) велосипед және самокатпен жүру: оң және сол аяғымен итеріліп, самокатпен жүруге үйрету; өзіндік, сенімді қозғала алуын қалыптастыру.

95. Судағы емдік дене шынықтыру:

1) жүзу: жүзу тәсіліне үйрету қозғалыс бұзылысының түріне байланысты. Спастикалық диплегия және айқын көрінетін аяқ пен қол буындарындағы тығыз қозғалуы бар балаларды арқада қолдарына үрленген қанаттар арқылы үйрету. Бастың тұрақты қалпы болмай зорлану қозғалыстарында үрлемелі жүзу жағаларын қолдану. Атаксиясы бар балалар жүзуге арқада крольмен үйрету;

2) басымен суға кіру білігіне үйрету;

3) бассейн қабырғасынан екі аяқпен екпінді итеру;

4) арқамен және кеудемен сырғанау, суда тыныс шығаруын орындау дағдысын бекіту;

5) балаға ыңғайлы кез-келген тәсілмен жүзуге үйрету.

96. Спорттық ойындар элементтері:

1) баскетбол: кеудеден екі қолмен допты лақтыру;

2) бадминтон: белгілі бір жаққа бағыттап, шарды ұру;

3) футбол: жұппен бір–біріне допты беру, бірнеше рет қатарынан қабырғаға ұру.

97. Өзіндік қозғалыс белсенділігі:

1) қозғалмалы ойындарды балалар өздері ұйымдастыруларына жағдай жасау, үйренген бекіту;

2) серуендеу орнын дұрыс жабдықтай білу.

98. Күтілетін нәтижелер:

1) кеңістікте өз денесінің қалпын түсінеді;

2) тыныштық кезінде де, үш негізгі бағытқа (көлденең, тігінен, ілгерілмелі) қозғалу кезінде де дененің тепе–теңдігін сақтай алады;

3) ересектер көмегімен еңіс бет бойынша жүре алады;

4) заттардан аттап жүре алады;

5) белгілі бір темпте еңбектей алады, қол және аяқ қозғалыстары машықтандырылған;

6) еденде отырып (сырғанату, итеру, лақтыру), айналасындағы заттардың орнын ауыстыра алады;

7) кермені қолмен қармайды және жібере алады;

8) педагог нұсқауымен физикалық жаттығуларды орындай алады.

### 5-тарау. Мектепалды даярлық сыныбы (6-7 (8) жастағы балалар)

### 1-параграф. «Денсаулық» білім беру саласы

99. Мақсат қозғалысты ерікті тежеу қабілетін дамыту, бұлшық ет гипертонусын төмендету, қозғалыс координациясын жақсарту, буындардағы қозғалыс амплитудасын үлкейту, қозғалыс дағдылары мен біліктерін жақсарту болып табылады.

100. Міндеттер:

1) белгілі бір бұлшық ет топтарында компенсаторлы гипотрофияны қалыптастыру (әлсізденген, салданған функцияны өзіне алатын бұлшықет топтарын дамытуды күшейту);

2) тепе-теңдік және кеңістікте бағдарлануын; вестибулярлы және гравитацияға қарсы реакцияларды қалыптастыру;

3) ақаулы екіншілік қозғалыс стереотипін ескерту;

4) әр түрлі қозғалыстарда, ойындарда, тұрмыста қозғалыс тәжірибесіне байыту;

5) дененің, бастың және аяқ–қолдың дұрыс емес қалпы мен қозғалысын ескерту және түзету;

6) қозғалыс кезектілігінде кеңістікте бағдарлануын қалыптастыру;

7) негізгі қозғалыстарды жақсарту арқылы балалардың қозғалыс тәжірибесін байыту.

101. «Дене шынықтыру» сабағының мазмұны, бөлімшелерден құралған және күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттарынан тұратын, оқыту бөлімдерімен ұйымдастырылған.

102. Әр бөлімшенің ішінде кезекпен ұйымдастырылған, оқыту мақсаттары педагогтарға өзінің жұмыстарын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оларды оқытудың келесі кезеңдерінде ақпараттандыруға мүмкіндік береді.

103. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) құрлықтағы емдік дене тәрбиесі. Жүру;

2) қозғала алу және сенімділік;

3) серіктестік және басқару;

4) шығармашылық және ойлау.

104. «Құрғақтағы емдік дене тәрбиесі. Жүру» бөлімі келесі бөлімшелерден құралады:

1) денсаулықты нығайту;

2) физикалық форманы жақсарту.

105. «Қозғала алу және сенімділік» бөлімі келесі бөлімшелерден құралады:

1) қозғалыстар;

2) физикалық қасиеттер.

106. «Серіктестік және басқару» бөлімі келесі бөлімшелерден құралады:

1) командада жұмыс;

2) емдік дене тәрбиесіндегі біліктер мен дағдылар.

107. «Шығармашылық және ойлау» бөлімі келесі бөлімшелерден құралады:

1) ойындағы шығармашылық қабілеттер.

108. «Құрғақтағы емдік дене тәрбиесі. Жүру» бөлімінің мазмұны келесіні қарастырады:

1) денсаулықты нығайту:

қолды көтеру дағдысын бекіту: білектер зорланбайды, жұдырықы жұмбайды, бас орташа сызықта; білектер бір–біріне келтірілмейді, бас артқа шалқаймайды. Гемипарез кезінде педагог әлсізденген қолмен жаттығу орындауда көмектеседі;

тепе–теңдік және тұрақты қалып; кеуде мен аяқ бұрылу (жамбас қозғалмайды); тізелер бүгілмейді, бөксе келтірілмейді (қажет болса аяқтарды құмы бар қапшықтармен фиксациялау) дағдыларын қалыптастыру;

заттармен және оларсыз түзету жаттығуларын орындау білігін бекіту: көтеру, ажырату, бүгу, ию, бір уақытта және әр түрлі темпте кеуде және аяқпен қозғалыс орындаған кезде қолдарды айналдыру;

әр түрлі бастапқы қалыпта кеудені айналдыру;

қолды жан-жаққа жіберіп отырып тұру;

ішпен жатып, бір уақытта (кезекпен) аяқты көтеруімен, аяқты көтерумен, айқастырумен; қарыннан арқаға және керісінше айналу;

иілу; оңға-солға бұрылу, жан-жаққа, алға әр түрлі бастапқы қалыпта еңкею;

алға, артқа, жан–жаққа қолдың әр түрлі қалпымен қозғалыс жасау, орнында, бүйірлік адыммен;

аяқ ұшымен, өкшеде аттау;

2) физикалық форманы жақсарту:

әр түрлі дене бөлігіне, жеке бұлшық ет топтарына, буындарға, байланыстар және жағдайларға (бұлшық еттің босаңсуы, созылуы) түзету жабдығын, заттарды қолданумен физикалық жаттығу орындай алуын жақсарту;

шанада сырғанау: төбешікке шанамен міне алуын; түсіп жатқанда тежелуін; мұз жолда өзі сырғанай алуын жақсарту;

велосипед, самокатпен жүру, оңға және солға бұрылып, тік және шеңбер бойыша екі дөңгелекті велосипедте жүре алуын жақсарту;

суда жүзу: арқада бір жақтан екінші жаққа тербелу (енжар) жолымен бұлшық ет тонусын босаңсытуға жаттығу (2-3 минут), су бетінде ішпен жатып қол мен аяқтың айналдыру қозғалысы көмегімен гиперкинездерді өшіруге жаттығулар (2-3 минут) орындауын жақсарту, суда таяз орында отырып және жатып жаттығу орындау дағдысын, аяқпен қозғалыстарын (жоғарыжәнетөмен), су түбінде қолмен алға және артқа жүру (аяқтар көлденең созылған), отырып тұрып су ішіне иекке, көзге дейін кіру, суға бүкіл бетін кіргізу, суға үрлеу;

таза ауада физикалық жаттығуларды орындау;

ойынның дамуына әсер ететін, әр түрлі жабдықтармен және спорттық құралдарға толы қозғалыстық орта жасау;

көп нұсқалы ойындарға арналған орын ұйымдастыру;

құрдастарымен жарысты ұйымдастыру, олардың ережелеріне бағыну дағдыларын қалыптастыру.

1-кесте

| Бөлімше | Оқыту мақсаттары |
|---|---|
| 1.1 Денсаулықты нығайту | 0.1.1.1 заттармен және затсыз түзету жаттығуларын орындау |
| 1.2 Физикалық форманы жақсарту | 0.1.2.1 меңгерілген дағдыларды жақсарту және жаттығуын жоғарылату үшін біртіндеп жүктемені өсірумен физикалық жаттығуларды орындау. |

109. «Қозғала алу және сенімділік» бөлімінің мазмұны келесіні қарастырады:

1) қозғалыстар:

алдында үйренген қозғалыстарды қайталау, қозғалыс дағдыларын бекіту және жақсарту;

жүру: табан бірігуін қалыптастыру; омыртқаның бұлшық ет корсетін қатайту; дұрыс мүсінді қалыптастыру, қозғалыс координациясын жаттықтыру; кеңістікте бағдарлана алуы, денені артық зорлаудан, жасқанудан босату; табиғи қозғалыстардың оңтайлы дағдыларына тәрбиелеу, аяқ ұшымен, қарапайым адыммен, түрлі қол қалпымен; жартылай отырумен; отырып тұрумен; арқамен; жартылай отырып тұрумен; шектеуллі бетімен; белгілі бір қалыпта тоқтаумен , жабық көздерімен жүру дағдысын бекіту;

жүгіру: кеуде мен бас қалпын (иықтар сәл алда, бас омыртқамен бір сызық бойында), қол мен аяқ үйлесімділігін (қолды кеудеге жабыстырмау), кеңістіктікте бағдарлануын өзіндік бақылауын бекіту,қарапайым орын ауыстыру дағдыларын бекіту; кеуде мен аяқ–қол бұлшық еттерін қатайту; мүсінді, тыныс алу функциясын, қан айналымын жақсарту; психикалық және қозғалыс процесстерінің жан–жақты координациясы. Аяқ ұшымен; аяқты артқа бүгіп, тік аяқты алға лақтырып, тізені жоғары көтерумен, тар және кең адымдармен жүгіруды бекіту. Әр түрлі бастапқы қалыпта (ТҚАБ балалар үшін), бағанда біреуден, екеуден, түрлі бағытта, әр түрлі тапсырмаларды орындаумен, заттарды аттаумен; айналып тұрған скакалка астымен; 2-3 мин. дейін үздіксіз, орташа жылдамдықпен (2-4 рет жүрумен кезектестіріп) жүгіру; қайталамалы жүгіріс, жарыса жүгіру;

секіру: қозғалыс координациясын, тепе–теңдік сезімін дамыту; аяқтың байланыс–бұлшық ет аппаратын қатайту; табанның рессорлы функциясын жақсарту. Орында секіру, шеңбермен айналып; аяқ арасында зат қысып, алға жылжумен; қатты отырып тұрудан жоғарыға; орында және бала қолынан 25-30 см жоғары ілінген затқа жету мақсатымен; орнынан ұзындыққа; жүгіріп биіктікке; скакалкадан (ТҚАБ балалар үшін); құрсау шеңбер арқылы; сызықтан, жіптерден бір аяғымен (алға, артқа, жан-жаққа алға жылжумен (ТҚАБ балалар үшін) секіру білігін бекіту;

еңбектеу, өрмелеу: координация сезімін жаттықтыру және көлденең жағдайда еңбектеу кезінде қозғалыс ептілігін дамыту, еңбектеуге жаттығулар тіктену сипатындаы қозғалыстармен үнемі үйлеседі.Гимнастикалық орындықта еңбектеуін бекіту: аяқ және қолмен (гемипарезі бар балаларға жеке, білекті фиксациялауға арналған аарнайы құралдарды қолданумен), ішпен және арқада, қолмен тартылып және аяқпенитеріп, заттар арасымен «жылан секілді». Заттар астына еңбектеп кіру, қатарынан бірнеше рет олардың арасынан бірнеше тәсілдермен өту (заттар биіктігі 45–50 см);

лақтыру, қағып алу: ептілікті, қырағылықты, көз мөлшерін, қозғалыс координациясын дамыту; қолдың, иық белдеуінің, кеуде бұлшық еттерін қатайту; түрлі бастапқы қалыптан допты алға, жоғарыға, жерге лақтыруын, екі қолмен, бір қолмен, бастан жоғары қағып алуын бекіту. Допты заттар арасынан айналдырып өткізу. Допты бір–біріне отырып төменнен; тодан лаақтыру. 5-15 м кем емес қашықтыққа лақтыру;

тепе-теңдікке жаттығу: тепе-теңдік сезімін, қозғалыс координациясы мен жылдамдығын дамыту. Арнайы сызық бойында, әр түрлі қол қалпымен жүргенде тепе-теңдік сақтай алу; гимнастикалық орындықта бүйірлік адымдап жүру; отырып тұруды орындау; айналып бұрыла алу және гимнастикалық орындықта жүруды жалғастыру; аяқты жоғарыға көтеріп және шапалақтай отырып жүру; еңіс тақтайда (ені 10-15 см, биіктігі 40 см) әр түрлі қол қалпымен тік және бүйірмен жүру білігін жақсарту;

сапқа тұру, сапқа қайта тұру: кеңістіктік түсініктерін бекіту. Нұсқаушы көрсеткен бағдарда белгілі бір бағытта жүру дағдысын жақсарту; бағанға, сапқа, шеңберге біреуден өзіндік тұруын; бір қатардан екіншісіне өтуін бекіту; бағанға, бір шеңберден бірнешеуіне (2-3) екіден, үштен, төрттен жүріп қайта тұру;

2) физикалық қасиеттер:

ептілікті дамыту үшін: әрлі форма, фактура, салмақтағы заттармен жаттығулар, бірнеше қатысушының үйлескен қимылдарымен орындалатын, қозғалыстың темпі мен ырғағының өзгерісі;

күш қасиетін дамыту үшін: негізгі бұлшық ет топтарын: арқа, кеуде, иық белдеуі, қарын және аяқтарды қатайтуға жаттығулар;

икемділікті дамыту үшін: бұлшық ет топтарын созуға жаттығулар. Буынды созып алғанда тұрақтандыру. Егер жаттығу тіктену немесе бүгілуді қосса, бұрылу және айналу қозғалыстарын қосуғаболмайды;

шыдамдылықты дамыту үшін: кеудені жерден көтеру, тартылу, отырып тұру, айналдыру, жүгіру, жүзу;

көз мөлшерін дамыту үшін. Қандай да бір құралсыз көзбен арақашықтықты анықтай алуын қалыптастыратын жаттығулар.

2-кесте

| Бөлімше | Оқыту мақсаттары |
|---|---|
| 2.1 Қозғалыстар | 0.2.1.1 орында және қозғалыста орын ауыстыру түрін орындау |
| | 0.2.1.2 жүру және жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды кезектестіру, қарапайым физикалық жаттығулармен үйлестіру |
| | 0.2.1.3 гимнастикалық орындықта, еңіс тақтайда жүргенде тепе–теңдік сақтау |
| | 0.2.1.4 әр түрлі секірулерді, өзгерген жағдайдағы секіруді орындау |
| | 0.2.1.5 өрмелеу, қайта өрмелеу, еңбектеу түрлерін орындау |
| | 0.2.1.6 алысқа, көлденең және тігінен нысанаға лақтыру |
| | 0.2.1.7 допты айналдырып жүру, допты лақтыру және қағып алу, еденге сол және оң қолмен ұру, бастан жоғары екі қолмен және кедергіден бір қолмен лақтыру |
| 2.2 Физикалық қасиеттер | 0.2.2.1 физикалық қасиеттерді көрсету: ептілік, күш, әр жылдамдық пен реакция |
| | 0.2.2.2 құрдастарының аздаған тобымен таныс ойындарды ұйымдастырғанда тәуелсіздік пен қызығушылығын дамыту |
| | 0.2.2.3 кеңістікте бағдарлануын, уақытпен бағдарлануын, берілген қалыпта және жүру кезінде, жоғарыға және төменге орындықта, бөренеде жүргенде тепе–теңдік сақтай алуын дамыту |

110. «Серіктестік және басқару» бөлімінің мазмұны келесіні қарастырады:

1) командада жұмыс:

командалық спорттық ойындар элементтері;

баскетбол: көзмөлшерін, қырағылықты, ірі және ұсақ бұлшық ет топтарындағы қозғалыс координациясын, реакция жылдамдығын дамыту; табиғи қозғалыстардың оңтайлы дағдыларын жаттықтыру;

бір-біріне допты беру дағдысынбекіту; жүгіріп және қадамдап, оң және сол қолмен допты алып жүру (ТҚАБ бар балаларға арналған), допты себетке лақтыру;

футбол: қозғалыс координациясын дамыту; аяқтың және кеуденің бұлшық ет-байланыс аппаратын бекіту; қырағылықты, реакция жалдамдағын жаттықтыру; белгі бойынша тату әрекеттену білігін дамыту (тежелу реакциялары), оң және сол аяқпен футбол добын айналдыруды; орында және қозғалыста жұппен бір-біріне допты беру; оны заттардың айналасынан алып жүруін; допты тоқтатуын; қақпаға кіргізуін бекіту;

2) емдік дене тәрбиесіндегі біліктер мен дағдылар:

түзету жаттығуларын затпен және затсыз; дененің әр бөліктеріне; бұлшық ет топтарына, буындарға, байланыстар мен жағдайларға (бұлшық еттің босаңсуы, тартылуы); түзету жабдығын қолданумен орындай алады;

жаңа қозғалыс әркеттерін орындайды, оларды көмекпен орындай алады, қозғалысты өзіндік орындауға қызығушылық танытады.

3-кесте

| Бөлімше | Оқыту мақсаттары |
|---|---|
| 3.1 Командада жұмыс | 0.3.1.1 командалық ойынның тәсілдері мен рөлдерін қолдану |
| | 0.3.1.2 әділ ойын мен әділ соттың белгілерін анықтау |
| 3.2 Емдік дене тәрбиесіндегі біліктер мен дағдылар | 0.3.2.1 түзету жаттығуларын затпен және затсыз; дененің әр бөліктеріне; бұлшық ет топтарына, буындарға, байланыстар мен жағдайларға, түзету жабдығын қолданумен орындай алады. |

111. «Шығармашылық және ойлау» бөлімінің мазмұны келесіні қарастырады:

1) ойындағы шығармашылық қабілеттер:

таныс қозғалмалы ойындарды ұйымдастыра алады;

берілген сюжеттерге педагог көмегімен ойындар ойластырады;

эстафета ойындары, көңіл көтеретін ойын, аттракциондарды ұйымдастыру арқылы шығармашылық қабілеттерін көрсетеді.

4-кесте

| Бөлімше | Оқыту мақсаты |
|---|---|
| 4.1 Ойындағы шығармашылық қабілеттер | 0.4.1.1 ойындарда шығармашылық қабілеттерді дамыту, ойын нұсқаларын ойлап табу, қозғалыстарды үйлестіру |
| | 0.4.1.2 таныс қозғалмалы ойындар мен жаттығуларды өзі өткізу |

112. Күтілетін нәтиже:

1) тепе-теңдік дағдысы қалыптасқан және қалып тұрақтандырылған;

2) кеңістікте бағдарлана алады, денені артық зорланудан, бөгеліп қалудан босата алады;

3) омыртқа бұлшық еттері қатайған;

4) бас және кеуде қалпын бақылай алады;

5) табаның рессорлы функциясы жақсарған;

6) бұлшық ет жүйесін қалыпты тонусқа келтіру, дамымаған және әлсізденген бұлшық етті қатайту;

7) буындардағы қозғалыстарды жақсарту;

8) координацияланған функциялар дағдысы, тепе-теңдік ұстай алу білігі қалыптасқан;

9) дене қалпын өзі өзгерте алады (тұру, отыру, қозғалу);

10) қозғалыс белсенділігінің өзіндік дағдысы қалыптасқан (қозғалмалы ойындар, реакцияларды дамыту);

11) спорттық ойындар мен жаттығулар элементтеріне ие;

12) қозғалмалы ойындарда ойын ережесін сақтайды;

13) меңгерген біліктер мен дағдыларды күнделікті өмірде қолданады.

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №721 бұйрығына 6-қосымша*

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына 7-қосымша*

## Дамуында күрделі бұзылыстары бар балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

### 1-тарау. Түсіндірме жазба

1. Дамуында күрделі бұзылыстары бар балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 және 14-баптарына сәйкес әзірленді.

2. Бағдарламаның мақсаты-баланың жас ерекшелігіне, мүмкіндігі мен қабілеттілігіне сәйкес арнайы түзете-компенсаторлық және әлеуметтік ортаға бейімделу біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру, әртүрлі оқу әрекеті, ойын, тұрмыстық әрекетке өздігімен қатысуға, әлеуметтік жағдайларға бейімделуге даярлау.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) өзінің органикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, әлеуметтік ортаға тән мінез-құлық пен дұрыс қарым-қатынас орнатуға үйрету;

2) әртүрлі формадағы коммуникативті дағдыларды қалыптастыру және дамыту (қалдық есту бар балалар үшін ауызша сөйлеу тілі, заттар-белгілер арқылы, дактильді-байланысты сөйлеу, ым-ишараттық сөйлеу); вербалды және вербалды емес құралдармен қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастыру;

3) сезіну тәжірибесін, қоршаған орта туралы білімдерін молайту, шынайы өмірге сәйкес бейнені қалыптастыру; кеңістікте бағдарлана алу; қимыл-қозғалыс, ұсақ моторика және сипап сезуді дамыту;

4) жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру; баланың қимыл белсенділігімен байланысты қоршаған ортаны белсенді тану процесіне баланы қосу;

5) заттарды кезең бойынша зерттеу жолы арқылы шығармашылық әрекет процесінде шынайы әлемнің бейнесін қалыптастыру; заттық түсініктерін жалпылау және нақтылау, дәйіктілігін айқындау.

4. Бағдарлама дамуында күрделі кемістігі бар баланың спецификалық ерекшеліктері мен жалпы даму заңнамасын есепке ала отырып құрастырылған және психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, оңалту орталықтары, әлеуметтік үйлер, арнайы мектепке дейінгі мекемелер, үй жағдайында оқытуды ұйымдастыру және жеке дамыту бағдарламасын (бұдан әрі-ЖДБ) құрастыру барысында қолдануға болады.

5. Бағдарламаның мазмұны дамуында күрделі бұзылыстары бар баланың дене және психикалық дамуының жас ерекшелік кезеңдерін есепке алады:

1) 1-деңгей-2-4 жас;

2) 2-деңгей-4-6 жас;

3) 3-деңгей-6-7 (8) жас.

6. Жоғарыда берілген даму деңгейлері баланың нақты жасымен шектелмейді, ол маманнан кеңес алу сәтінен бастап даму деңгейіне байланысты болады.

### 2-тарау. 1-деңгей (2-4 жас)

### 1-параграф. «Денсаулық» білім беру саласы

7. «Денсаулық» білім беру саласының базалық мазмұны дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметі арқылы жүзеге асырылады.

8. Мақсаты-дене дамуындағы жетіспеушілігін түзеу; қоршаған ортаны тану мүмкіндігіне сай белсенді қоршаған ортаны тану процесіне қосу; кеңістікте қозғалу барысындағы қорқынышты жеңуге, теріс қимыл дағдыларына жол бермеу; сақталған анализаторлардың негізінде қажетті білік пен дағдыны қалыптастыру; дене дамуындағы ауытқушылықты түзету және компенсациялау.

9. Міндеттері:

1) моторлық мүмкіндіктерін айқындау, оны жаттықтыру, нығайту және ынталандыру;

2) сақталған анализаторлар қызметтерінің негізінде қимыл сфераларын түзеу, қажетті білік пен дағдыны дамыту және қалыптастыру;

3) қимыл стереотип пен кеңістікте қозғалу барысындағы қорқынышты жеңу бойынша жұмыс жасау.

### 2-тарау. 1-жартыжылдық

10. Дене шынықтыру.

11. Моторлық мүмкіндіктерін айқындау, оны жаттықтыру, нығайту және ынталандыру:

1) ұсынылатын сүйеніштердің көмегімен отыру қалпында тепе-теңдікті сақтауға үйрету;

2) отыру қалпынан өздігімен еденнен тұрып, жиһазды (әртүрлі пішіндегі) айналып өтуге, қол және тіземен еңбектеуге үйрету;

3) сүйеніш ретінде жиһаздар заттарын қолдануға үйрету;

4) әртүрлі биіктіктегі сүйеніштермен қозғалуға үйрету;

5) сатыға немесе төмен баспалдақтарға еңбектеп түсуге және көтерілуге үйрету;

6) биік емес заттарға шығу және түсуге, отырып-тұруға, еңкеюге, үйрету;

7) секіргіш креслода ересек адам баланы тізесіне отырғызып тербеткенде,ересек адаммен бірге отыру қалпында секіру барысында өз сезімдерін дамытуға ынталандыру;

8) баланың моторлық мүмкіндіктерін айқындау, қимыл мен қалыптың стереотиптік патологияның танылуына қарсы әрекеттер жасау.

12. Моторлық дағдыларын қайта қалпына келтіру, өз денесін саналы түрде түсіну мен қабылдауын дамыту үшін «базалды ынталандыру» әдісін қолдану:

1) вибрациялық базалды ынталандыру тәсілін қолдану: «базалды ынталандыру»-бұл балаға жеке денесін сезінуге көмектесу мақсатында қарқынды тітіркендіргіштермен кешенді педагогикалық ықпал ету әдісі. Пайдаланылатын тітіркендіргіштер өте қарапайым болады және минимумға дейін қысқартылады: тактильді (жанасу, құшақтау); вестибулярлық (дененің бөлек бір бөліктерін шайқау және аудару, жоғары-төмен қимылдау, кейбір қимылдарды жылдамдату-азайту); дірілдік (тербелу, қысым жасау);

2)дірілдейтін жастықтар, ойыншықтар, камертондар көмегімен ауаның қозғалысын сезуін дамыту. Вибрациялық ынталандыру қатты жазықтықта «арқасымен жату» қалпында орындалады. Мөлшері әрбіріне жеке болуы. Вибрациялық жүйені сүйек жүйесіндегі мына органдарға қолданады: саусақ бүйлері, білектік және шынтақтық сүйектер, қолдың шынтақтық, сәулелік және иықтық сүйектері; зеңдік, зеңалды, сандық, балтырлық аяқ сүйектері: қабырғалық доғалар.

13. Сақталған анализаторлар негізінде қимыл-қозғалыс саласын түзетуге бағытталған әрекеттер:

1) қалыпты жағдайдан ауытқуы бар мінез-құлық стереотиптері әдетке айналмай тұрғанда, қалыпты сенсомоторлы дағдыларды дамыту;

2) баланың жауап реакциясын күту;

3) баланың белсенділігін жоғарлату мақсатында басшылық жасауды біртіндеп азайту;

4) белсенді автоматтық қимыл реакцияларын ынталандыру;

5) тепе-теңдікті сақтауға үйрету, басын дұрыс ұстау арқылы тұру дағдысын меңгерту.

14. Үйретілетін біліктер:

1) баланы отырғызу және оның кеудесін отыру қалпында ұстау: кереуетте, үстел басында, аяқтарын төмен түсіріп орындықта отырғызу;

2) бірнеше амалдар арқылы кілемнің үстіне отырғызу;

3) аяғында дұрыс тұру;

4) баланы сүйеп жүргізу;

5) тіреп жүргізу (коляскаға, жүргізгішке);

6) тегіс және еңкіс жазықтықтарда жеке жүруін жаттықтыру (кілем, жол, еден, еңкіс тақтайлар үстінде);

7) табиғи кедергілерден өтуді үйрету: төбе, ор;

8) еденде жатқан заттар арқылы адымдап жүруді үйрету (арқан, таяқ, құрсау шеңбер).

15. Қимыл-қозғалыс саласын, сақталған анализаторлар негізінде қажетті білік пен дағдыны қалыптастыру және дамыту:

1) қалыпты жағдайдан ауытқуы бар мінез-құлық стереотиптері әдетке айналмай тұрғанда, қалыпты сенсомоторлы дағдыларды дамыту;

2) баланың жауапты реакциясын күту;

3) баланың белсенділігін жоғарлату мақсатында басшылық жасауды біртіндеп азайту;

4) белсенді автоматтық қимыл реакцияларын ынталандыру;

5) тепе-теңдікті сақтауға үйрету, басын дұрыс ұстау арқылы тұру дағдысын меңгерту.

16. Күтілетін нәтижелер:

1) жуыну процесіне, өз бетін және қолын жуу және сүрту процесіне қатысу;

2) кеңістікте өз дене бөліктерін саналы түрде түсінеді;

3) өз дене мүшелерін ажыратады және оның қызметін біледі;

4) тыныш қалпында тепе-теңдікті сақтай біледі (балалардың церебралды сал ауруы(бұдан әрі-БЦСА) болғанда мүмкіндігінше);

5) ұсынылатын сүйеніштердің (тұтқаны, орындық, доп) көмегімен отыру қалпында тепе-теңдікті сақтауға үйрету;

6) отыру қалпынан өздігімен еденнен тұрып, жиһазды (алуантүрлі пішіндегі) айналып өтуге, қол және тіземен еңбектеуге үйрету;

7)әртүрлі биіктітегі сүйеніштермен қозғалуға үйрету;

8) сатыға немесе төмен баспалдақтарға еңбектеп түсуге және көтерілуге үйрету;

9) биік емес заттарға шығу және түсуге, отырып-тұруға, еңкеюге үйрету;

10) секіргіш креслода ересек адам баланы тізесіне отырғызып тербеткенде, ересек адаммен бірге отырған қалпында секіру барысында өз сезімдерін дамытуға ынталандыру.

### 3-параграф. 2-жартыжылдық

17. Дене шынықтыру.

18. Моторлық мүмкіндіктерін анықтау, жаттықтыру, нығайту, ынталандыру:

1) екі аяқпен секіруге, баспалдақтан атап өтуге, сырғанақтан сырғанауға;

2) тұру қалпында тепе-теңдікті сақтауға үйрету;

3) шынтаққа сүйеніп ішпен жату қалпында сурет салуға үйренеді;

4) биік емес заттардан шығу және түсуге, отырып-тұруға, еңкеюге үйрету;

5) баспалдақ бойынша әрбір баспалдықты басып түсу, кедергілерден айналып түсуге үйрету;

6) сүйенішпен бір аяқпен (оң және сол жақ), екі аяқпен тұру қалпында қимылдың үйлесімділігін дамыту;

7) саусақтардың ұштарымен (көмегімен) жүру білігін үйрету.

19. Қимыл-қозғалыс саласын түзету, сақталған анализаторлар негізінде қажетті білік пен дағдыны қалыптастыру және дамыту:

1) қалыпты жағдайдан ауытқуы бар мінез-құлық стереотиптері әдетке айналмай тұрғанда, дұрыс сенсомоторлы дағдыларды дамыту;

2) баланың белсенділігін жоғарлатуды жалғастыру, белсенді автоматтық (жылдам) қимыл реакцияларын ынталандыруын жалғастыру;

3) жеке денесін қабылдау мен сезінуін дамытуға, моторлық дағдыларын қалыптастыруға арналған «базальді ынталандыру» әдісін пайдалану;

4) соматикалық базальды ынталандыру тәсілін әрі қарай қолдану;

5) вестибулярлы базальды ынталандыру тәсілін әрі қарай қолдану;

6) дененің тұрған қалпындағы және көлденең жазықтықтағы дене қозғалысы (оңға-солға); тік жазықтықтағы қозғалыс (жоғары-төмен); кіру-қайту қозғалыстар (алға-артқа) қозғалыстағы үш бағытта тепе-теңдікті сақтауды дамыту. Вестибулярлық ынталандыру денені және оның кейбір бөліктерін тербету көмегімен жүзеге асырылады. Бала басының айналуы, жүрегі айнуы, қайта қозуын алдын алу үшін бала денесінің өзгерісі барысында сүйеніштерді пайдаланып, айналмалы қозғалыстардан аулақ болады. Жаттығулардың ұзақтығы жеке анықталады, сондай-ақ сабақтың үштен бір бөлігі демалуға арналады.

20. Қолданылатын жаттығулар: жәй бұрылулар және басын ию; эмбрион қалпында тербелту; денесін жанына қарай бұру; арқадан ішке қарай бұр; денені жан-жағына қарай бұру; қолын және аяғын сілкілеу; қол буындарын және табанын сылап-сипау; денені көлденең қалыпқа түсіру; тізеде, гимнастикалық допта, гамакта тербелу.

21. «Базальды ынталандыру» әдісін қолдану: вибрациялық базальды ынталандыру амалдарын пайдалана отырып, дірілдейтін жастықтар, ойыншықтар, камертондар көмегімен ауаның қозғалысын сезуін дамыту. Дірілдік ықпалдар омыртқаға және бас сүйектеріне жасалмайды.

22. Үйретілетін біліктер:

1) қалыпты жағдайдан ауытқуы бар мінез-құлық стереотиптері әдетке айналмай тұрғанда, дұрыс сенсомоторлы дағдыларды дамытуды жалғастыру;

2) статикалық кеңістікте баланың әрекетін ұйымдастыру;

3) күнде баланың қолын, бетін жуу, шашын тарау;

4) бірлескен әрекеттермен кранды ашып, жабу, қолын жууда жеңін қайыру, қолдарын су астында ұстау, қолын кепкенше сүрту, қолын жуып болған соң жеңін түсіру;

5) баланы отырғызу және оның денесін отырған қалыпта ұстау: кереуетте, үстел басында, орындықтан аяғын түсіріп;

6) басын дұрыс ұстап тұруға дағдыландыру, қалпын сақтауға үйрету.

7) қалыпты сақтау үшін ықпал ететін табандар арасына білікше орналастырады, мұнда қолдар тепе-теңдікті сақтау үшін пайдалану.

158. Коммуникацияның белгілер жүйесін меңгеру бойынша күтілетін нәтижелер:

1) коммуникацияны белгілік құралдарын қатынаста белсенді қолдану;

2) қайда? қашан? қандай? деген сұраққа заттардың (адамдардың) бағытын, қасиетін орналасқан орнын сипатай алады;

3) «Иә»/«Жоқ», мысалы, «Қуыршақты алуға бола ма?» жауабын талап ететін сұраққа әрекетті, орналасқан орны туралы сұрақтарды қолданады;

4) «сөйлеуші батырманың» көмегімен сөздік хабарлама, сөз немесе ым арқылы бөлме ішіндегі отбасы мүшелері, жақын таныстарымен сәлемдеседі, қоштаса алады;

5) сөздік қатынас және нұсқаушы ым негізінде ересек адамның өтінішін орындайды: «Маған бер.....және » (бөлмеде бар 4 заттан 2 затты табу);

6) бір затқа қарасты («Қуыршақты ал, тамақтандыр, төсекке жатқыз»); үш затқа байланысты екі сатылы нұсқау ( «Қуыршақты төсекке жатқыз және бөтелке бер») үш сатылы нұсқауды түсінеді және орындайды;

7) заттардың күйі, белгісіне қарасты нұсқауды түсінеді және орындайды: екі заттан – кіші және үлкен – оның ішінен үлкен, кішіні таңдау; ым-ишараттық және сөздік өтініш бойынша затты басқа затқа салу; топтан бірдей затты таңдау: «осындай», «ондай емес»;

8) ым-ишараттық-сөздік тұрғыдағы мақтау мен мадақтауды түсіндіруді жалғастыру; таныс, қайталанатын оқиғаларды қарапайым түрде айтып береді;

9) бір-екі фигура түріндегі сюжеттік картинканы түсінеді: «Ваня және Таня серуенге шығу үшін киініп жатыр»;

10) келбеті мен дене бөлігін, ойыншықтарды, азық-түлікті,киімдер, аяқ киімдер, көліктер, жануарлар, адамдардың кәсібін, ауа райының негізгі күйін; ересек адамның сұрағына жауап беру кезінде тұрмыстық жағдаяттарды, әрекеттерді, кейбір белгілер мен күйлерді ым-ишараттық (сурет немесе сөйлеу тілі) белгілеуге талпынады;

11) «Қалың қалай?», «Үйде не істедің?», «Кім сені әкелді?», «Сен қуыршақпен ойнайсын ба?», «Не қалайсын?»; деген қатынасқа ½ ым-ишараттық және сөзбен жауап береді;

12) «Мен», «Сен», «Ол», «Менікі», «Сенікі», «Маған», «Саған»сияқты ым-ишарат/сөздерді түсінеді және ажыратады;

13) қажетті коммуникациялық құралдармен диалогқа түседі және аяқтайды.

159. Сөйлеуді дамыту(баланың ауызша сөйлеу тілін дамыту және қалыптастыру):

1) сөздік материалды (педагогпен бірге, педагогтан кейін) бейнелейтін-ілесетін сөздермен айтып беру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру;

2) баланы барлық сабақтарда, тұрмыста бейнелейтін-ілесімді сөздер мен сөз тіркесін айтуға үйрету;

3) баланы сабақта және тұрмыста ауызша сөздерді (бер, ал, көрсет, көмектес) айтуға үйрету;

4) сабақ пен тұрмыстық жағдайды (жуу, қолды сүрт, дәретханаға барыңыз) ұйымдастырумен байланысты нұсқаулықтарды түсінуге және орындауға үйрету;

5) көру-есту арқылы қабылдау кезінде таныс сөздер мен сөз тіркесін жақсы ажыратуға үйрету;

6) күнтәртіп сәттерін және сабақ процесінде педагогтың көмегімен «Бұл не? Мұнда не бар?» сұрағын қолдануға (ауызша және карточка бойынша), заттардың атын айқындау;

7) қысқа сөз тіркестерін және сөздерді бейнелі айтуын немесе өздігімен әрекеттенуін қалыптастыру ;

8) ауызша нұсқаулықтарды (бұйрық райдағы етістікті қолдану) түсінуге және орындауға үйрету: «Бер, берд оп (алма…), басты көрсет (аяқ,қол), шаршыны ал (қуыршақты )»;

9) ашық райдағы етістікті қолдануы бар сөйлемді түсіну және ажыратуға үйрету: «Аю құлады»,«Бала жүгіріп барады». Суреттегі бейнеленген әрекетті көрсету.

160. Сөздік материал (сабақтар мен тұрмыста қолданылады): жуу, сүрт, маған кел, бар серуенде, ал, көрсет, қой, сөйле, жабыстыр, сурет сал, жүгіреді, жейді, ішеді, жүріп келеді, отыр; апа, (атай), ата, аға, ұл, қыз; сүт, компот; қияр, қызанақ; апельсин; пальто, тон, қалпақ, қолғап, орамал, шұлық; етік, пима; бас, қол, аяқ, көз, құлақ, ауыз, мұрын; сиыр, ат, үйрек, әтеш, қоян, түлкі, қасқыр, көбелек, қоңыз; кесе, тәрелке, қасық; үстел, шкаф, орындық, төсек; қыс, суық, қар (жаңбыр) жауды, көктем, күн жарқырап тұр, жел соғым тұр, жылы, шөп,гүл, жапырақ, үлкен, кіші, таза, кір, қызыл,жасыл, көк, сары, тәтті, дәмді. Қайда? Қандай? Не бар? Жуу (сүрт) қолыңды (аяғыңды..). Тәте (мама),бер (ал) доп (қуыршақ, қоян). Аяғыңды көрсет (көз, құлақ, ауыз). Қасықты қой (қалпақты…). Ұл ( қыз) жүгіреді (отыр, құлады).

161. Үйретілетін біліктер:

1) дауыс ырғақ күшін өзгертіп (қатты-жай) сөздер буындарды айту;

2) сөйлеу мүшелерінің қимылын және ірі қимылдардағы ырғақ сезіміне тәрбиелеу, ырғақпен жұмыс: айтылған сөздің қолмен үйлесімділігі (шапалақтау);

3) жүрумен сөздің үйлесімділігі;

4) әуен мен сөйлеу тілін ажырату;

5) дем алу мен дауысты дамыту үшін дауссыз дыбысы жоқ күрделі сөз қолданылады.

162. Күтілетін нәтижелер:

1) бейнелеуші ілеспелі айта алады;

2) барлық сабақтарда, тұрмыста сөздер мен сөйлемдерді айта алады;

3) сөздер айтады (бер, ал, көмектес, көрсет);

4) сабақ пен тұрмыстық жағдайды (жуу, қолды сүрт, дәретханаға барыңыз) ұйымдастырумен байланысты нұсқаулықтарды түсінеді және орындайды;

5) көру-есту арқылы қабылдау кезінде таныс сөздер мен сөз тіркесін жақсы ажыратады.

## 7-параграф. «Таным» білім беру саласы

163. «Таным» білім беру саласының базалық мазмұны келесі ұйымдастырылған оқу қызметтерінде жүзеге асырылады: сенсорика, кеңістікте бағдарлай білу, жаратылыстану, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, құрастыру.

164. Мақсаты – сенсорлық емес психикалық функциялармен бірге сақталған анализаторлардың негізінде баланың танымдық қабілетін дамыту және түзету.

165. Міндеттері:

1) озаттардың мәнді белгілерін ерекшелеу, салыстыру, бақылау біліктілігін қалыптастыру негізінде танымдық тәжірибесін молайту;

2) түсінік қалыптастыру мақсатында заттар туралы білімдерін жалпылау және топтастыру амалдарын үйрету;

3) перцептивті әрекетті қалыптастырудың негізі ретінде заттық-тәжірибелік әрекетті дамыту;

4) кеңістікте бағдарлану дағдыларын дамыту.

## 8-параграф. 1-жартыжылдық

166. Сенсорика.

167. Иіс пен дәм сезуді дамыту:

1) қарапайым иістерді ажыратуға үйрету;

2) қолданылатын тамақтар әртүрлі дәмде болатыны туралы білімдерін бекіту (тәтті кәмпит, қышқыл алма);

3) ас азық-түлікке тән иістерді ажыратуға үйрету;

4) бірнеше иістерден бірдей иістерді табуға ынталандыру;

5) тірі және өлі табиғат объектілері мен заттардың шынайы иістерімен таныстыру;

6) тұрмыстық және тамақ иістерін ажыратуға үйрету;

7) қоршаған кеңістіктегі иісті заттармен сәкестендіруге үйрету.

168. Тактильды қабылдауының дамуы:

1) нақты және контрастылы тактильды қоздырғыштарға зейіндерін тұрақтандыруға үйрету;

2) заттың көлемі мен формасын ескере отырып, затты алу біліктілігін бекіту;

3) беткі жамылғысының құрылымымен ерекшеленетін табиғи матриалдарды қолдану арқылы тактилды қабылдауын дамытуды жалғастыру;

4) ашық көзімен беткі жамылғысы әртүрлі заттарды қолмен қысуға үйрету;

5) арнайы қозғалғыш қимылмен зерттеуге үйрету;

6) алақан, қол, саусақтарымен заттарды зерттеу біліктілігін қалыптастыру;

7) өз-өзіне қолына және массаж жасау арқылы тактильды қабылдауын дамытуға жәрдемдесу; масаж щеткасының көмегімен арқаға массаж жасау.

169. Қалдық көру арқылы қабылдауының дамуы:

1) қолмен қағып алуды қалыптастыру, қол мен көз қимылын бақылау, затқа көз тоқтатуға үйрету;

2) ересек адаммен қарым-қатынас жасау шенберінде заттар мен ойыншықтарға қызығушылығын дамытуды жалғастыру;

3) диалог бойынша серіктесіне зейінін тұрақтандыруға жәрдемдесу;

4) тактильды қабылданатын графикалық белгілер (фота, сурет) және ойыншықтарға, оның бөліктеріне,заттарға көз тоқтатуына ынтасын шақыру ;

5) кеңістікте орналасуына қарай заттардың бі-біріне қатынасына қарай затaтрдың бөліктерін орналастыруға үйрету;

6) заттарды формасы бойынша (дөңгелек, төртбұрыш, тіктөртбұрыш) түсі бойынша (көк,қызыл, сары), мөлшері бойынша (үлкен-кіші) дифференцациялауға үйрету;

7) сандық белгіге (біреу-көп)бағдарланауға үйрету;

8) есептеуші таяқшаның көмегімен ересек адамның әрекетіне еліктеу арқылы құрастыру элементтерін кеңістікте орналастыруға үйрету;

9) еліктеу бойынша қарапайым құрылыс құру біліктілігін бекіту;

10) еңкею тегістігінде баланың бормен сурет салуға ынталандыру;

11) форма және көлемі бойынша бірдей заттарды сәйкестендіру біліктілігін бекіту;

12) көлемі бойынша үш зат арасындағы (үлкен,кіші-ең кіші) сәйкесті туралы түсініктерін қалыптастыру;

13) үш мүмкіндіктен берілген сенсорлық қасиеті бойынша затты таңдауға үйрету.

170. Есту қабілетін дамыту:

1) сөздік емес дыбыстарға қызығушылығын ояту, оған жауап қайтаруын дамыту;

2) сөздік емес дыбыстарды дифференциациялау біліктілігін дамыту;

3) әртүрлі қашықтықта (жақын-алыс) дыбыс дереккөзін табуға үйрету;

4) бағытты дұрыс табуға, қайдан дыбыс шығып жатқанын, өз орналасқан жерін анықтау, қимыл бағытын анықтауға үйрету;

5) шулы ортада ересек адамның даусын тыңдауға үйрету;

6) заттың дыбысталуы бойынша (ойыншық, сылдырмақ, музыкалық ойыншық) дұрыс дыбысталған ойыншықты табуға үйрету;

7) еліктеу бойынша дұрыс дыбысталған ойыншықты табуға, өздігімен дыбысқа еліктеуді жасауға үйрету;

8) ақырын және қатты дауысты шығару үшін дыбыс күшін өлшеуге үйретуді жалғастыру;

9) шум сипаты бойынша ажырату, оларға эмоционалды жауап қайтаруға үйрену: қуанышты дыбысқа қуанышты мимика, сәйкес қимылғаестуін тұрақтандыру.

171. Вестибулярлы аппаратын дамыту:

1) шынтаққа тіреліп, ішпен жату қалпында (ойнау, сурет салу) жұмыс жасауға баланы үйрету;

2) алдындағы ойыншықты итеру арқылы тосқауылдан айналып қозғалуға үйрену;

3) аяқтың ұшында жүруді бекіту;

4) тізқатар тұруға үйрету;

5) аяқтың кезектілігімен баспалдақ бойынша түсуге үйрету;

6) сүйеніспен бір аяқта тұру қалпында қимыл үйлесімділігінің дамуына жәрдемдесуді жалғастыру (оң және солға бөлек);

7) допты аяқпен тебуге үйрету;

8) допты екі қолымен ұстап көлденңнен лақтыруға үйрету;

9) екі қолымен допты ұстап алуға үйрету;

10) таяқша арқылы атап өтуге үйрету; зат астына еңбектеу;

11) ересектің көмегімен гимнастикалық таяқша бойынша жүруге үйрету;

12) гимнастикалық таяқшадан атап өтуге үйрету;

13) тік және көлденңнен жазықтықта сурет салуға үйретуді жалғастыру.

172. Күтілетін нәтижелер:

1) қарапайым иістерді ажырату;

2) қолданылатын тамақтар әртүрлі дәмде болатыны туралы біледі (тәтті кәмпит, қышқыл алма);

3) азық-түліктерге тән иістерді ажыратады;

4) бірнеше иістерден бірдей иістерді табады;

5) тұрмыстық және тамақ иістерін ажыратады;

6) қоршаған кеңістіктегі иісті заттармен сәкестендіруге үйрету;

7) нақты және контрастылы тактильды қоздырғыштарға зейіндерін тұрақтандырады;

8) заттың көлемі мен формасын ескере отырып, затты алады

9) ашық көзімен беткі жамылғысы әртүрлі заттарды қолмен қысады;

10) арнайы қозғалғыш қимылмен зерттеуді қолданады;

11) алақан, қол, саусақтарымен заттарды зерттейді;

12) қолмен қағып алуды қалыптастыру, қол мен көз қимылын бақылау, затқа көз тоқтатады;

13) ересек адаммен қарым-қатынас жасау шенберінде заттар мен ойыншықтарға қызығушылық танытады;

14) диаолог бойынша серіктесіне зейінін тұрақтандырады;

15) тактильды қабылданатын графикалық белгілер (фота, сурет) және ойыншықтарға, оның бөліктеріне,заттарға көз тоқтатады;

16) кеңістікте орналасуына қарай заттардың бір-біріне қатынасына қарай заттардың бөліктерін орналастырады;

17) заттарды формасы бойынша (дөңгелек, төртбұрыш, тіктөртбұрыш) түсі бойынша (көк,қызыл, сары), мөлшері бойынша (үлкен-кіші) дифференцациялайды;

18) сандық белгіге (біреу-көп)бағдарланады;

19) есептеуші таяқшаның көмегімен ересек адамның әрекетіне еліктеу арқылы құрастыру элементтерін кеңістікте орналастырады;

20) еліктеу бойынша қарапайым құрылыс құрады;

21) еңкею тегістігінде баланың бормен сурет салуға талпынады;

22) форма және көлемі бойынша бірдей заттарды сәйкестендіреді;

23) көлемі бойынша үш зат арасындағы (үлкен,кіші-ең кіші) сәйкестендіруге талпынады;

24) үш мүмкіндіктен берілген сенсорлық қасиеті бойынша затты таңдайды.

25) сөздік емес дыбыстарға қызығушылығын ояту, оған жауап қайтарады;

26) сөздік емес дыбыстарды дифференциациялайды;

27) әртүрлі қашықтықта (жақын-алыс) дыбыс дереккөзін табады;

28) бағытты дұрыс табуға, қайдан дыбыс шығып жатқанын, өз орналасқан жерін анықтау, қимыл бағытын анықтайды;

29) шулы ортада ересек адамның даусын тыңдайды;

30) заттың дыбысталуы бойынша (ойыншық, сылдырмақ, музыкалық ойыншық) дұрыс дыбысталған ойыншықты табады;

31) еліктеу бойынша дұрыс дыбысталған ойыншықты табуға, өздігімен дыбысқа еліктейді;

32) ақырын және қатты дауысты шығару үшін дыбыс күшін өлшейді;

33) шуды сипаты бойынша ажыратып, оларға эмоционалды жауап қайтарады: қуанышты дыбысқа қуанышты мимика, сәйкес қимылға естуін тұрақтандырады;

34) шынтаққа тіреліп, ішпен жату қалпында (ойнау, сурет салу) жұмыс жасайды;

35) алдындағы ойыншықты итеру арқылы тосқауылдан айналып өтеді;

36) аяқтың ұшында жүруге талпынады;

37) тізқатар тұруға талпынады;

38) аяқтың кезектілігімен баспалдақ бойынша түседі;

39) сүйеніспен бір аяқта тұру қалпында қимыл үйлесімділігіне талпынады (оң және солға бөлек);

40) допты аяқпен тебуге талпынады;

41) допты екі қолымен ұстап көлденңнен лақтырады;

42) екі қолымен допты ұстап алады;

43) таяқша арқылы атап өтеді; зат астынан еңбектейді;

44) ересектің көмегімен гимнастикалық таяқша бойынша жүреді;

45) гимнастикалық таяқшадан аттап өтеді;

46) тік және көлденңнен жазықтықта сурет салады.

173. Кеңістікте бағдарлай білу:

1) балаға қоршаған кеңістікте қозғалу үшін өз денесінен қарай жүру нүктесі екенін санасына жеткізу;

2) кеңістікте бағдарлану үшін қалдық көруін қолдану дағдысын қалыптастыру;

3) өз дене бөлігін ересек адамның, қуыршақтың дене бөлігімен сәйкестендіруге үйрету ;

4) дене бөліктерінің кеңістікте орналасу туралы түсініктерін қалыптастыруды (бас-жоғары, аяқ-төмен, сол қол, оң қол) дамыту;

5) үй, бөлме ішінен шығу негізінде жақын ортада бағдарлана алуын жалғастыру;

6) баланы бөлме кеңістігінде және заттардың кеңістікте орналасуына (анда, мында), қоршаған орта, сурет салу, жапыстыру, құрастыру, заттық-ойын әрекетіне бағдарлана алуға үйрету;

7) топ кеңістігінде бағдарлана алуға үйрету, ұйықтан тұруды түсіну: дәретханаға бар, топқа бар; пиктограмманы қолдану;

8) бөлмеден және балбақшадан тыс кеңістікте бағдарлануға үйрету;

9) жүру амалын, жүру кезінде қол мен аяқтың үйлесімділігін сақтауын жалғастыру;

10) баспалдаққа дұрыс түму мен шығу біліктілігін дамыту (өз әрекетін дактильды-ым-ишараттық немесе сөздік (қалдық естуі бар кезде) формада тұтқадан ұстау, бір аяғын қою, бір аяғын баспалдаққа қою: «Мен жоғарыдамын. Мен төменге түсемін»;

11) баланы ауыспалы кеңістікпен таныстыру, мысалы, үстелге жету үшін алдындағы ойыншықты алу.

174. Күтілетін нәтижелер:

1) балаға қоршаған кеңістікте қозғалу үшін өз денесінен қарай жүру нүктесі екенін біледі;

2) кеңістікте бағдарлану үшін қалдық көруін қолданады;

3) өз дене бөлігін ересек адамның, қуыршақтың дене бөлігімен сәйкестендіреді;

4) дене бөліктерінің кеңістікте орналасу туралы түсініктері бар;

5) үй, бөлме ішінен шығу негізінде жақын ортада бағдарлана алуға талпынады;

6) жүру амалын, жүру кезінде қол мен аяқтың үйлесімділігін ұштастырады;

7) баспалдаққа дұрыс түсуді, шығады (өз әрекетін дактильды-ым-ишараттық немесе сөздік (қалдық естуі бар кезде) формада тұтқадан ұстау, бір аяғын қою, бір аяғын баспалдаққа қою: «Мен жоғарыдамын. Мен төменге түсемін»;

8) баланы ауыспалы кеңістікпен таныс, мысалы, үстелге жету үшін алдындағы ойыншықты алу;

9) баланы бөлме кеңістігінде және заттардың кеңістікте орналасуына (анда, мында), қоршаған орта, сурет салу, жапыстыру, құрастыру, заттық-ойын әрекетіне бағдарланады;

10) топ кеңістігінде бағдарлана алады, ұйықтан тұруды түсінеді: дәретханаға бар, топқа бар; пиктограмманы қолдану;

175. Жаратылыстану.

176. Мен және қоршаған орта:

1) топ педагогын тану, атымен сәйкестендіре алу біліктілігін қалыптастыру;

2) топ балаларын тану, атымен сәйкестендіре алу біліктілігін қалыптастыру;

3) таныс және таныс емес адамдарды тану біліктілігін қалыптастыру.

177. Мен және табиғат.

178. Тәулік бөліктері:

1) бала орындайтын тәжірибелік әрекет негізінде тәулік (күн-түн) бөліктері туралы білімдерін қалыптастыру;

2) күн мен түннің белгілері туралы білімдерін қалыптастыру (күндіз-жарық, күн шығады, түнде-қараңғы);

3) тәулік бөлігімен (күндіз-ойнайды, тамақ ішеді; түнде-ұйықтайды) күн тәртібінде нақты әрекетті сәйкестендіру біліктілігін қалыптастыру;

4) графикалық бейнелерді қолдану арқылы тәулік бөлігін (сөйлеу мүмкіндігі бар балаға сәйкес) атауға, күн мен түнді ажырату біліктілігін қалыптастыру.

179. Жыл мезгілдері:

1) бала орындайтын (жазда-құмда ойнаймыз, қыста-қармен ойнаймыз) тәжірибелік әрекет негізінде жыл мезгілдері (жаз-қыс) туралы білімдерін қалыптастыру;

2) жаз-қыс мезгілінің белгілері туралы (жазда-жылоы, ағаштарда жасыл жапырақтар; қыста-суық, қар бар) білімдерін қалыптастыру;

180. Өлі табиғаттың объектілері:

1) тірі емес табиғат объектілері туралы білімдерін қалыптастыру (құм, тас);

2) тәжірибелік әрекетте (құм-құрғақ, дымқыл) құмның қасиеті мен ерекшеленетін белгілері туралы білімдерін қалыптастыру;

3) құммен (себу, салу, қазу, жапыстыру) әрекет жасау біліктілігін қалыптастыру;

4) таспен таныстыру: кішкентай тастар- балабақша алаңында, аквариумде; үлкен тастар-далада. Кішкентайлар- жеңіл, үлкендер-ауыр;

181. Өсімдіктер:

1) жақын ортадағы өсімдіктеріне (ағаш, шөп, бөлме гүлдері) қызығушылығын ояту;

2) жемістер (алма, алмұрт) және көкіністер (қияр, қырыққабат) туралы білімдерін қалыптастыру;

3) көкініс пен жемісті сыртқы келбеті мен дәмінен тану біліктілігін қалыптастыру;

4) өсімдіктерге (шыбықтарды сындыруға, гүлдерді үзуге болмайды: өсімдіктерге күтім жасау) мейірімділік қатынас жасау біліктілігін қалыптастыру;

5) графикалық бейнелердің көмегімен өсімдіктерді көрсету мен атау (сөйлеу тілінде мүмкіндігі бар балаға) біліктілігін қалыптастыру.

182. Күтілетін нәтижелер:

1) топ педагогын таниды, атымен сәйкестендіреді;

2) топ балаларын таниды, атымен сәйкестендіреді;

3) таныс және таныс емес адамдарды таниды;

4) бала орындайтын тәжірибелік әрекет негізінде тәулік (күн-түн) бөліктері туралы білімдері бар

5) күн мен түннің белгілері туралы білімдері бар (күндіз-жарық, күн шығады, түнде-қараңғы);

6) тәулік бөлігімен (күндіз-ойнайды, тамақ ішеді; түнде-ұйықтайды) күн тәртібінде нақты әрекетті сәйкестендіреді;

7) графикалық бейнелерді қолдану арқылы тәулік бөлігін (сөйлеу мүмкіндігі бар балаға сәйкес) атауға, күн мен түнді ажыратады;

8) бала орындайтын (жазда-құмда ойнаймыз, қыста-қармен ойнаймыз) тәжірибелік әрекет негізінде жыл мезгілдері (жаз-қыс)туралы білімдері бар;

9) жаз-қыс мезгілінің белгілері туралы (жазда-жылы, ағаштарда жасыл жапырақтар; қыста-суық, қар бар) білімдері бар;

10) өлі табиғат объектілерін біледі (құм, тас);

11) тәжірибелік әрекетте (құм-құрғақ, дымқыл) құмның қасиеті мен ерекшеленетін белгілері туралы біледі;

12) құммен (себу, салу, қазу, жапыстыру) әрекет жасайды;

13) тастың қасиеттерімен таныс: кішкентай тастар- балабақша алаңында, аквариумде; үлкен тастар-далада. Кішкентайлар- жеңіл, үлкендер-ауыр;

14) жақын ортадағы өсімдіктеріне (ағаш, шөп, бөлме гүлдері) қызығушылығы бар;

15) жемістер және көкіністер туралы білімдері бар;

16) көкініс пен жемісті сыртқы келбеті мен дәмінен таниды;

17) өсімдіктерге (шыбықтарды сындыруға, гүлдерді үзуге болмайды: өсімдіктерге күтім жасау) мейірімділік қатынас жасайды;

18) графикалық бейнелердің көмегімен өсімдіктерді көрсетеді,атайды (сөйлеу тілінің мүмкіндігі бар балаға).

183. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру:

1) ұзындықтары әр түрлі таяқшаларды, қағаз жолақтарын бір-біріне қою барысында ұштарын сәйкестендіруге үйрету;

2) мынадай заттарды сипап көруге беру: куб, цилиндр, конус, параллелелипед;

3) өздікті қолдану (сөз және/немесе ым): тең-тең емес (саны бойынша), жоғары-төмен, ұзын-қысқа, жуан-жіңішке (белгілі жағдаяттарда), шар, куб, цилиндр, конус. Үшке дейінгі есеппен таныстыру;

4) үшке дейінгі есеппен таныстыру;

5) еліктеу, үлгі, сөз бойынша бірдей заттар ішінен біреу және көпті ерекшелеуге үйрету;

6) «біреу», «көп» сөзімен таныстыру;

7) үш сан шамасында сөздік сипатсыз көптікті тәжірибелік салыстыруға үйрету;

8) саусақтың санымен заттарды сәйкестендіруге қолдану;

9) ойын және тұрмыста сан бойынша көптіктен бір немесе екі затты сәйкестендіріп, таңдауды жүзеге асыруға үйрету;

10) күнделікті біріктірілетін заттарды сәйкестендіру;

11) ойын жағдайында (қуыршақ үлкен-төсек кішкентай, кішкентай үй-аю үлкен, қақпа кішкентай-машина үлкен) заттарды көлемі бойынша сәйкестендіруге үйрету;

12) «кішкентай», «үлкен» сөзімен таныстыру;

13) көлемі бойынша бірдей заттарды сәйкестендіруге үйрету (сабақта және тұрмыста);

14) бір біріне қою және салу арқылы көлем бойынша заттарды сәйкестендіру;

15) нақты кезектілікпен (үлгі бойынша) тізбекке 3-4 (4-6) пирамида сақиналырын салу, үй жасау және тізбекті толтыру;

16) 2-3 дидактикалық ойыншықтан таңдау жұмысы кезінде шар және шаршыны ажыратуға және формасын ескеруді үйрету;

17) «шар», «текше» сөздерімен таныстыру;

18) «Дәл осындай бер» нұсқауы мен еліктеу бойынша көлемді формаларды ажырату.

184. Күтілетін нәтижелер:

1) ұзындықтары әр түрлі таяқшаларды, қағаз жолақтарын бір-біріне қою барысында ұштарын сәйкестендіреді;

2) өздікті қолдану (сөз және/немесе ым): тең-тең емес (саны бойынша), жоғары-төмен, ұзын-қысқа, жуан-жіңішке (белгілі жағдаяттарда), шар, куб, цилиндр, конус. Үшке дейінгі есеппен таныс.

3) еліктеу, үлгі, сөз бойынша бірдей заттар ішінен біреу және көпті ерекшелейді;

4) «біреу», «көп» сөзімен таныс;

5) үш сан шамасында сөздік сипатсыз көптікті тәжірибелік салыстырады;

6) саусақтың санымен заттарды сәйкестендіреді;

7) ойын және тұрмыста сан бойынша көптіктен бір немесе екі затты сәйкестендіріп, таңдайды;

8) күнделікті біріктірілетін заттарды сәйкестендіреді (кесе-ыдыс, тарелка-қасықтар, қорап-қақпақ, 2-3 бөліктен тұратын матрешка);

9) ойын жағдайында заттарды көлемі бойынша сәйкестендіреді;

10) «кішкентай», «үлкен» сөзімен таныс;

11) көлемі бойынша бірдей заттарды сәйкестендіреді (сабақта және тұрмыста);

12) бір біріне қою және салу арқылы көлем бойынша заттарды сәйкестендіру;

13) нақты кезектілікпен (үлгі бойынша) тізбекке 3-4 (4-6) пирамида сақиналырн салу, үй жасау және тізбекті толтырады;

14) 2-3 дидактикалық ойыншықтан таңдау жұмысы кезінде шар және шаршыны ажыратады және формасын ескереді (игры «Не домалайды, не домаламайды», «Терезені тап»-коропка қиығына әртүрлі геометриялық фигураларды салу);

15) «шар», «шаршы» сөзімен таныс;

16) «Дәл осындай бер» нұсқауы мен еліктеу бойынша көлемді формаларды ажыратады.

185. Құрастыру:

1) құрастыру материалдармен жұмыс жасау ниеттерін ояту;

2) ұзақ мерзімді емес ойынды қолнау мақсатында (қуыршаққа, машинаға жиһаз; машинаға гараж, қақпа құру; қуыршаққа үй) баланың көз алдында күрделі емес құрастыруларды құрастыру;

3) басқа балалармен құрастырулар құруға үйрету;

4) объектілердің кеңістік қасиеттерін (форма, көлем, орналасуы) қабылдауын дамытуға жаттығулар мен арнайы дидактикалық ойындар жүргізу;

5) үлгі бойынша құрастыруға қажетті элементтер жинағын фоннан ерекшелеу (мынандай қайда?);

6) тегіс (графикалық) үлгілерді қолдану;

7) «толықтыру» амалын амалын қолдану;

8) графикалық, үлгі және ересек адамға еліктеу бойынша құрастыруды құруға үйрету;

9) сабақтан тыс, заттық-құрылыс ойындар барысында құрастыру бойынша дағдыларын бекіту.

186. Күтілетін нәтижелер:

1) құрастыру материалдармен жұмыс жасайды;

2) басқа балалармен құрастырулар құрастырады;

3) үлгі бойынша құрастыруға қажетті элементтер жинағын фоннан ерекшелейді (мынандай қайда?);

4) тегіс (графикалық) үлгілерді қолданады;

5) «толықтыру» амалын (үйге есік пен терезені бекіту), сонымен қатар «қосу» амалын қолданады;

6) графикалық, үлгі және ересек адамға еліктеу бойынша құрастыруды құрады;

7) сабақтан тыс, заттық-құрылыс ойындар барысында құрастыру бойынша меңгерген дағдыларын қолданады.

## 9-параграф. 2-жартыжылдық

187. Сенсорлық даму ішіне иіс және дәм түйсігі, тактильды қабылдауының дамуы, қалдық көру арқылы қабылдауын, есту арқылы қабылдауын, вестибулярлы аппаратының дамуы кіреді.

188. Дәм мен иістің дамуы:

1) қышқыл, тәтті дәмді ажыратуға үйрету;

2) қолданылатын тамақтың бірдей және әртүрлі дәмі болатыны туралы білімдерін бекіту;

3) күрделі иістерді дифференциациялауға үйрету;

4) қоршаған кеңістіктегі иісі бар заттарды сәйкестендіруге үйретуді жалғасытру;

5) иіс бойынша кеңістікте орналасу орнын (асхана, кір жуу бөлмесі, дәрігер бөлмесі) анықтауға үйрету.

189. Тактильды қабылдауының дамуы:

1) өзіне массаж жасауды қолдану арқылы тактильды қабылдауын дамыту;

2) форма мен көлемді ескере отырып, затты қолмен алу біліктілігін бекіту;

3) оң және сол қолын ауыстыру арқылы қысып көрумен таныс затты тануға үйрету;

4) қысып көру арқылы көлемді (шар, шаршы), тегіс (төртбұрыш, дөңгелек, үшбұрыш), геометриялық фигураларды атауға үйрету;

5) алақанның сыртқы және ішкі жағымен, саусағымен сұйық және басқа заттардың температурасын анықтауын дамытуын жалғастыру;

6) әртүрлі ауырлықтағы заттарды ажыратуға үйрету;

7) салмақты әрекет арқылы бағалауға үйрету: бір қолмен, екі қолмен көтеріп көру; бір немесе екі алақанда «өлшеп» көру; қолынан затты түсіріп, оның баяу және тез құлағанын бақылау;

8) көлденңнен кеңістікте алақанмен «сурет салуға» үйрету.

190. Қалдық көру арқылы қабылдауының дамуы:

1) қоршаған ортадағы заттарға, олардың түстерін, формаларын байқауға көру реакйиясын дамыту, заттармен әрекет жасауын қалыптастыру, қоршаған ортаға қызығушылығын оятуға тәрбиелеу;

2) көру амалы арқылы заттарды зерттеуді қалыптастыру: геометриялық фигуралардың формаларын атауға және ажыратуға (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және тегіс бейнелердің формаларымен және геометриялық денемен сәйкестендіруге, шынайы көлемді заттардан формаларымен сәйкестендіру;

3) қоршаған ортадан геометриялық фигураның нақты көлем, түс, формасы бойынша заттарды табуға үйрету;

4) қозғалып бара жатқан объектіні табуға үйрету (доп домалап барады, құс ұшып барады; машина жүріп барады);

5) негізгі түстерді (қызыл, сары, жасыл, көк) атауға және ажыратуға, түстердің сенсорлық эталондарын шынайы заттардың түстерімен сәйкестендіру;

6) заттың көлемін салыстыру және ерекшелеу, ажырату (үлкен-кіші) қою және салу жолы арқылы заттардың көлемін көзбен салыстыру; үлкен және кіші заттарды табу;

7) геометриялық фигуралар бейнесі бар қиындыны (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) өлшем, түсіне сәйкес толтыруға үйрету;

8) үстіне қою және салу амалы арқылы екі затты өлшеу біліктілігін бекіту;

9) көзбен өлшеуін дамыту;

10) заттар тобынан ең үлкен және ең кіші затты таңдауға, бір сенсорлық белгісі бойынша (форма, көлем, түс) бірдей заттарды топтастыруға үйрету;

11) суреттегі бейнелердегі заттарды атау және ажыратуға, реттілікпен негізгі белгілерін атауға үйрету;

12) еліктеу бойынша күрделі емес құрастыруларды құру біліктілігін бекіту;

13) қолмен жасалытн әрекетті көзбен бақылау жасауға үйрету;

14) түзу және көлденңнен кеңістік және фронталды кеңістікте орналасу (алдында, артында, алыста, жақында) туралы түсініктерін қалыптастыру;

15) әрекетке бағдарлана отырып, уақыт тәулігі туралы түсініктерін қалыптастыру: танертен-жуынамыз, күндіз-түстенеміз, кешке -ұйықтаймыз;

16) табиғаттың мезгіл уақыттарымен танысу шамасына қарай жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру.

190. Есту арқылы қабылдауын дамыту:

1) бірден шыққан екі түрлі музыкалық аспаптың даусын ажыратуға үйрету (барабан, баян);

2) шулы ортада естілген дыбысты ажыратуға үйрету;

3) сөздік және сөздік емес дыбыстарды дифференциациялауға үйрету;

4) ырғақ сезімін қалыптастыруға жәрдемдесу;

5) дыбыстың жоқтығы мен бар болуына реакциясын көрсете отырып, сөздік емес дыбыстарды шығаруын дамыту;

6) әртүрлі аспаптардың дыбыстарының әртүрлігін азыратуға және әрекет жасауға, оның әртүрлілігіне (барабан-адымдау, топырлату; баян-секіру, шапалақтау) үйрету;

7) сөздік дыбыстарды тыңдауға, оларды заттармен сәйкестендіруге үйрету;

8) дыбысқа еліктеуге үйрету;

9) адамның даусын тыңдау, таныс адамның дауысын ажыратуға үйрету;

10) дыбыс күшін өлшеу арқылы баяу және қатты дауыстарды ажыратуға үйретуді жалғастыру.

191. Вестибулярлы аппартын дамыту:

1) отыру қалпында, кейінен тұру қалпында баяу тербелуге үйрету (алдыға-артқа, солдан оңға қарай);

2) үстел, барабанды алақанмен немесе екі қолымен соғуға үйрету;

3) еңкейтілген және көлденңнен кеңістікте қол құралдарымен сурет салуға үйретуді жалғастыру;

4) көлденңнен бағытта екі қолымен допты лақтыруға үйрету;

5) допты екі қолымен қағып алуға үйрету;

6) аяғымен допты ұруға үйрету;

7) нақты реттілікпен қимылды орындауға үйрету;

8) қимыл бағытын өзгертуге үйрету (солға қарай адымда, бұрылды, оңға қарай адымдады);

9) қарапайым әрекеттерді (кезектілікпен қимылдау) қол саусақтарымен, аяқ өкшесімен дұрыс қайталауға үйрету;

10) әртүрлі темпіде қимылдарды орындауға үйрету;

11) тосқауылды айналып өтуге үйрету;

12) нақты кеңістікте заттар бөліктерін бір-біріне сәйкестендіруге үйрету;

13) бауды байлауға үйрету.

192.Сенсорлық дамуы бойынша күтілетін нәтиже:

1) қышқыл, тәтті дәмді ажыратады;

2) қолданылатын тамақтың бірдей және әртүрлі дәмі болатыны туралы біледі;

3) күрделі иістерді дифференциациялайды;

4) қоршаған кеңістіктегі иісі бар заттарды сәйкестендіреді;

5) иіс бойынша кеңістікте орналасу орнын (асхана, кір жуу бөлмесі, дәрігер бөлмесі) анықтайды.

6) форма мен көлемін ескере отырып заттарды ұстайды;

7) оң және сол қолы ауыстыру арқылы ұстап көру арқылы таниды;

8) қысып көру арқылы көлемді (шар, шаршы), тегіс (төртбұрыш, дөңгелек, үшбұрыш), геометриялық фигураларды таниды;

9) алақаның сыртқы және ішкі жағымен, саусағымен сұйық және басқа заттардың температурасын анықтайды;

10) әртүрлі ауырлықтағы заттарды ажыратады (бастапқыды өте контрастылы: қанат, алма);

11) салмақты әрекет арқылы бағалайды: бір қолмен, екі қолмен көтеріп көру; бір немесе екі алақанда «өлшеп» көреді; қолынан затты түсіріп, оның баяу және тез құлағанын бақылайды;

12) көлденңнен кеңістікте алақанмен «сурет салуға» салады.

13) қоршаған ортадағы заттарға, олардың түстерін, формаларын байқауға көру реакиясын дамытады, заттармен әрекет жасайды, қоршаған ортаға қызығушылығын оятады;

14) көру амалы арқылы заттарды зерттейді: геометриялық фигуралардың формаларын атауға және ажыратуға (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және тегіс бейнелердің формаларымен және геометриялық денемен сәйкестендіруге, шынайы көлемді заттардан формаларымен сәйкестендіру;

15) қоршаған ортадан геометриялық фигураның нақты көлем, түс, формасы бойынша заттарды табады;

16) қозғалып бара жатқан объектіні табады(доп домалап барады, құс ұшып барады; машина жүріп барады);

17) негізгі түстерді (қызыл, сары, жасыл, көк) атайды және ажыратады, түстердің сенсорлық эталондарын шынайы заттардың түстерімен сәйкестендіреді;

18) заттың көлемін салыстырады және ерекшелейді, ажыратады (үлкен-кіші) қою және салу жолы арқылы заттардың көлемін көзбен салыстырады; үлкен және кіші заттарды табады (ойыншықтар, жиһаздар, киімдер);

19) геометриялық фигуралар бейнесі бар қиындыны (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) өлшем, түсіне сәйкес толтырады;

20) үстіне қою және салу амалы арқылы екі затты өлшейді;

21) заттар тобынан ең үлкен және ең кіші затты таңдайды, бір сенсорлық белгісі бойынша (форма, көлем, түс) бірдей заттарды топтастырады;

22) суреттегі бейнелердегі заттарды атау және ажыратуға, реттілікпен негізгі белгілерін атайды;

23) еліктеу бойынша күрделі емес құрастыруларды құрады;

24) қолмен жасалатын әрекетті көзбен бақылау жасайды;

25) түзу және көлденңнен кеңістік және фронталды кеңістікте орналасу (алдында, артында, алыста, жақында) туралы түсініктері бар;

26) әрекетке бағдарланады, уақыт тәулігі туралы түсініктерін қалыптастыру: танертен-жуынамыз, күндіз-түстенеміз, кешке-ұйықтаймыз;

27) табиғаттың мезгіл уақыттарымен танысу шамасына қарай жыл мезгілдері туралы түсініктері бар;

28) бірден шыққан екі түрлі музыкалық аспаптың даусын ажыратады (барабан, баян);

29) шулы ортада естілген дыбысты ажыратады;

30) сөздік және сөздік емес дыбыстарды дифференциациялайды;

31) дыбыстың жоқтығы мен бар болуына реакциясын көрсете отырып, сөздік емес дыбыстарды айтады;

32) әртүрлі аспаптардың дыбыстарының әртүрлігін ажыратады және әрекет жасайды, оның әртүрлілігіне (барабан-адымдау, топырлату; баян-секіру, шапалақтау);

33) сөздік дыбыстарды тыңдайды, оларды заттармен сәйкестендіреді;

34) дыбысқа еліктеуге үйрету;

35) адамның даусын тыңдайды, таныс адамның дауысын ажыратады;

36) дыбыс күшін өлшеу арқылы баяу және қатты дауыстарды ажыратады;

37) отыру қалпында, кейінен тұру қалпында баяу тербеледі (алдыға-артқа, солдан оңға қарай);

38) үстел, барабанды алақанмен немесе екі қолымен соғады;

39) еңкейтілген және көлденңнен кеңістікте қол құралдарымен сурет салады;

40) көлденңнен бағытта екі қолымен допты лақтырады;

41) допты екі қолымен қағып алады;

42) аяғымен допты ұрады;

43) нақты реттілікпен қимылды орындайды;

44) қимыл бағытын өзгертеді (солға қарай адымда, бұрылды, оңға қарай адымдады);

45) қарапайым әрекеттерді (кезектілікпен қимылдау) қол саусақтарымен, аяқ өкшесімен дұрыс орындайды;

46) әртүрлі темпіде қимылдарды орындайды;

47) тосқауылды айналып өтуге үйрету;

48) нақты кеңістікте заттар бөліктерін бір-біріне сәйкестендіреді;

49) бауды байлайды.

193. Кеңістікте бағдарлай білу:

1) балабақша мен бөлмеде бағдарлана алу біліктілігін бекіту;

2) басқарушы қолымен оңға солға әріптерді, сандарды орналастыруға үйрету;

3) қимыл бағытын шартты белгілерді (сызық), заттардың орналасуын (пиктограмма) қолдану;

4) адамның схема түріндегі бейнеленген қалпын түсінуге үйрету (пиктограмма, сызба бойынша қалыпты орындау);

5) заттар-ойыншықтардың қарапайым схема-сызбада орналасуын қолдану (Қуыршаққа жиһазды орналастыру);

6) қағаз бетіндегі жоғарыда-төменде бағдарлана алуын түсінуге, бұл қатынасты көлемде (ойын, тұрмыста), жазықтықта (сурет салу, аппликация, жоспар-схемада) қолдануға үйрету;

7) әрекетті темпіде орындауын түсіну: баяу, тез;

8) ойыншықтар, заттар, басқа адамның (өзіне қарай жақын, әлде алыс) орналасқан орнын анықтау біліктілігін қалыптастыру;

9) қоршаған заттардың қызметі (жиһаздар, топтық бөлменің құралдары) туралы түсініктерін қалыптастыру;

10) баладан біртіндеп көру және сипап сезу арқылы таныс заттарды (3 және одан көп) табуды талап ету;

11) микрооратада бағдарлана алу дағдыларын қалыптастыру (қағаз бетінде).

194. Күтілетін нәтижелер:

1) балабақша мен бөлмеде бағдарлана алады;

2) басқарушы қолымен оңға солға әріптерді, сандарды орналастырады;

3) қимыл бағытын шартты белгілерді (сызық), заттардың орналасуын (пиктограмма) қолданады;

4) адамның схема түріндегі бейнеленген қалпын түсінеді (пиктограмма, сызба бойынша қалыпты орындау);

5) заттар-ойыншықтардың қарапайым схема-сызбада орналасуын қолданады (Қуыршаққа жиһазды орналстыр);

6) қағаз бетіндегі жоғарыда-төменде бағдарлана алуын түсінеді, бұл қатынасты көлемде (ойын, тұрмыста), жазықтықта (сурет салу, аппликация, жоспар-схемада) қолданады;

7) қоршаған заттардың қызметі (жиһаздар, топтық бөлменің құралдары) туралы түсініктері бар;

(Соңы 20-бетте)

(Жалғасы. Басы 20-бетте)

| | | |
|---|---|---|
| 3. Математикалық модельдеу | 3.1. Есептер | 10.3.1.1 оқыған түрлердің қарапайым мәтіндік есептерін шешу |
| | | 10.3.1.5 2-4 әрекеттің орындалуын талап ететін, құрамдас мәтіндік, арифметикалық есептерді шешу |
| | | 10.3.1.6 шартты белгілерді қолданып, есептің мазмұнын қысқаша жазба түрінде орындау |
| | | 10.3.1.7 жауабы бар жай есепті шешудің жазбасын, құрамдас есепті – түсініктемесімен немесе толық жауабымен және әрбір әрекетке берілген сұрақпен |
| | | 10.3.1.8 есептің шешуінің жазбасында сандардың атауын жазу |
| **3-тоқсан** | | |
| 1. Сандар және шамалар | 1.3 Шамалар және олардың өлшем бірліктері | 10.1.3.1 шамаларды өлшеуде және заттарды есептеуде алынған сандарды айыру |
| | | 10.1.3.2 бір атаулы шамалардың мәнін салыстыру |
| | | 10.1.3.3 шамалардың арақатынасын орнату |
| | | 10.1.3.7 көлемдерді өлшеген кезде алған сандарды жаңартуды орындау; әртүрлі мемлекеттердің валютасын айыра білу: доллар, еуро; валютаны айырбастау курсында бағдарлану |
| | | 10.1.3.8 көлемді өлшеуде алынған сандарды сандарды қосу мен азайтуды орындау; бірдей сандар, дөңгелек ондықтарды өлшеуде алынған сандарға көбейту мен бөлу, екі белгілі санға көбейту |
| | 1.1 Натурал сандар. Бөлшек тер | 10.1.1.16 қарапайым және ондық бөлшек түрінде бөлімі 10, 100, 1000 болатын бөлшектерді алып, жазу; ондық бөлшектерді оқып, салыстыру; ондық бөлшектер мен толық сандарды салыстыру |
| | | 10.1.1.17 нөмірлік кестеге ондық бөлшектерді жазу; жүздік бөлшектердің үш түрін (қарапайым бөлшек, ондық бөлшек және пайыз түрінде) қолдану |
| | | 10.1.1.18 бұдан ірі және майда, не бірдей бөліктерде бөлшектерді білдіру |
| | | 10.1.1.19 ондық бөлшек түрінде алынған заттың ұзындығы, салмағы мен құнын есептеу кезінде қол жеткізген сандарды жазып алу, кері операцияны орындау |
| | 1.2 Сандармен әрекет ету | 10.1.2.21 саннан ондық бөлшекті табу; санды ондық бөлшегі бойынша табу |
| | | 10.1.2.22 ондық бөлшекті бір таңбалы санға, 10-ға,100-ге, 1000-ға, дөңгелек ондықтар мен жүздіктерге көбейту мен бөлуді орындау |
| | | 10.1.2.23 саннан табу; санды ондық бөлшегі бойынша табу |
| | | 10.1.2.24 жақшасы бар ондық бөлшектер мен әрекеттер тәртібін анықтау |
| | | 10.1.2.25 саннан 1%, 10%, 20%, 25% 50% 75% табу; санды пайыздары бойынша табу |
| | | 10.1.2.26 қарапайым және ондық бөлшектермен әрекеттер жасау |
| 2. Көрнекі геометрия элементтері | 2.1 Геометрия лық пішіндер және олардың жіктелуі | 10.2.1.7 куб пен тікбұрышты параллелепипедтің көлемін өлшеп, санау |
| 3. Математикалық модельдеу | 3.1 Есептер | 10.3.1.1 оқыған түрлердің қарапайым мәтіндік есептерін шешу |
| | | 10.3.1.2 санның пайызын табуға арналған қарапайым және құрамдас мәтіндік арифметикалық есептерді шешу |
| | | 10.3.1.6 шартты белгілерді қолданып, есептің мазмұнын қысқаша жазба түрінде орындау |
| | | 10.3.1.7 жауабы бар жай есепті шешудің жазбасын, құрамдас есепті – түсініктемесімен немесе толық жауабымен және әрбір әрекетке берілген сұрақпен |
| | | 10.3.1.8 есептің шешуінің жазбасында сандардың атауын жазу |
| | 3.2 Математика тілі | 10.3.2.1 келесі белгілерді пайдалану: «+», «-», «х», «:», «=» |
| | | 10.3.2.2 геометриялық дененің көлемін белгілеуді пайдалану: V; пайызды белгілеу үшін % белгісін қолдану |
| **4-тоқсан** | | |
| **Жыл бойы оқығанды қайталау** | | |

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығына 79-қосымша*

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына 519-қосымша*

## Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 8-10 сыныптары үшін «Информатика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 8-10 сыныптары үшін «Информатика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Информатика» пәнін оқыту мақсаты – білім алушыларды негізгі білім, заманауи ақпараттық технологияны тиімді қолдану үшін жұмыс жасау дағдысы және біліктілігімен қамтамасыз ету болып табылады.

3. Негізгі міндеттері:

1) ақпарат түрлері және оны адам әрекетінің түрлі саласында қолдану тәсілдеріне қатысты түсінік қалыптастыру;

2) түрлі бағдарламалық қосымшалар және дербес компьютермен жұмыс жасаудың негізгі біліктер мен дағдыларын қалыптастыру;

3) күнделікті өмірде ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қолдану дағдысын қалыптастыру;

4) компьютерлік ойындарды қолдану арқылы танымдық процестерді (зейін, естіп, көріп есте сақтау, көрнекі-бейнелі және сөздік-логикалық ойлау, қиялдау) дамыту;

5) ақпараттық мәдениет негізін қалыптастыру – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі – АКТ) құралдарын қолданудың жалпыға бірдей ережелерін сақтау, алынған ақпаратқа қатысты жауапты және талғамалы қатынасқа тәрбиелеу.

### 2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. Пән бойынша оқыту процесін ұйымдастырудың педагогикалық әдіс-тәсілдері арнайы педагогиканың принциптеріне сәйкес орындалады:

1) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың дайындығы, даму ерекшеліктері және деңгейіне білім беру жүйесінің бейімділік принципі;

2) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту процесінің түзете-дамытушылық бағыты олардың мүмкіндіктері мен білім алудағы ерекше қажеттіліктерін ескере отырып оқыту әрекетінің арнайы әдіс-тәсілдерімен қамтамасыз етіледі;

3) оқытудың әлеуметтік-бейімдеушілік бағыты тұлғаның әлеуметтік икемсіздігін төмендету немесе оны еңсеруді болжайды. Білім алушылардың өмірлік дағдысы және әлеуметтік өмірде қалыпты өмір сүруге қажетті арнайы жұмыстар қарастырылады. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың қарапайым компьютерлік сауаттылықты меңгеруі олардың заманауи қоғам өміріне әлдеқайда табысты енуіне және әлеуметтік дамуына жағдай жасайды;

4) оқытудағы әрекеттік тәсіл ақыл-ойы зақымдалған білім алушылардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып білім беру құрылымының негізгі заңдылықтарын ашатын психология ғылымының теориялық қағидаларына негізделеді. Сонымен қоса жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жеке дамуы оларға тиімді қызметті (оқыту және заттық-тәжірибелік) ұйымдастырумен анықталатынын мойындауға негізделеді;

5) оқытудың практикалық бағыттылығы өтілген материал мен енді өтілетін материал және білім алушылардың тәжірибелік әрекеті арасындағы тығыз байланысты болжайды, тәжірибелік-бағдарлау міндеттерін шешу үшін бірінші реттік мағынаға ие білік пен дағдыларын қалыптастыруға негізделеді;

6) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға қатысты сараланған және жеке ықпал ету тәсілі бағдарламаның мазмұнын әртүрлі меңгеру мүмкіндігімен сипатталатын ерекшеліктерін ескеруді болжайды және оқу материалын меңгеру біліктілік пен дағды, алған білімнің сапасында көрініс табады. Ақыл-ой бұзылысы бар оқушыларды оқыту процесі В.В. Воронкова бойынша 4 типологиялық топтың негізінде жүзеге асады. Білім алушылардың әр типологиялық тобы үшін педагог оқыту материалдарының қиындығын ескере отырып мүмкіндіктеріне сай іріктеп алады. Сонымен қатар оқыту жұмысының қарқыны, білім алушылардың әрекетті өздігінен орындау деңгейі, оқытудың әдіс-тәсілдері түрленеді. Білім алушыларды топқа бөлу шартты әрі жылжымалы түрде болады. Сараланған тәсіл оқытуды жекешелендірумен толықтырылады;

7) оқыту-танымдық және тәжірибелік қызметін арнайы педагогикалық басшылық ету қажеттілігі танымдық белсенділіктің төмендігі, ойлаудың аналитикалық және жалпылама қызметінің әлсіздігіне байланысты. Педагог ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың даму заңдылықтары мен сыныптағы әрбір оқушының танымдық мүмкіндіктерін біле отырып, оқытудың арнайы әдістемесін ұйымдастырады және білім алушылардың оқу-танымдық әрекетін бағыттайды.

5. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың информатика бойынша оқу материалдарын меңгеру нәтижелерін бағалау нормалары бағдарламада көрсетілген мақсатты тұжырымдамаға негізделген және оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау мен тексеруді ұйымдастырудың бірегей тәсілдерін жүзеге асыруға бағытталған.

6. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау ішкі бағалау құралдарымен жүзеге асады. Оқыту бағдарламасын меңгерудің нәтижелері сыныпта тікелей мұғалімнің қатысуымен оқыту үдерісі барысында бағаланады, педагог бақылап бағалау әрекетін жүйелі түрде жүзеге асырады.

7. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымдық (әр сабақта), мерзімдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде жүргізіледі.

8. Ағымдық бақылау білім алушыларды сабақ үстінде бақылау, өзіндік және тәжірибелік жұмыстарды талдау, қызметтің ұжымдық түрлерінің көмегімен орындалады. Әр сабақтағы бақылау оқыту үдерісінің сапасын қамтамасыз ету үшін педагогтардың қолданған оқыту әдістерінің мазмұнын түзету мақсатында жүргізіледі. Мұндай бақылау білім алушылардың қарым-қатынасында тәрбиелік және ынталандырушы сипатқа ие.

9. Мерзімдік бақылау бөлімнің бағдарламалық тақырыбы және тарауды меңгерген соң жүргізіледі. Белгілі тақырып шеңберіндегі оқу материлдарын меңгерудің нәтижесі білім алушылардың әр типологиялық тобында әртүрлі болады (В.В. Воронкова бойынша). 1-типологиялық топтағы білім алушылар білімін қолдану деңгейінде оқыту материалын меңгереді. 2-типологиялық топтағы білім алушылар тақырыптың негізгі мазмұнын түсінгенін көрсетеді. 3-типологиялық топтағы білім алушылар тану деңгейінде материалды меңгереді және өз білімін өзекті етуде мұғалімнің көмегін қажет етеді. 4-типологиялық топтың білім алушылары олардың жетістігі жеке бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылады.

10. Қорытынды бақылау тоқсан мен жылдың соңында жүргізіледі. Педагог сыныптағы әр білім алушының жетістіктері еркін картаға тіркелген оқу жылында бақыланған жетістігін және даму динамикасын міндетті түрде талдайды.

11. Бағалау шаралары көмегімен алынған мәлімет білік пен дағдыны меңгеру барысында туындаған қиындықтарға уақытылы жауап беруге мүмкіндік береді. Педагог білім алушыларға жеке көмек беру тәсілдері мен мазмұнын негіздей отырып анықтайды.

12. Бағдарлама келесі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) қолдануды көздейді:

1) шынайы өмірлік жағдайларға еліктеу және оларды ары қарай түсіну үшін компьютерлік үлгілерді қолдану;

2) мәтін, сурет, кесте, аудио және бейнематериалдарды өңдеу мақсатында және тәжірибелік тапсырмаларды шешу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану;

3) практикалық міндеттерді шешуде ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қолдануда шығармашылық тәсіл;

4) белгілі тақырыпта біріккен топтық жұмысты жүргізуге мүмкіндік беретін электронды құралдар көмегімен материал жинау және тәжірибе алмасу;

5) АКТ құралдарын өздігінен қолдану дағдылары;

6) белгілі мақсат пен аудиторияны анықтау үшін түрлі дереккөздерден материалдарды іріктеуді көздейтін коммуникациялық дағдыларды дамыту.

13. «Информатика» пәнін меңгеру барысында «Математика», «Оқу және сөйлеу тілін дамыту», «Орыс тілі», «Қазақ тілі», «Жаратылыстану», «География», «Қазақстан тарихы», «Қоғам және құқық», «Бейнелеу өнері», «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» пәндерімен пәнаралық байланыс орнатылады.

14. Оқытудың техникалық құралдары:

1) стандартты кешенмен жабдықталған дербес компьютер: жүйелі блок, монитор, мәтіндік ақпаратты басу және экрандағы объектілерді қозғалту құралдары (пернетақта, тінтуір);

2) дыбыстық ақпаратты енгізіп, шығаратын құралдар: колонкалар, құлаққаптар, микрофон;

3) интербелсенді тақта, принтер, мультимедиялық проектор;

4) мұғалім мен білім алушылардың арасында ақпаратты бөлісуді қамтамасыз ететін жоғары сапалы желі.

15. Оқу-тәжірибелік құралдар:

1) пернетақталы тренажер;

2) вирусқа қарсы бағдарламалар;

3) оқулықтар, жұмыс дәптерлері, безендірілген құралдар.

### 3-тарау. «Информатика» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

16. «Информатика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 8-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

2) 9-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

3) 10-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

17. Оқу пәнінің мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер дағды мен біліктілік, білім және түсіну ретінде күтілетін нәтижелер түріндегі сыныптар бойынша оқыту мақсаттарына бөлінген.

18. Мұғалімнің әрбір шағын бөлімнің реттілігіне өзгерту енгізуге құқығы бар, сонымен қатар сынып оқушыларының мүмкіндіктерін ескере отырып айтылған мәліметтердің тереңдігі мен көлемін реттей алады.

19. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) 1-бөлім «Ақпараттық үдерістер»;

2) 2-бөлім «Компьютерлік жүйелер»;

3) 3-бөлім «Денсаулық пен қауіпсіздік».

20. «Ақпараттық үдерістер» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) ақпаратты алу және өлшеу;

2) ақпараттық объектілерді құрастырып, қайта жасау.

21. «Компьютерлік жүйелер» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) компьютердің құрылымы;

2) компьютерлік желілер.

22. «Денсаулық пен қауіпсіздік» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) қауіпсіздік техникасы;

2) ақпараттық және онлайн қауіпсіздік.

23. 8-сыныпқа арналған «Информатика» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) ақпараттық үдерістер. Ақпартты алу және өлшеу: ақпарат туралы түсінік, оны өңдеу мен алудың тәсілдері; ақпарат түрлері; мәтіндік ақпарат, оны өңдеу мен сақтау тәсілдері; графикалық ақпарат, оны түрлі бейнелеу құралдары және тәсілдерінің көмегімен өңдеу, сурет, бейне, мүсін түрінде сақтау; дыбыстық ақпарат, оны өңдеу және компакт-диск, магниттік лента көмегімен сақтау; бейнеақпарат, оны кино және бейнетехниканың көмегімен өңдеу және кинотаспа, бейнекассета, компакт-диск түрінде сақтау; телефон, теледидар, радио, күйтабақ ойнатқыш ақпарат дереккөзі ретінде. Ақпараттық объектілерді құрып, жаңарту. Windows (виндоус) жұмыс үстелі: жұмыс үстелінің түрі, Windows (виндоус) жұмыс үстелінің элементтерімен танысу; «Пуск» бастырмасы, тапсырма жинақтамасы; «тышқан» манипуляторы, онымен жұмыс істеу тәсілдері: «тышқан» манипуляторымен жұмыстың негізгі тәсілдері: «тышқан» манипуляторы жұмысының көмегімен орындалатын компьютерлік ойындар; пернетақта клавиша топтарын тағайындау; алфавиттік және цифрлік клавишалар, олардың орналасуы; меңзерді клавишаның көмегімен орындау; шағын цифрлік пернетақта; пернетақта клавишалары көмегімен орындалатын компьютерлік ойындар; «Пуск» мәзірінің құрылымы, мәзір бойынша ауыстыру, мәзірді жабу; Windows (виндоус) терезелерімен танысу (мысал ретінде «менің компьютерім» папкасының терезесі), терезенің негізгі элементтері, терезені жабу, қайта қондыру, терезені жабу, терезе көлемін өзгерту, терезені айналдыру; стандартты Windows қосымшасы: бағдарламаны «Пуск» (Калькулятор) мәзірінен қосу; стандартты «Калькулятор» қосымшасымен жұмыс жасауды меңгеру, алу амалын орындау, мәзірді жабу;

2) компьютерлік жүйелер – компьютердің құрылымы: дербес компьютермен танысу, дербес компьютер әртүрлі ақпаратты (мәтін, графикалық, дыбыстық, бейнеақпарат) алу, беру, өңдеу және сақтау құралы ретінде; дербес компьютердің негізгі құралдары: монитор, пернетақта, жүйелік блок; әр құрылғының қызметі; қуат көзін қосу-сөндіру бастырмасы; дербес компьютердің қосымша құрылғылары: «тышқан» манипуляторы, принтер, дыбыстық колонкалар, олардың қызметтері; компьютерді қосу және сөндіру тәртібі, олардың кезектілігі;

3) денсаулық пен қауіпсіздік: дербес компьютермен жұмыс жасауда қауіпсіздік техникасы. Компьютерлік сыныпта болудың тәртіп ережелері. Компьютерде жұмыс жасау кезіндегі гигиеналық талаптар. Көру қабілетін сақтау және көзге жүктемені азайту амалдары.

24. 9-сыныпқа арналған «Информатика» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) ақпараттық үдерістер: ақпарат туралы түсінік, оны өңдеу мен алудың тәсілдері. Заманауи әлемдегі ақпарат түрлері. Ақпаратты іздестіру. Ақпараттық объектілерді құрып, жаңарту: Microsoft Windows (майкрасофт виндоус) терезе элементтерін қолдану: тақырыпша, құралдар панелі (стандартты), жұмыс алаңы, айналдыру жолағы, қалқымалы сыбыр; «Пуск» бастырмасын қолдану; мәтінмен негізгі операциялар: мәтінді теру ережелері (бас әріп, тыныс белгілері, қызыл жол, белгіні өшіру, меңзердің көмегімен сол (оң) жақтағы белгіні өшіру); панель құралдарында «сақтау» белгісінің көмегімен құжатты сақтау; панель құралдарында «болдырмау» белгісінің көмегімен әрекеттерді болдырмау; құжатты редакциялау: құжатты ашу, құжат көлемі; «тышқан» манипуляторы, пернетақта, айналдыру жолағының көмегімен мәтінде орын ауыстыру; жаңа папкалар мен файлдарды құру; файлдар мен папкаларды алмастыру; «Жетекші» бағдарламасының көмегімен «менің құжаттарым» папкасын ашу, папкалар мен файлдарды сақтау; құжатты теру, мәтінде тыныс белгілерін қою; мәтінді редакциялау және форматтау; құжатты сақтау; құжатты басып шығару: принтерді қосу мен сөндіру реттілігі; принтерде қағазды қондыру; «басу» пәрменінің көмегімен құжатты теру;

2) компьютерлік жүйелер – компьютердің құрылымы: компьютердің негізгі құрылғыларының қызметі; Microsoft Word (майкрасофт виндоус) бағдарламасын қосу тәртібі; Microsoft Word (майкрасофт виндоус) бағдарламасының элементтері: тақырыпша, құралдар панелі (стандартты), жұмыс алаңы, айналдыру жолағы, қалқымалы сыбыр; Windows (виндоус)-тағы файлдық құрылым; «Жетекші» бағдарламасының мағынасы: файлдар мен папкалар, папкалардың аттары; компьютердің ішкі және сыртқы жады; принтерді қосу және өшіру тәртібі;

3) денсаулық пен қауіпсіздік: дербес компьютермен жұмыс жасауда қауіпсіздік техникасы. Компьютерлік сыныпта болудың тәртіп ережелері. Компьютерде жұмыс жасау кезіндегі гигиеналық талаптар. Көру қабілетін сақтау және көзге жүктемені азайту амалдары.

25. 10-сыныпқа арналған «Информатика» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) ақпараттық үдерістер – ақпараттық объектілерді құрып, жаңарту: Microsoft Windows (майкрасофт виндоус) бағдарламасын қолдану (тақырыпша, құралдар панелі, жұмыс алаңы, айналдыру жолағы); «Пуск» бастырмасын қолдану, «Пуск» бастырмасынан бағдарламаларды қосу; Windows (виндоус) терезесінің негізгі элементтері; терезені ашып, орына келтіру, жинақтау және жабу, терезенің мөлшерін өзгерту және айналдыру; Microsoft Word (майкрасофт виндоус) мәтін процессоры: құралдар панелі (стандартты, форматтау), бет параметрлері (азат жол, қағаз өлшемі, беттер нөмірлерін қою), мәтінді басу ережелері; құжатты алдын-ала көріп, басу; мәтінді көшіріп, орын алмастыру; нөмірленген және таңбаланған тізім құру; құжатты түрлі тәсілдермен сақтау; сөз бен мәтін бөліктерін белгілеу және көшіру, орын алмастыру; мәтінді форматтау: панельдер тақтасындағы белгілердің көмегімен шрифттің көлемі мен сызбасын белгілеу; азат жолдарды түзулеу, түзулеу түрлері; беттерді басып шығару, үзіндіні белгілеу; «Enter» (интер), «Shift» ()шифт, «Caps Lock» (капс лок) клавишаларын қолдану; Windows (виндоус) - тағы файлдық құрылым: жұмысқа дайындау, «Жетекші» бағдарламасындағы папкалардың құрылымын қарап шығу; «Менің компьютерім» белгісі арқылы берілген папканың құрамын қарап өту; «Жетекші» бағдарламасында файлдар мен папкаларды көшіру және орын алмастыру; файлдар мен папкаларды қайта атау және жою; «кәрзеңке» белгісі; «кәрзеңке» папкасын тазалау; экранның қосымшасын қондыру, сағат пен күнтізбені жөнге келтіру, тілді таңдау; файлдар мен папкаларды флеш-карта мен дискіде сақтау; дискіден файлдар мен папкаларды ашу;

2) компьютерлік жүйелер – компьютердің құрылымы: компьютердің негізгі және қосымша құрылғылары; Windows (виндоус) операциялық жүйесі; Microsoft Word (майкрасофт виндоус) мәтін процессоры; папкадағы мәлімет, «Менің компьютерім» белгісінің қызметтері; «Жетекші» бағдарламасының мағынасы: файлдар мен папкалар, олардың аттары; компьютердің ішкі және сыртқы жады; Windows (виндоус) анықтамалық жүйесі: анықтамалық жүйені шақыру; «Жетекші» бағдарламасынан анықтамалық жүйені шақыру; анықтамалық жүйенің тарауларынан ақпаратты іздеу; заттық меңзегіштің («Калькулятор») негізгі сөздерінен ақпаратты іздеу; компьютердің ішкі және сыртқы жады (оперативті, ұзақ мерзімді), флеш-карталар, дискілер; компьютер желілері: Internet (интернет) ғаламторы: Internet (интернет) глобалды желісі туралы түсінік; Internet Explorer (интернет эксплорер) бағдарламасын қосу; іздеу жүйелері, проводсыз желі, компьютер желілері;

3) денсаулық пен қауіпсіздік: дербес компьютермен жұмыс жасауда қауіпсіздік техникасы. Компьютерлік сыныпта болудың тәртіп ережелері. Компьютерде жұмыс жасау кезіндегі гигиеналық талаптар. Көру қабілетін сақтау және көзге жүктемені азайту амалдары. Электронды құралдардың адам ағзасына әсері; ақпараттық және онлайн қауіпсіздік: компьютерді зиянды бағдарламалардан сақтау амалдары; компьтерлік вирустар туралы түсінік; вирусқа қарсы бағдарламалар.

### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

26. Бағдарламада оқу мақсатын оңтайлы қолдану үшін кодтама берілген. Кодта бірінші сан сыныпты білдіреді, екінші және үшінші сан – тарау мен бөлім, төртінші сан оқу мақсатының нөмірленуін білдіреді. Мысалы, 8.2.1.4 кодында «8» – сынып, «2.1» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының нөмірленуі.

27. Оқу мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім «Ақпараттық үдерістер»:

1-кесте

| Бөлімше | Оқыту мақсаттары | | |
|---|---|---|---|
| | **8-сынып** | **9-сынып** | **10-сынып** |
| 1.1. Ақпаратты өлшеу және ұғыну | 8.1.1.1 қабылдау амалына қарай (көру, иіс пен дәм сезу, есту, тактильді) ақпараттың түрлерін атау және тани білу<br>8.1.1.2 адам ақпаратты қалайша алатынын түсіндіру<br>8.1.1.3 ақпарат алу тәсілдерін түсіндіру<br>8.1.1.4 ақпаратты беру амалдарын (телеграф, телефон, теледидар, интернет арқылы) атау<br>8.1.1.5 беру әдісіне қарай (саны, мәтіні, графика, дыбыс, бейне) ақпаратты ажырату 8.1.1.6 ақпаратты сақтаудың негізгі әдістерін атау 8.1.1.7 ақпарат көздері мен алу түрлерін ажырату<br>8.1.1.8 компьютер ақпараттың әртүрлі нұсқаларын (мәтіндік, графикалық, дыбыстық, бейне) алу, бері, талдау және сақтау құралы екендігін түсіну<br>8.1.1.9 компьютерді өмірде қолдану мысалдарын беру | 9.1.1.1 ақпаратты (графикалық, мәтіндік, дыбыстық, бейне) ажырату<br>9.1.1.2 ақпарат алу тәсілдеріне мысалдар келтіру<br>9.1.1.3 ақпаратты талдау әдістерін білу<br>9.1.1.4 ақпаратты сақтау әдістерін білу<br>9.1.1.5 қажетті ақпаратты іздей алу<br>9.1.1.6 ақпараттың қасиеттерін (толық, толық емес, қажетті, қажет емес) білу<br>9.1.1.7 компьютердің ақпараттың әртүрлі нұсқаларын (мәтіндік, графикалық, дыбыстық, бейне) алу, бері, талдау және сақтау құралы екендігін білу | |
| 1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру | 8.1.2.1 жалпы жұмыс үстелінің түрін білу<br>8.1.2.2 «Бастау» мәзірінің құрылымын білу<br>8.1.2.3 жұмыс үстелінің нысандарын белгілеу және алмастыру<br>8.1.2.4 «тышқан» манипуляторы көмегімен әрекеттерді орындау<br>8.1.2.5 Windows (виндоус) терезесі, «Менің компьютерім» папкасын білу, терезелерді ашу және жабу<br>8.1.2.6 пернетақтадағы сандар мен әріптер клавишаларының орналасуын білу<br>8.1.2.7 меңзерді басқару клавишілерін білу<br>8.1.2.8 «Калькулятор» бағдарламасын қосу кезектілігін білу 8.1.2.9 «Калькулятор» бағдарламасының көмегімен негізгі арифметикалық есептерді орындау | 9.1.2.1 Microsoft Word (майкрасофт ворд) бағдарламасын орындау үшін қосу<br>9.1.2.2 жұмыс үстелінің элементтерін білу<br>9.1.2.3 «Бастау» мәзірін қолдану, мәзір бойынша ауыстыру, мәзірді жабу<br>9.1.2.4 жұмыс үстеліндегі нысандарды белгілеу және алмастыру<br>9.1.2.5 терезені бұру, жылжытып қою, жабу<br>9.1.2.6 меңзерді басқару клавишін қолдану<br>9.1.2.7 пернетақтағы сандар мен әріптер клавиштерін қолдану<br>9.1.2.8 үлгі бойынша мәтінді басу<br>9.1.2.9 қаріп өлшемін таңдау 9.1.2.10 құжатты сақтау<br>9.1.2.11 «Бастау» мәзірінен «Калькулятор» бағдарламасын қосу<br>9.1.2.12 «Калькулятор» бағдарламасының көмегімен негізгі арифметикалық есептерді орындау<br>9.1.2.13 принтер басып шығарғышты қосу және өшіруді білу | 10.1.2.1 Microsoft Word (майкрасофт виндоус) мәтіндік бағдарламасын қолдану (тақырып атауы, құралдар панелі, жұмыс жиегі, айналдыру жиегі)<br>10.1.2.2 мәтінді дұрыс теру ережесін білу (кіші әріптер, тыныс белгілері, сөздер арасындағы бос орын, абзац пен символдарды өшіру)<br>10.1.2.3 «Enter» (интер), «Shift» (шифт), «CapsLock» (капс лок), «Delete» (делет), бос орын функционалдық клавиштерін қолдану<br>10.1.2.4 әртүрлі шрифтідегі мәтінді теру<br>10.1.2.5 құжаттарды сақтаудың әртүрлі әдістерін қолдану<br>10.1.2.6 мәтінді редакциялау және жиынтықтың негізгі ережелерін қолдану («тышқан» манипуляторы және пернетақтаның көмегімен мәтін ішінде жылжу, жолақтарды айналдыру, сөз бен мәтінді белгілеу, мәтінді көшіру)<br>10.1.2.7 мәтінді құрастыра білу (қаріптің жазылуы және өлшемін белгілеу, абзацтарды теңестіру)<br>10.1.2.8 құжатты сақтаудың негізгі әдістерін білу<br>10.1.2.9 кестемен жұмыстың негізгі әдістерін білу<br>10.1.2.10 Paint графикалық редакторын қолдану<br>10.1.2.11 құжатты шығарудың реттілігін білу |

2) 2-бөлім «Компьютерлік жүйелер»:

2-кесте

| Бөлімше | Оқыту мақсаттары | | |
|---|---|---|---|
| | **8-сынып** | **9-сынып** | **10-сынып** |
| 2.1 Компьютер құрылғысы | 8.2.1.1 компьютердің негізгі құрылғыларын (монитор, пернетақта, жүйелік блок) көрсету<br>8.2.1.2 компьютерді қуаттандыруға қосу және өшіру кезектілігін білу<br>8.2.1.3 компьютердің қосымша құрылғыларының атауын білу (манипулятор «тышқан», принтер, дыбыс күшейткіш)<br>8.2.1.4 Windows (виндоус) терезесінің негізгі бірліктерін білу<br>8.2.1.5 Windows (виндоус) жұмыс үстелінің элементтерін және түрлерін білу<br>8.2.1.6 пернетақта клавиштерінің топтарын атай білу<br>8.2.1.7 «тышқан» манипуляторы батырмасының атауын білу 8.2.1.8 «Калькулятор» бағдарламасын жіберудің кезектілігін білу<br>8.2.1.9 принтерді қосу және өшіру кезектілігін білу<br>8.2.1.10 дыбыс күшейткіштер дің атауын білу | 9.2.1.1 компьютердің негізгі құрылғыларын (монитор, пернетақта, жүйелік блок) анықтау<br>9.2.1.2 компьютердің негізгі құрылғыларының қызметін білу<br>9.2.1.3 пернетақта клавишаларының қызметін білу<br>9.2.1.4 Microsoft Word (майкрасофт ворд) бағдарламасын қосу тәртібін білу<br>9.2.1.5 окон Microsoft Word (майкрасофт виндоус) терезесінің элементтерін білу: тақырыпша, құралдар панелі, жұмыс алаңы<br>9.2.1.6 «Жетекші» бағдарламасының мақсатын білу<br>9.2.1.7 Windows (виндоус) -тағы файлдық құрылымдарды білу<br>9.2.1.8 компьютер жадының түрлері туралы түсінік болу: ішкі (оперативті) және сыртқы (ұзақ мерзімдік)<br>9.2.1.9 принтерді қосу және өшіру кезектілігін білу | 10.2.1.1 компьютердің негізгі құрылғыларының мақсатын мен қызметін білу<br>10.2.1.2 Windows (виндоус) операциялық жүйесін (жұмыс үстелі, Windows (виндоус) терезесінің негізгі элементтері) білу<br>10.2.1.3 Windows (виндоус) баптауын және файлдық құрылымын білу<br>10.2.1.4 «Жетекші» бағдарламасының мақсатын білу<br>10.2.1.5 Windows (виндоус) ақпараттық жүйесін білу<br>10.2.1.6 Windows (виндоус) баптауын білу<br>10.2.1.7 «Кәрзеңке» таңбасының қызметін білу<br>10.2.1.8 «Менің компьютерім» таңбасының қызметін білу<br>10.2.1.9 компьютер жадының түрлерін атау ішкі (оперативті) және сыртқы (ұзақ мерзімдік): диск, флеш-картаны сипаттау<br>10.2.1.10 принтермен жұмыс әрекетінің кезектілігін білу |
| 2.2 Компьютер желісі | | | 10.2.2.1 Ғаламдық Internet (интернет) желісі туралы түсінігі болу<br>10.2.2.2 Internet (интернет) арқылы қарапайым сұраныстарды (бір сипаты бойынша) қолдана отыра керекті ақпаратты іздеу<br>10.2.2.3 қарапайым деңгейде сымсыз байланыс артықшылықтарын түсіндіру<br>10.2.2.4 компьютер желілері туралы түсініктің болуы |

3) 3-бөлім «Денсаулық және қауіпсіздік»:

3-кесте

| Бөлімше | Оқыту мақсаттары | | |
|---|---|---|---|
| | 8-сынып | 9-сынып | 10-сынып |
| 3.1 Қауіпсіздік техникасы | 8.3.1.1 компьютерлік сыныптағы тәртіп ережелерін білу<br>8.3.1.2 дербес компьютермен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарын білу<br>8.3.1.3 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау<br>8.3.1.4 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау | 9.3.1.1 дербес компьютермен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік техникасы талаптарын орындау<br>9.3.1.2 компьютермен жұмыс орнын ұйымдастыра алу (ыңғайлылық және тиімділік үшін)<br>9.3.1.3 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау<br>9.3.1.4 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау | 10.3.1.1 дербес компьютермен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік техникасы талаптарын орындау 10.3.1.2 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау<br>9.3.1.3 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау<br>10.3.1.4 әртүрлі электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсері мысалдарын білу |
| 3.2 Ақпараттық және онлайн қауіпсіздігі | | | 10.3.2.1 компьютерді зиянды бағдарламалардан қорғаутуралы түсініктің болуы<br>10.3.2.2 вирусқа қарсы бағдарламалар туралы түсініктің болуы |

28. Осы Бағдарлама жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 8-10 сыныптардағы «Информатика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

29. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

*Жеңіл ақыл-ойы кемістігі бар білім алушыларға арналған 8-10 сыныптардағы «Информатика» пәнінен жаңартылғн мазмұндағы оқу бағдарламасына қосымша*

## Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 8-10 сыныптардағы «Информатика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

1) 8-сынып:

1-кесте

| Бөлім | Бөлімше | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| **1-тоқсан** | | |
| 1. Ақпараттық үдерістер | 1.1 Ақпаратты түсіну және өлшеу | 8.1.1.1 қабылдау амалына қарай (көру, иіс пен дәм сезу, есту, тактильді) ақпараттың түрлерін атау және тани білу<br>8.1.1.2 адам ақпаратты қалай алатынын қарапайым түрде түсіндіру<br>8.1.1.3 ақпарат алу тәсілдерін түсіндіру<br>8.1.1.4 ақпаратты беру амалдарын (телеграф, телефон, теледидар, интернет арқылы) атау 8.1.1.5 беру әдісіне қарай (саны, мәтіні, графика, дыбыс, бейне) ақпаратты ажырату |
| 2. Компьютер жүйелері | 2.1 Компьютер құрылғысы | 8.2.1.1 компьютердің негізгі құрылғыларын (монитор, пернетақта, жүйелік блок) көрсету 8.2.1.2 компьютерді қуаттандыруға қосу және өшіре білу<br>8.2.1.3 компьютердің қосымша құрылғыларының атауын білу (манипулятор «тышқан», принтер, дыбыс күшейткіш) |
| 3.Денсаулық және қауіпсіздік | 3.1 Қауіпсіздік техникасы | 8.3.1.1 компьютерлік сыныптағы тәртіп ережелерін білу<br>8.3.1.2 дербес компьютермен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарын білу |
| **2-тоқсан** | | |
| 1. Ақпараттық үдерістер | 1.1. Ақпаратты түсіну және өлшеу | 8.1.1.6 ақпаратты сақтаудың негізгі әдістерін атау<br>8.1.1.7 ақпарат көздері мен алу түрлерін ажырату<br>8.1.1.8 компьютер ақпараттың әртүрлі нұсқаларын (мәтіндік, графикалық, дыбыстық, бейне) алу, бері, талдау және сақтау құралы екендігін түсіну<br>8.1.1.9 компьютерді күнделікті өмірде қолдану мысалдарын беру |
| | 1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру | 8.1.2.1 жалпы жұмыс үстелінің түрін білу<br>8.1.2.2 «Бастау» мәзірінің құрылымын білу<br>8.1.2.3 жұмыс үстелінің нысандарын белгілеу және алмастыру<br>8.1.2.4 «тышқан» манипуляторы көмегімен әрекеттерді орындау |
| 2. Компьютер жүйелері | 2.1 Компьютер құрылғысы | 8.2.1.4 Windows (виндоус) терезесінің негізгі бірліктерін білу<br>8.2.1.5 Windows (виндоус) жұмыс үстелінің элементтерін және түрлерін білу |
| 3. Денсаулық және қауіпсіздік | 3.1 Қауіпсіздік техникасы | 8.3.1.3 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау<br>8.3.1.4 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау |
| **3-тоқсан** | | |
| 1. Ақпараттық үдерістер | 1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру | 8.1.2.5 Windows (виндоус) терезесі, «Менің компьютерім» папкасын білу, терезелерді ашу және жабу<br>8.1.2.6 пернетақтадағы сандар және әріптер клавишаларының орналасуын білу<br>8.1.2.7 меңзерді басқару клавишаларын білу |
| 2. Компьютер жүйелері | 2.1 Компьютер құрылғысы | 8.2.1.6 пернетақта клавишаларының топтарын атай білу<br>8.2.1.7 «тышқан» манипуляторы батырмасының атауын білу |
| 3. Денсаулық және қауіпсіздік | 3.1 Қауіпсіздік техникасы | 8.3.1.3 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау<br>8.3.1.4 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау |
| **4-тоқсан** | | |
| 1. Ақпараттық үдерістер | 1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру | 8.1.2.8 «Калькулятор» бағдарламасын қосу кезектілігін білу<br>8.1.2.9 «Калькулятор» бағдарламасының көмегімен негізгі арифметикалық есептерді орындау |
| 2. Компьютер жүйелері | 2.1 Компьютер құрылғысы | 8.2.1.8 «Калькулятор» бағдарламасын жіберудің кезектілігін білу<br>8.2.1.9 принтерді қосу және өшіру кезектілігін білу<br>8.2.1.10 дыбыс күшейткіштердің қызметін білу |
| 3. Денсаулық және қауіпсіздік | 3.1 Қауіпсіздік техникасы | 8.3.1.3 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау<br>8.3.1.4 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау |

2) 9-сынып:

2-кесте

| Бөлім | Бөлімше | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| **1-тоқсан** | | |
| 1. Ақпараттық үдерістер | 1.1 Ақпаратты түсіну және өлшеу | 9.1.1.1 ақпаратты (графикалық, мәтіндік, дыбыстық, бейне) ажырату<br>9.1.1.2 ақпарат алу тәсілдеріне мысалдар келтіру<br>9.1.1.3 ақпаратты талдау әдістерін білу |
| | 1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру | 9.1.2.1 MicrosoftWord (майкрасофт виндоус) бағдарламасын орындау үшін қосу, жұмыс істеу, бағдарламаны жабу<br>9.1.2.2 жұмыс үстелінің элементтерін білу<br>9.1.2.3 «Бастау» мәзірін қолдану, мәзір бойынша ауыстыру, мәзірді жабу |
| 2. Компьютер жүйелері | 2.1 Компьютер құрылғысы | 9.2.1.1 компьютердің негізгі құрылғыларын (монитор, пернетақта, жүйелік блок) анықтау<br>9.2.1.2 компьютердің негізгі құрылғыларының қызметін білу<br>9.2.1.3 пернетақта клавишаларының қызметін білу<br>9.2.1.4 Microsoft Word (майкрасофт виндоус) бағдарламасын қосу тәртібін білу |
| 3. Денсаулық және қауіпсіздік | 3.1 Қауіпсіздік техникасы | 9.3.1.1 дербес компьютермен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік техникасы талаптарын орындау<br>9.3.1.2 компьютермен жұмыс орнын ұйымдастыра алу (ыңғайлылық және тиімділік) |
| **2-тоқсан** | | |
| 1. Ақпараттық үдерістер | 1.1 Ақпаратты түсіну және өлшеу | 9.1.1.4 ақпаратты сақтау әдістерін білу<br>9.1.1.5 қажетті ақпаратты іздей алу<br>9.1.1.6 ақпараттың қасиеттерін (толық, толық емес, қажетті, қажет емес) білу<br>9.1.1.7 ақпаратты талдау әдістерін білу, компьютерден ақпараттың әртүрлі нұсқаларын (мәтіндік, графикалық, дыбыстық, бейне) алу, бері, талдау және сақтау құралы екендігін білу |
| | 1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру | 9.1.2.4 жұмыс үстеліндегі нысандарды белгілеу және алмастыру<br>9.1.2.5 терезені бұру, жылжытып қою, жабу 9.1.2.6 меңзерді басқару клавишасын қолдану |

(Жалғасы 22-бетте)

(Жалғасы. Басы 20-21-беттерде)

| | | |
|---|---|---|
| 2. Компьютер жүйелері | 2.1 Компьютер құрылғысы | 9.2.1.5 окон Microsoft Word (майкрасофт виндоус) терезесінің элементтерін білу: тақырыпша, құралдар панелі, жұмыс алаңы |
| 3. Денсаулық және қауіпсіздік | 3.1 Қауіпсіздік техникасы | 9.3.1.3 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау<br>9.3.1.4 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау |
| **3-тоқсан** | | |
| 1. Ақпараттық үдерістер | 1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру | 9.1.2.7 пернетақтадағы сандар мен әріптер клавиштерін қолдану<br>9.1.2.8 үлгі бойынша мәтінді басу<br>9.1.2.9 қаріп өлшемін таңдау<br>9.1.2.10 құжатты сақтау |
| 2. Компьютер жүйелері | 2.1 Компьютер құрылғысы | 9.2.1.6 «Жетекші» бағдарламасының мақсатын білу<br>9.2.1.7 Windows (виндоус) -тағы файлдық құрылымдарды білу |
| 3. Денсаулық және қауіпсіздік | 3.1 Қауіпсіздік техникасы | 9.3.1.3 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау<br>9.3.1.4 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау |
| **4-тоқсан** | | |
| 1. Ақпараттық үдерістер | 1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру | 9.1.2.11 «Бастау» мәзірінен «Калькулятор» бағдарламасын қосу<br>9.1.2.12 «Калькулятор» бағдарламасының көмегімен негізгі арифметикалық есептерді орындау<br>9.1.2.13 принтерді қосу және өшіруді білу |
| 2. Компьютер жүйелері | 2.1 Компьютер құрылғысы | 9.2.1.8 компьютер жадының түрлері туралы түсінік болу: ішкі (оперативті) және сыртқы (ұзақ мерзімдік)<br>9.2.1.9 принтерді қосу және өшіру кезектілігін білу |
| 3. Денсаулық және қауіпсіздік | 3.1 Қауіпсіздік техникасы | 9.3.1.3 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау<br>9.3.1.4 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау |

3) 10-сынып:
3-кесте

| Бөлім | Бөлімше | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| **1-тоқсан** | | |
| 1. Ақпараттық үдерістер | 1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру | 10.1.2.1 MicrosoftWord (майкрасофт виндоус) мәтіндік бағдарламасын қолдану (тақырып атауы, құралдар панелі, жұмыс жиегі, айналдыру жиегі)<br>10.1.2.2 мәтінді дұрыс теру ережесін білу (кіші әріптер, тыныс белгілері, сөздер арасындағы бос орын, абзац пен символдарды өшіру)<br>10.1.2.3 «Enter» (интер), «Shift» (шифт), «CapsLock» (капс лок), «Delete» (делет), бос орын функционалдық клавиштерін қолдану |
| 2. Компьютер жүйелері | 2.1 Компьютер құрылғысы | 10.2.1.1 компьютердің негізгі құрылғыларының мақсатын мен қызметін білу<br>10.2.1.2 Windows (виндоус) операциялық жүйесін (жұмыс үстелі, Windows (виндоус) терезесінің негізгі элементтері) білу<br>10.2.1.3 Windows (виндоус) баптауын және файлдық құрылымын білу |
| | 2.2 Компьютер желілері | 10.2.2.1 Ғаламдық Internet (интернет) желісі туралы түсінігі болу |
| 3. Денсаулық және қауіпсіздік | 3.1 Қауіпсіздік техникасы | 10.3.1.1 дербес компьютермен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік техникасы талаптарын орындау<br>10.3.1.2 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау<br>10.3.1.3 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау |
| **2-тоқсан** | | |
| 1. Ақпараттық үдерістер | 1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру | 10.1.2.4 мәтінді әртүрлі шрифтімен теру<br>10.1.2.5 құжаттарды сақтаудың негізгі әдістерін қолдану<br>10.1.2.6 мәтінді редакциялау және жиынтықтың негізгі ережелерін қолдану («тышқан» манипуляторы және пернетақтаның көмегімен мәтін ішінде жылжу, жолақтарды айналдыру, сөз бен мәтінді белгілеу, мәтінді көшіру) |
| 2. Компьютер жүйелері | 2.1 Компьютер құрылғысы | 10.2.1.4 «Жетекші» бағдарламасының мақсатын білу<br>10.2.1.5 Windows (виндоус) ақпараттық жүйесін білу<br>10.2.1.6 Windows (виндоус) баптауын білу |
| | 2.2 Компьютер желілері | 10.2.2.2 Internet (интернет) арқылы қарапайым сұраныстарды (бір сипаты бойынша) қолдана отыра керекті ақпаратты іздеу |
| 3. Денсаулық және қауіпсіздік | 3.1 Қауіпсіздік техникасы | 10.3.1.1 дербес компьютермен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік техникасы талаптарын орындау<br>10.3.1.2 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау<br>10.3.1.3 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау |
| **3-тоқсан** | | |
| 1. Ақпараттық үдерістер | 1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру | 10.1.2.7 мәтінді құрастыра білу (қаріптің жазылуы және өлшемін белгілеу, абзацтарды теңестіру)<br>10.1.2.8 құжатты сақтаудың негізгі әдістерін білу<br>10.1.2.9 кестемен жұмыстың негізгі әдістерін білу |
| 2. Компьютер жүйелері | 2.1 Компьютер құрылғысы | 10.2.1.7 «Кәрзеңке» таңбасының қызметін білу<br>10.2.1.8 «Менің компьютерім» таңбасының қызметін білу |
| | 2.2 Компьютер желілері | 10.2.2.2 Internet (интернет) арқылы қарапайым сұраныстарды (бір сипаты бойынша) қолдана отыра керекті ақпаратты іздеу |
| 3. Денсаулық және қауіпсіздік | 3.1 Қауіпсіздік техникасы | 10.3.1.1 дербес компьютермен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік техникасы талаптарын орындау<br>10.3.1.2 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау<br>10.3.1.3 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау |
| | 3.2 Ақпараттық және онлайн қауіпсіздігі | 10.3.1.4 әртүрлі электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсері мысалдарын білу |
| **4-тоқсан** | | |
| 1. Ақпараттық үдерістер | 1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру | 10.1.2.10 Paint (пейнт) графикалық редакторын қолдану<br>10.1.2.11 құжатты шығарудың реттілігін білу10.1.2.10 Paint (пейнт) графикалық редакторын қолдану<br>10.1.2.11 құжатты принтерде шығарудың реттілігін білу |
| 2. Компьютер жүйелері | 2.1 Компьютер құрылғысы | 10.2.1.9 компьютер жадының түрлерін атау ішкі (оперативті) және сыртқы (ұзақ мерзімдік): диск, флеш-картаны сипаттау<br>10.2.1.10 принтермен жұмыс әрекетінің кезектілігін білу |
| | 2.2 Компьютер желілері | 10.2.2.3 қарапайым деңгейде сымсыз байланыс артықшылықтарын түсіндіру<br>10.2.2.4 компьютер желілері туралы түсініктің болуы |
| 3. Денсаулық және қауіпсіздік | 3.1 Қауіпсіздік техникасы | 10.3.1.1 дербес компьютермен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік техникасы талаптарын орындау<br>10.3.1.2 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау<br>10.3.1.3 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау |
| | 3.2 Ақпараттық және онлайн қауіпсіздігі | 10.3.1.4 әртүрлі электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсері мысалдарын білу |

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығына 80-қосымша*

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 520-қосымша*

## Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-сыныбы үшін «Айналадағы әлем» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-сыныбы үшін «Айналадағы әлем» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Айналадағы әлем» пәнін оқу мақсаты – білім алушыларға табиғат туралы қарапайым түсінікті меңгерту, олардың табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғаттағы заңдылықтардың біртұтастығы туралы білім, ұғым, түсініктерін жинақтау және жүйелеу, алған білімді күнделікті өмірде қолдана білулерін дамыту.

3. «Айналадағы әлем» пәні бойынша келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

1) жалпы және сөйлеу тілі дамуындағы кемшіліктерді түзету;
2) танымдық әрекеттерді дамыту;
3) қоршаған әлем туралы түсініктерді кеңейту және байыту;
4) негізгі оқу пәндерін оқу барысында қажетті қарапайым түсініктер мен ұғымдарды қалыптастыру;
5) көру, салыстыру, жинақтау, нақтылау, қарапайым тұжырымдама жасау, қарапайым себеп-салдарлық байланысты табу қабілетін дамыту;
6) білім алушылардың сөздік қорын байыту;
7) әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру;
8) өз халқының, әртүрлі халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүріне, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға деген сыйласымдылық сезімін қалыптастыру;
9) өмірлік іс-әрекеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жаратылыстану ғылыми білімді күнделікті өмірде қолдану, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық және қоршаған ортаны қорғау дағдыларын дамыту;
10) қоршаған ортаға, қоғамның табиғи және мәдени құндылықтарына жағымды қатынасты қалыптастыру.

### 2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. Бағдарлама келесі ойлау және қатынас дағдылары мен икемділіктердің негізін қалыптастыруға бағытталған:

1) өлі және тірі табиғат құбылыстарын бақылау және зерделеу;
2) бақылау және тәжірибе жұмысы барысында алынған мәліметтерді ауызша сипаттау;
3) себеп-салдардық байланысты табу;
4) өсімдіктер, жануарлар (жәндіктер, құстар) және адам өміріндегі өзгерістерді бақылау процесінде алынған білімді жинақтау;
5) бақылау және зерделеу нәтижелерін әңгіме түрінде ұсыну.

5. «Айналадағы әлем» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдерінің жүзеге асырылуы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогикалық принциптерге негізделген.

6. Білім алушыларды оқытудағы түзете дамыту принципі білім алушының даму кемшілігі табиғатының ерекшелігіне сәйкес ағзаның сақталған атқарымдары мен жүйесін тірек ете отырып құруды білдіреді.

7. Берілген курстың маңызды түзету мақсаты – қоршаған болмыстың заттары мен құбылыстарымен танысу негізінде ауызша сөйлеу тілін, танымдық әрекетін дамыту. Коммуникативті құрал ретінде сөйлеу тілін дамыту - ересектермен, құрдастармен сөйлесе алуды қалыптастыру болып табылады. Сөйлеу тілінің лексикалық, синтаксистік жақтары, ауызша байланыстырып сөйлеу тілін дамытылады.

8. Түзете дамыту бағыттылығы оқу әрекетін арнайы әдіс-тәсілдермен қамтамасыз етеді:

1) оқыту процесін баяулату;
2) оқылатын материалды көп рет қайталау және оны әр түрлі жағдайларда жаңғырту үшін жағдай тудыру;
3) білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін есепке ала отырып сараланған тапсырмаларды әзірлеу;
4) өзінің пікірін айтуға және дәлелдеуді дамытуға арналған уәждік жағдайларды тудыру;
5) білім алушылармен қолжетімді зерттеу жұмыстарды өткізуге негізделген белсенді оқыту түрін ұйымдастыру.

9. Педагогикалық міндеттер сабақтағы білім алушылардың әрекет түрлері дұрыс таңдалған жағдайда табысты шешіледі. Оқылатын құбылыстар мен заттарды тікелей бақылау (экскурсияда), білім алушының заттық-тәжірибелік, ақыл-ой және сөйлеу тілдік әрекеттері, сондай-ақ ойын әрекеттері (дидактикалық, жағдаяттық-рөлдік, үстел үстілік ойындар, ереже бойынша ойындар) жетекші әрекеттер болады.

10. Саралау және жекелеу тәсілдеме қағидасы. Ұжымдық оқу процесі жағдайындағы білім алуда ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға қатыстысараланған тәсілдеме бұзылыстары бір санаттағы оқушылардың вариативтік типологиялық ерекшеліктерінің барлығына шартты болады. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы түрде болады. Жекешелеу тәсілі саралау тәсілінің нақтыламасы болып табылады.

11. Арнайы педагогикалық басшылықтың қажеттілік принципі. Педагог жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушы дамуының жалпы заңдылығын, сыныптағы әрбір білім алушының танымдық мүмкіндігін, арнайы педагогикалық көмек тәсілдерін біле отырып, білім алушылардың оқу-танымдық әрекетін ұйымдастырып қана қоймай, сонымен бірге, бұл процессті басқара алады.

12. Білім алушылардың бақылау және тәжірибе әрекеттері процесіндежинаған білім, түсініктері сөйлеу тілінде (айтылымда, әңгімеде, сипаттамада) жалпыланады. Байланыстырылған сөйлеу тілін қалыптастыруға және мәдениетті қарым-қатынас дағдыларын тәрбиелеуге үлкен көңіл бөлінеді.

13. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі -АКТ) дамыту және түзету міндеттерін шешу үшін қажетті оқыту жағдайларын «құрастыруға» көмектесе отырып, арнайы білім беру педагогы үшін қажетті құралдардың арсеналын кеңейтеді.

14. Сабақтарда АКТ-ны қолдануда ұсынылатын мақсаттар:

1) оқу процесің даралау;
2) тікелей бақылаудан жасырын және кез келген қажетті күрделі белгілік пішіндегі танымдық нысандарды үлгілеу;
3) білім алушының өзінің әрекетін шынайы және кешеуілдетілген уақыт тәртібінде талдау үшін көзбен көруге болатын қосымша динамикалық тірек құру; топтық оқыту жағдайындағы жекеленген өнімдік әрекеттену мүмкіндігімен қамтамасыз ету; жекеленген сапалы оқыту мүмкіндігін кеңейту.

15. «Айналадағы әлем» пәнін сапалы және тиімді оқыту процесін ұйымдастыру үшін кабинеттер санитарлық-гигиеналық нормаларды есепке ала отырып, қажетті құрал-жабдықтармен жарақтандырылады:

1) сынып бөлмесіндегі жиһаз жұмысты әр түрлі түрде (жеке, жұп немесе топ ішінде) және әр түрлі түрін ұйымдастыру үшін қозғалмалы болады;
2) білім алушылардың жұмыстарын және көрнекілік құралдарды қоюға арналған стенділерді, кітап сөрелерін орналастыратын орындарды қарастырылады;
3) зертханалық және тәжірибе жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жаратылыстану және география кабинеттерінің жабдықтары;
4) Microsoft Office (майкрософт офис) пакеті орнатылған және интернетке қосылған компьютерлер; әр түрлі тақырыптардағы аудио және бейне материалдар жиынтығы;
5) тақырыптарға сәйкес анықтамалар, энциклопедиялар, плакаттар, үлгілер.

16. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау ішкі бағалау құралдарымен жүзеге асады. Оқыту бағдарламасын меңгерудің нәтижелері сыныпта тікелей мұғалімнің қатысуымен оқыту процесі барысында бағаланады. Педагог бақылап бағалау әрекетін жүйелі түрде жүзеге асырады.

17. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымдық (әр сабақта), мерзімдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде жүргізіледі.

18. Ағымдық бақылау білім алушыларды сабақ үстінде бақылау, өзіндік және тәжірибелік жұмыстарды талдау, қызметтің ұжымдық түрлерінің көмегімен орындалады. Әр сабақтағы бақылау оқыту үдерісінің сапасын қамтамасыз ету үшін педагогтардың қолданған оқыту әдістерінің мазмұнын түзету мақсатында жүргізіледі. Мұндай бақылау білім алушылардың қарым-қатынасында тәрбиелік және ынталандырушы сипатқа ие.

19. Мерзімдік бақылау бөлімнің бағдарламалық тақырыбы және тарауды меңгерген соң жүргізіледі. Белгілі тақырып шеңберіндегі оқу материлдарын меңгерудің нәтижесі білім алушылардың әр типологиялық тобында әртүрлі болады (В.В. Воронкова бойынша). 1-типологиялық топтағы білім алушылар білімін қолдану деңгейінде оқыту материалын меңгеруді көрсетеді. 2-типологиялық топтағы білім алушылар тақырыптың негізгі мазмұнын түсінгенін көрсетеді. 3-типологиялық топтағы білім алушылар тану деңгейінде материалды меңгереді және өз білімін өзекті етуде мұғалімнің көмегін қажет етеді. 4-типологиялық топтың білім алушылары олардың жетістігін бағалау жүргізілетін жеке бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылады.

20. Қорытынды бақылау тоқсан мен жылдың соңында жүргізіледі. Педагог сыныптағы әр білім алушының жетістіктері еркін картаға тіркелген, оқу жылында бақыланған жетістігін және даму динамикасын талдайды.

21. Бағалау шаралары көмегімен алынған мәлімет білік пен дағдыны меңгеру барысында туындаған қиындықтарға уақытылы жауап беруге мүмкіндік береді. Педагог білім алушыларға жеке көмек беру тәсілдері және мазмұнын анықтайды.

22. Бағдарлама «Жаратылыстану», «География», «Тарих»пәндерін ары қарай оқуға бағытталған кіріктірілген курс болып табылады.

### 3-тарау. «Айналадағы әлем» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

23. «Айналадағы әлем» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта– аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

24. Бағдарламаның мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарынан құралған бөлімшелерден тұрады.

25. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) 1-бөлім «Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер. Жыл мезгілдері»;
2) 2-бөлім «Табиғат»;
3) 3-бөлім «Менің Отаным – Қазақстан»;«Сөйлеу тілдік дағдыларды қалыптастыру».

26. «Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер. Жыл мезгілдері» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) күзгі жемістер – денсаулық көзі. Күзгі өзгерістер туралы мәліметтерді қорытындылау;
2) қысқы табиғаттағы өзгерістердің адамдар еңбегіне тигізетін әсері;
3) көктемнің әр түрлі кезеңдеріндегі табиғаттағы өзгерістер;
4) табиғаттағы жаздық байқалымдар туралы мәліметтерді қорытындылау.

27. «Табиғат» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) тірі табиғаттағы процесстер;
2) өлі табиғаттағы процесстер.

28. «Менің Отаным – Қазақстан» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) Қазақстанның өнеркәсібі;
2) Қазақстандағы ауыл шаруашылық.

29. «Сөйлеу тілдік дағдыларды қалыптастыру» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) сөздік қорды кеңейту;
2) байланыстырылған сөйлеу тілін дамыту.

30. 5-сыныпқа арналған «Айналадағы әлем» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) табиғаттағы мезгілдік өзгерістер. Күннің табиғаттағы өзгерістерге (ауа, су температурасы, жылулық көлемі) тигізетін әсері туралы алған білімін жалпылау. Жыл мезгілінің ауысуына байланысты табиғаттағы өзгерістер. Жыл айларының атауларын бекіту. Жылдың әр түрлі мезгілдеріндегі өсімдіктер. Жылдың әр түрлі мезгілдеріндегі бақ, бақша, егістік, орман, дала, тау. Жылдың әр түрлі мезгілдеріндегі жабайы және үй жануарлары. Жылдың әр түрлі мезгілдеріндегі қаладағы және ауылдағы адамдардың еңбегі;

2) менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан Республикасының өнеркәсібі. Республикадағыөнеркәсіптік ірі қалалар. Қазақстандағы пайдалы қазбалар – көмір, мұнай, газ, сондай-ақ осы жергілікті жердегі пайдалы қазбалар. Олардың адам өміріндегі маңызы. Қазақстандағы аса бір ірі кен орындары. Қазақстанның ауылшаруашылығы: мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы. Бидай өсіру аймақтары. Нанның адам өміріндегі рөлі. Нанға ұқыптылықпен қарау. Суретшілер мен жазушылар шығармаларындағы Қазақстанның табиғаты;

3) табиғат. Су – барлық тіршіліктің өмір сүру шарты. Судың табиғаттағы рөлі. Суды өнімдерді өндіруде пайдалану. Судың ластану себептері. Су қоймаларының жанындағы тәртіп ережелері. Суды үнемдеу. Ауа – тыныс алу негізі. Ауаның өсімдіктер, жануарлар, адамдар өміріндегі рөлі. Ауаның ластану көздері – фабрикалар, зауыттар, көліктер. Лас және таза ауаның адамның денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктердің жағдайына тигізетін әсері. Топырақ. Топырақтың өсімдіктер, жануарлар, адам үшін маңызы. Адамның топырақтың құнарлылығын сақтаудағы рөлі. Табиғатқа ұқыпты қарау, адамның оның алдындағы жауапкершілігі. Тірі табиғат. Өсімдіктер. Ағаштардың, бұталардың, шөптесін өсімдіктердің ортақ және айырмашылық белгілері. Өсімдіктің өмір сүру шарты – топырақ, су, ауа, жарық. Өсімдіктің сыртқы түрінен жеке талаптардың жетіспеушілігін анықтау. Мәдени өсімдіктер (бақ, бақша, егістік өсімдіктері). Сыртқы түрі, өсу шарты, өсу орны, адам күтіміне тәуелділігі. Жабайы өсетін өсімдіктер – сыртқы түрі, өсу орны мен ерекшеліктері. Өсімдіктердің тұқыммен және шыбықпен көбеюі. Топырақты тұқым себуге дайындау. Өсімдік дамуының шарты және кезеңдері (тұқым, өскін, жапырақтары бар сабақ, гүл, жеміс), өсімдіктерді күтудің негізгі және қосымша ережелері. Тірі табиғат. Жануарлар. Жануарлар әлемі өкілдерінің сан алуан түрлері – аңдар, құстар, балықтар, жәндіктер. Жануарлардың өсімдіктен айырмашылықтары. Жануарлардың өсімдіктерді пайдалануы. Жануарлардың, құстардың қозғалу, жауларынан қорғану үшін бейімделуі. Үй және жабайы жануарлар – сыртқы түрі, мекендеу орны бойынша ұқсастықтары және айырмашылықтары. Шөпқоректі жануарлар – қоян, тиін, сиыр, ешкі. Олардың қоректену тәсілдері. Ересек жануарлар мен олардың төлдерінің атаулары. Жыртқыш жануарлар – қасқыр, түлкі. Қылықтары, қоректену ерекшеліктері, төлдері. Қорек талғамайтын жануарлар – аю, кірпі, шошқа. Жыртқыш жануарлармен шөп қоректі жануарлардың қоректену тәсілі бойынша айырмашылықтары. Пайдалы және зиянды жануарлар (адам, жануарлар үшін зияны және пайдасы);

4) байланыстырып сөйлеуді дамыту: сөздік қорын кеңейту; бақылау және заттық-тәжірибелік іс-әрекеттің нәтижесінде сөйлем құрастыру; диалогпен сөйлеуді дамыту; сурет, сюжеттік суреттер бойынша қысқаша әңгімелерді құрастыру; білім алушылардың сөйлеу тілі грамматикалық құрылысын, сөйлеу мәнерлігін жетілдіру.

31. Бағдарламадағы оқу материалын тоқсандар бойынша бөлу үлгілік болып табылады, білім алушылардың оқу материалын меңгеруін есепке ала отырып мұғалімнің тоқсандар арасында ауыстыруға құқығы бар. Мұғалім тақырыптарды оқу біріздiлiгін жергілікті табиғи жағдайларға байланысты анықтайды. Әр сыныптағы оқу өткен материалдарды қайталаудан басталады. төртінші тоқсанның негізгі уақыты жыл бойы өткенді қайталауға және жеке білім алушылардың біліміндегі кемістіктерін түзетуге арналады.

### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

32. Бағдарламада оқу мақсатын оңтайлы қолдану үшін кодтама берілген. Кодта бірінші сан сыныпты білдіреді, екінші және үшінші сан – тарау мен бөлім, төртінші сан оқу мақсатының нөмірленуін білдіреді. Мысалы, 5.2.2.1 кодындағы «5» – сынып, «2.2» –бөлімше, «1» – оқу мақсатының реттік саны.

33. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім «Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер. Жыл мезгілдері»:
1-кесте

| Бөлімше | Оқыту мақсаттары |
|---|---|
| | **5-сынып** |
| 1.1 Күзгі жемістер – денсаулық көзі. Күзгі өзгерістер туралы мәліметтерді қорыту | 5.1.1.1 күннің табиғаттағы (ауаның, судың температурасы, жылылық көлемі) өзгерістерге, жыл мезгілінің ауысуына әсері туралы алған білімді қорытындылау<br>5.1.1.2 адамның тамақтануындағы көкөністер мен жемістердің маңызын ұғыну; негізгі дәрумендер, олардың адам денсаулығын нығайтудағы рөлі туралы түсініктердің болуы; тиімді тамақтану ережелерін білу<br>5.1.1.3 өсімдіктердің, жануарлардың (жәндіктер, құстар), адамның күздегі өміріндегі өзгерістер туралы бақылау барысында алған білімді қорытындылау<br>5.1.1.4 табиғаттағы күзгі өзгерістер себебін түсіндіре білу<br>5.1.1.5 күздің әр түрлі кезеңдерінде ауа мен су температурасын өлшеу, өлшеу нәтижелерін табиғатты бақылау күнделігінде тіркеу<br>5.1.1.6 «Тиімді тамақтану ерекшеліктері» журналын ауызша дайындау<br>5.1.1.7 «пайдалы – пайдалы емес» ойынына қатысу<br>5.1.1.8 салауатты мәзірді құрастыру – жаңа піскен көкөністер мен жемістерден дайындалған тағамдар<br>5.1.1.9 жаңа піскен көкөністер, жемістер мен аскөктен жеңіл тағам дайындай білу<br>5.1.1.10 күзгі көкөністерді дайындауға – қырыққабатты және қиярды тұздауға көмектесу<br>5.1.1.11 аспаздық тағамдарды дайындау үшін тамақ өнімдерін өлшеу<br>5.1.1.12 ауа райына қарай киіне білу<br>5.1.1.13 бақшадағы, бақтағы, мектеп жанындағы үлескедегі күзгі жұмыстарға қатысу |
5) табиғатқа деген қарым-қатынасын қалыптастыру.

**2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

4. Бағдарлама «Айналадағы әлем» пәні шеңберіндегі білім алушылардың бұрынғы дайындығын ескере отырып құрылған. Курсты меңгеру барысында «География» (Қазақстан географиясы, құрлықтар мен мұхиттар географиясы), «Тарих» (Біздің өлкенің тарихы), сондай-ақ ана тілінің, оқу және математиканың курстарымен пәнаралық байланыс орнатылады.

5. «Жаратылыстану» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер арнайы педагогика принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады:

1) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың түзете-дамыту бағыттылығы оқу әрекетінің арнайы әдістері және тәсілдерімен қамтамасыз етіледі. Ойлау процестерінің енжарлығы, танымдық белсенділіктің төмендігі, ойлау қызметінің жалпылау және абстракциялаудың әлсіздігі, сөйлеу тілі дамуының кешеуілдеуі ескеріледі. Білім алушылармен жұмыс барысында еліктеу қабілеттері және сақталған көрнекі-әрекеттік ойлау мүмкіндіктеріне сүйенеді. Тірі және өлі табиғат туралы қалыптасқан түсініктері білім алушылардың мынадай психикалық қызметтерін: қабылдау, есте сақтау, сөйлеу және ойлауды дамыту үшін жағдай жасайды. Бастаған жұмысты аяғына дейін жеткізу, күш жетерлік қиындықтарды жеңу, ұқыптылық пен дербестік көрсете білуі сияқты тұлғалық қасиеттері қалыптастырылады;

2) оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыттылығы тұлғаның әлеуметтік бейімсіздігін жеңу немесе азайтуды болжайды. Әлеуметтік өмірге қатысуға қажетті тәртіп нормалары мен өмірлік дағдыларды білім алушылардың меңгеруі бойынша арнайы жұмыс қарастырылады;

3) оқытудағы әрекеттік тәсіл оқыту процесінде педагогтың басшылығымен оқу материалын ұғынуға жағдай жасайтын заттық-тәжірибелік әрекет қолдануды қарастырады. Заттық-тәжірибелік әрекет жоғары психикалық қызметтердің сенсомоторлық негізін дамытады (қабылдау, сөйлеу, ойлау), білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігін қалпына келтіреді, сонымен қоса білім, біліктер мен дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Оқу пәнінің мазмұнын меңгеру білім алушылардың бақылау жүргізуі, зертханалық және тәжірибелік жұмыстарды орындауы, тәжірибелер жүргізуі және экскурсияларға қатысуын қарастырады;

4) саралау және жекелеу тәсілі білім алушылардың оқу материалын меңгеру кезінде көрініс табатын вариативті типологиялық ерекшеліктерінің болуымен шартталған және алған білімі, біліктері мен дағдыларының сапасына әсер етеді. Білім беру процесі 4 типологиялық топты (В.В. Воронкова бойынша) қосатын педагогикалық топтастыру негізінде іске асырылады. Білім алушылардың әрбір типологиялық тобына педагог білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес күрделілігі мен көлемінің қолжетімділігін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдайды. Оқу жұмысының жылдамдығы, білім алушының дербестік дәрежесі, оқыту әдістері мен тәсілдері түрленеді. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы. Саралау тәсілі оқытуды жекешелендірумен толықтырылады;

5) оқу-танымдық және практикалық әрекетке арнайы педагогикалық басшылық ету қажеттілігі танымдық белсенділігінің төмендігі, ойлау қызметінің талдау және жалпылау әлсіздігімен шартталған.

6. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі – АКТ) білім беру, дамыту және түзету міндеттерін шешуге қажетті оқыту шарттарын «салып бітіруге» көмектесе отырып, педагог тәсілдерінің арсеналын кеңейтеді.

7. Сабақтарда АКТ-ны келесі мақсаттарда қолданылады:

1) үздіксіз бақылаудан күрделі және жасырын таным объектілерін үлгілеу;

2) шынайы режимдегі және мерзімі ұзартылған уақыттағы зерделенетін табиғи құбылыстарды білім алушылардың талдауы үшін қосымша визуалды динамикалық сүйеніштерді құру.

(Жалғасы 24-бетте)

**(Жалғасы. Басы 20-23-беттерде)**

8. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың «Жаратылыстану» пәні бойынша оқу материалдарын меңгеру нәтижелерін бағалау нормалары бағдарламада берілген мақсаттылыққа бағытталып, білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру және бағалауды ұйымдастыру кезінде бірыңғай тәсілдерді жүзеге асыруға бағытталған.

9. Бағалау тәсілдері оқыту мақсаттарына сәйкес дағдылардың көмегімен қалыптастырылған тапсырмалар мен жаттығулар болып табылады. Ақыл-ой кемістіктері бар білім алушыларды оқыту нәтижелерін бағалау кезінде тестілеу қолданылмайды.

10. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау ішкі бағалау тәсілдерімен жүзеге асырылады. Бағдарламаны меңгеру нәтижелерін сабақтарда мұғалім білім беру процесі барысында бағалайды. Педагог жүйелі түрде бақылаушы бағалау әрекеттерін атқарады.

11. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту нәтижелілігін бағалау ағымдағы (әр сабақтың), мерзімді (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде жүзеге асады.

12. Ағымдағы бақылау білім алушының әрекетін сабақта бақылау, тәжірибелік және өздік жұмыстарын талдау, әрекеттің ұжымдық түрлері көмегімен жүзеге асырылады. Әр сабақты бақылау оқыту процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін педагог қолданатын оқыту мазмұны мен әдістерін түзету мақсатында жүргізіледі. Бақылау ынталандырушы және білім алушыларға қатысты тәрбиелеуші сипатқа ие.

13. Мерзімді бақылау бағдарлама тақырыбы мен бөлімін зерделеп болған соң жүргізіледі. Нақты тақырып шеңберіндегі оқу материалын зерделеу нәтижелері білім алушыларда типологиялық топтар әркелкі болады. 1-типологиялық топ (В.В. Воронкова бойынша) білім алушылары білімдерді қолдану деңгейінде оқу материалын меңгергенін көрсетеді. 2-типологиялық топ білім алушылары тақырыптың негізгі мазмұнын түсінгенін көрсетеді. 3-типологиялық топ білім алушылары білу деңгейінде материалды игереді және өз білімдерін көкейкесті етуде мұғалім көмегін талап етеді. 4-типологиялық топ білім алушылары олардың жетістіктерін бағалауды іске асыру шеңберіндегі жеке бағдарлама бойынша білім алады.

14. Қорытынды бақылау тоқсан не жылдың соңында жүреді. Оқу жылы ағымында бақыланып, білім алушылардың жетістіктерінің жиынтық картасында тіркелетін сыныптың әрбір білім алушысының даму динамикасы мен табыстылығын педагог талдайды.

15. Бағалау процесінің көмегімен педагог арқылы алынатын ақпарат дағдылар мен біліктерді меңгеру барысында туындайтын қиындықтарға уақтылы және дұрыс әрекеттесуге мүмкіндік береді. Педагог білім алушыларға жеке көмектің мазмұны мен тәсілдерін анықтайды.

16. Тиімді түрде қарым-қатынас болу мақсатында сынып жиһаздары түрлі формада (жеке, жұптық және топтық) және түрде жұмыстарды жүргізу мақсатында қозғалмалы болады.

17. «Жаратылыстану» пәні бойынша оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру мақсатында сабақ сәйкес келетін көрнекі және дидактикалық материалмен қастамасыз етіледі.

18. Сынып бөлмесіндегі жиһаз түрлі формада (жеке, жұптық және топтық) және әртүрлі жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында қозғалмалы болады. Білім алушылардың жұмыстарын және көрнекілік құралдарды қоюға арналған стендтер, кітап сөрелерін орналастыратын орындарды қарастырады.

### 3-тарау. «Жаратылыстану» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

19. «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:
1) 6-сыныпта – 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
2) 7-сыныпта – 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
3) 8-сыныпта – 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
4) 9-сыныпта – 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

20. «Жаратылыстану» пәні бойынша бағдарламаға оқу материалдарын құрылымға бөлу негізіне білім алушыларға беріп отырған ақпаратты біртіндеп және ретпен күрделендіруге мүмкіндік беретін сызбалы әдіс салынған. «Жаратылыстану» оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:
1) 1-бөлім «Өлі табиғат» (6-сынып);
2) 2-бөлім «Өсімдіктер» (7-сынып);
3) 3-бөлім «Жануарлар» (8-сынып);
4) 4-бөлім «Адам» (9-сынып).

21. «Өлі табиғат» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) табиғат. Тірі және өлі табиғат;
2) су;
3) ауа;
4) пайдалы қазбалар;
5) топырақ.

22. «Өсімдіктер» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) өсімдіктердің көп түрлілігі және оларды қорғау;
2) өсімдік – біртұтас ағза (гүлдейтін өсімдіктермен жалпы таныстыру);
3) өсімдік әлемінің көп түрлігігі: бактериялар, саңырауқұлақтар, мүктер, папоротниктер;
4) Қазақстанның ағаш өсімдіктері;
5) Қазақстанның екпе өсімдіктері;
6) Қазақстанның ауылшаруашылық өсімдіктері;
7) Қазақстанның шөптесін өсімдіктері;
8) сәндік гүл өсімдіктері.

23. «Жануарлар» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) жануарлар әлемінің көп түрлілігі;
2) омыртқасыз жануарлар;
3) омыртқалы жануарлар: балықтар; қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар; құстар; сүтқоректілер; ауылшаруашылығы шөппен қоректенетін сүтқоректілер.

24. «Адам» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:
1) адам – тірі табиғаттың бөлігі;
2) адам ағзасының жалпы ерекшеліктері;
3) тірек пен қозғалыс;
4) ас қорыту;
5) қан және қан айналымы;
6) тыныс алу;
7) зат бөлу;
8) тері;
9) жүйке жүйесі;
10) сезім органдары;
11) көбею мен даму;
12) денсаулықты сақтау.

25. 6-сыныпқа арналған «Жаратылыстану» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) табиғат: тірі және өлі табиғат. Өлі табиғат объектілері мен құбылыстары, олардың өзгеруі. Қатты денелер, сұйықтықтар мен газдар. Қатты денелердің сұйықтықтарға, сұйықтықтардың газдарға ауысуы. Біз тұратын планета – Жер. Жердің формасы мен көлемі. Күн мен түннің ауысуы, жыл мезгілдерініңі ауысуы. Экскурсиялар: өлі табиғат объектілерімен таныстыру;

2) су. Су – өмірдің қажетті шарты. Табиғаттағы су: шық, тұман, бұлт, жауын-шашын, бұлақтар, су қоймалары (өзен, көл, тоған, теңіз). Судың қасиеттері: формасының тұрақсыздығы, ағысы, жылытқан кезде судың кеңеюі мен салқындатқан кездегі сығылуы. Судың кейбір қатты заттарды еріту қасиеті. Судың қасиеттерін есептеу және қолдану. Еритін және ерімейтін заттар. Мөлдір және лай су. Лай суды тазалау. Ерітінділер, оларды қолдану. Табиғаттағы ерітінділер: минералды және теңіз суы. Ауызсуы. Судың үш күйі. Су температурасы және оны өлшеу. Температура өлшем бірлігі – градус. Суды тұрмыста, өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, көлік, демалыс пен шынығу үшін қолдану және суды пайдалану мысалдарын келтіру. Тұрмыста суға ұқыпты қарау. Экскурсиялар: жергілікті су қайнаркөздерімен таныстыру. Тәжірибелер: жылытқан кезде судың кеңеюі мен салқындатқан кездегі сығылуы. Суда тұз бен қанттың еруі. Лай суды фильтрлеу әдісімен тазарту. Тұздарды ауызсу, минералды және теңіз суынан булау. Практикалық жұмыс: судың (суық, ыстық, жылы) температурасын өлшеу;

3) ауа. Ауа – өмірдің қажетті шарты. Ауаның қасиеттері: мөлдірлік, түссіздік пен тығыздығы. Ауаның тығыздығын қолдану. Ауаның жылу өткізгіштігі. Ауаның жылытқан кезде судың кеңеюі мен салқындатқан кездегі сығылуы. Жылы ауа суық ауадан жеңілірек, жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауа қозғалысы. Ауа құрамы: оттегі, көмірқышқыл газы мен азот. Оттегі, оттегінің жануын үдету қасиеті. Өсімдіктер, жануарлар мен адам үшін оттегі мен ауаның маңыздылығы. Оттегін медицинада қолдану. Көмірқышқыл газы мен оның жануды қолдамау қасиеті. Көмірқышқыл газын өртті сөндіруде қолдану. Таза және лас ауа. Ауадағы қосындылар (су буы, түтін, шаң). Ауаны ластанудан қорғау қажеттілігі. Адамның ауада ұшуы. Ғарышты игеруі. Тәжірибелер: күбіртік заттарда (қант, кепкен нан, көмір, топырақ) ауаны байқау. Ауа көлемді алады. Тығыз ауа. Ауаның жылуды нашар өткізгіш қасиеті. Ауаны кеңейту мен сығу. Оттегі мен көмірқышқыл газын алу. Практикалық жұмыс: майшамның жалынының өзгеруін бақылау;

4) пайдалы қазбалар. Пайдалы қазбалардың әртүрлілігі (қатты, газ тәріздес). Қазақстанның пайдалы қазбаларының байлығы. Құрылыс материалдары ретінде қолданылатын пайдалы қазбалар: гранит, әктастар, балшық, құм. Жанатын пайдалы қазбалар: шымтезек, тас көмір, мұнай, табиғи газ. Минералды тыңайтқыштарды алуда пайдаланылатын пайдалы қазбалар: калий тұзы мен фосфаттар. Металлдарды алу үшін қолданылатын пайдалы қазбалар: темір және мыс кендері. Экскурсиялар: өлкетану мұражайларына. Тәжірибелер: ыстық пайдалы қазбалардың кейбір қасиеттерін анықтау, калий тұзы мен фосфориттердің ерігіштігін анықтау. Практикалық жұмыстар: қара және түсті металдарды тану. Тас көмірдің жануын бақылау;

5) топырақ. Топырақтың құрылуы мен құрамы. Топырақтың минералды және органикалық бөліктері. Құмды және сазды топырақтар. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлылық. Жергілікті топырақ түрлері. Топырақты өңдеу. Топырақтың жалаңаштануы жерлеріне экскурсиялар. Тәжірибелер: ауаны су мен топырақтан шығару. Құм мен сазды шығару. Практикалық жұмыстар: құм мен сазды топырақты ажырату. Мектеп жанындағы жер телімінде топырақты өңдеу.

26. 7-сыныпқа арналған «Жаратылыстану» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) өсімдіктер әлемінің көптүрлілігі және оларды қорғау. Гүлді өсімдіктердің бөліктері туралы жалпы түсінік. Экскурсиялар: ботаникалық бақ немесе саябаққа;

2) өсімдік – тірі ағза (гүлді өсімдіктермен жалпы танысу). Гүлі, тұқымы, тамыры, сабағы, жапырағы, өсімдік – біртұтас ағза. Өсімдіктердің вегетативті көбею туралы түсінік. Тәжірибелер: тұқымның өнуі үшін қандай жағдайлар қажет екенін түсіну; жарықта жапырақтарда крахмалдың пайда болуы; судың жапырақтардың көмегімен булануы; өсімдіктердің тыныс алуы; минералды заттар мен судың діңгек бойымен ауысуы. Лабораторлық жұмыстар: гүлді өсімдіктердің ағзалары; гүлдің құрылысы; үрме бұршақтың құрылысы; бидайдың құрылысы. Практикалық жұмыстар: тұқымның өнуін анықтау, жапырақтың түскен нұсқаларын жинау;

3) өсімдіктер әлемінің көптүрлілігі: бактериялар, саңырауқұлақтар, мүктер мен қырыққжапырақтар. Өсу жерлері;

4) Қазақстанның ағаш өсімдіктері. Қазақстанның орманды даласының жапырақты өсімдіктері, Қазақстан тауларының қылқанды өсімдіктері, Қазақстан тауларының бұталы өсімдіктері, Қазақстан тауларының жемісті өсімдіктері, Қазақстанның шөлді аймағының ағаш өсімдіктері;

5) Қазақстанның екпе өсімдіктері. Лалагүлділер, ауылдық, бұршақ тұқымдастар, алаботалар тұқымдастар, асқабақтар, шаршыгүлділер;

6) Қазақстанның ауылшаруашылық өсімдіктері. Дәнді дақылдар, бақша дақылдары, техникалық дақылдар. Өсіру, отырғызу, күтім жасау, жинау мен қолдану ерекшеліктері;

7) Қазақстанның шөптесін өсімдіктері. Бау-бақша өсімдіктері, Қазақстанның шөптесін өсімдіктері, дәрілік өсімдіктер, улы шөптер;

8) сәндік гүл өсімдіктері. Күрделігүлділер, бөлме өсімдіктері. Практикалық жұмыстар: бөлме өсімдіктерін қайта отырғызу бойынша жұмыс. Бақша мен жер телімінде қопсыту және отау. Лабораторлық жұмыс: картоп түйнегінің құрылысы.

27. 8-сыныпқа арналған «Жаратылыстану» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) жануарлар әлемінің көптүрлілігі. Жануарлардың табиғатта және адам өміріндегі маңызы. Сирек кездесетін және жоғалып бара жатқан жануарларды қорғау;

2) омыртқасыз жануарлар. Омыртқасыз жануарлардың жалпы белгілері. Жауын құрты. Жәндіктер. Зиянды жәндіктер. Адамға пайдалы жәндіктер. Өрмекшілер. Экскурсиялар: жәндіктердің құрылысы мен тіршілігінің ерекшеліктерін бақылау үшін табиғатқа шығу. Бақылаудың қысқаша сипаттамасын қалдыру;

3) омыртқалы жануарлар: балықтар (алабұға, шортан, тұқы, бекіре, ақсерке, жайын мен сазан); қосмекенділер (бақа), бауырымен жорғалаушылар (сужылан, улы сұр жылан, боз жылан, алабажақ кесіртке, шиpақ кесіртке); құстар (дала, жыртқыш, суда жүзетін және үй); сүтқоректілер, кеміргіштер, қоян тәріздестер, жыртқыш, терісі бағалы жыртқыш аңдар, кит тәрізді теңіз жануарлары, өсімдік қоректі жануарлар, өсімдік қоректі жабайы және үй жануарлары; өсімдік қоректі ауылшаруашылық сүтқоректілері (сиыр, қой, ат, түйе). Сыртқы құрылысы, қозғалу әдісі, тұру мекені, азығы, тыныс алуы, қан айналымы, жүйке жүйесі, көбеюі. Табиғат пен адам өміріндегі маңызы. Картамен жұмыс: сүтқоректілердің оқыған түрлерін Қазақстанның биогеографиялық картасында көрсету. Қазақстанның биогеографиялық картасын физикалық және табиғат аймақтарының картасымен салыстыру. Экскурсиялар: жануарлар бағы, қорық, мал шаруашылығы фермасы мен тәлімбаққа бару.

28. 9-сыныпқа арналған «Жаратылыстану» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) адам – тірі табиғаттың бөлігі. Адам мен жануарлардың ұқсастықтары және айырмашылықтары;

2) адам ағзасының жалпы ерекшеліктері. Жасуша, тіндер және олардың түрлері. Ағзалар мен мүшелер жүйесі (тірек-қимыл, ас қорыту, қанайналымы, шығару, тыныс алу, жүйке, көру және көбею). Лабораторлық жұмыстар: микроскоптың құрылымы, жасушаның құрылысы;

3) тірек-қимыл мен қозғалыс. Тірек-қимыл жүйесінің маңызы. Сүйектердің құрылысы мен құрамы. Адам денесінің қаңқасы. Зақымдану, сіңірі созылу, буындарының шығуы және сүйектерінің сынуында алғашқы көмек. Бұлшықеттердің негізгі топтары, бұлшықет жұмысы. Омыртқаның қисаюы және майтабанның алдын алу жолдары. Практикалық жаттығулар: зақымдану, сіңірі созылу, буындарының шығуы және сүйектерінің сынуында алғашқы көмек көрсету;

4) ас қорыту. Ас қорытудың маңызы, ас қорыту ағзалары. Қоректік заттар мен ас өнімдері. Ауыз қуысы, асқазан және ішектегі ас қорыту. Қоректік заттарды қанға сіңіру. Ақуыздар, майлар, көмірсулар, минералды тұздардың ағзаға пайдасы. Тамақтану гигиенасы мен асқазан-ішек, азықтан улану және ішек құрт ауруларының алдын алу. Шылым шегу мен ішімдіктің ас қорыту ағзаларына зиянды әсері;

5) қан және қан айналымы. Қан және қан айналымының маңызы. Қан құрамы, қан плазмасы. Қан айналымы ағзалары: жүрек және көк тамырлар. Жүректің жұмысы, қанның көк тамырлар бойынша қозғалуы. Қан кетуі кезінде алғашқы көмек көрсету. Никотин мен ішімдіктің адам жүрегі және қан тамырларына теріс әсері. Лабораторлық жұмыстар: қан тамшысын микроскоп астында көру. Тамырдың соғуын қолмен байқау және санау;

6) тыныс алу. Тыныс алудың маңызы. Тыныс алу ағзалары, олардың құрылысы мен қызметі. Дыбыстау аппараты. Өкпе мен тіндерде газ алмасу. Ауа жолымен таралатын аурулар. Тыныс алу ағзаларының гигиенасы. Никотиннің тыныс алу ағзаларына теріс әсері. Ауа ортасын қорғау;

7) бөліну. Зәр шығару жүйесі ағзалары, олардың маңызы. Бүйректердің сыртқы көрінісі, олардың ағзада орналасуы. Бүйрек ауруларының алдын алу;

8) тері. Адам терісі мен оның маңызы. Жылуды реттеуде терінің рөлі. Ағзаны шынықтыру. Тері гигиенасы мен киімге деген гигиеналық талаптар. Жылу, күн өту, күю, үсу белгілерінің алдын алу және алғашқы көмек. Практикалық жаттығулар: жылу, күн өту, күю, үсу кезінде алғашқы көмек көрсету;

9) жүйке жүйесі. Жүйке жүйесінің (бас миы және жұлын) құрылысы және маңызы. Ой еңбегінің гигиенасы. Адамның жүйке жүйесіне ішімдік пен никотиннің зиянды әсері. Ұйқы және оның маңызы;

10) сезім органдары. Сезім мүшелерінің маңызы. Көру мүшесінің құрылысы, қызметтері мен гигиенасы. Көру қабілетін сақтау тәсілдері. Есту мүшесінің құрылысы. Иіс сезу және дәм сезу мүшелері;

11) көбею мен даму. Ер және әйел адамдардың ағзаларының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері. Ұрықтану және жүктілік туралы түсініктер. Ерте жастан жыныстық қатынасқа түсудің зияны туралы түсінік. Отбасын жоспарлау, тууды реттеу. Жоспарланбаған жүктіліктен сақтану тәсілдері. Қабыну және венерологиялық аурулар, жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромы туралы қысқаша мәліметтер, олардың алдын алу тәсілдері;

12) денсаулықты сақтау. Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау жүйесі туралы заңнама. Қазақстанда денсаулық сақтау мекемелерінің жүйесі. Медициналық көмек. Кәрілік, ауру және еңбекке қабілеттілігінен айырылу бойынша әлеуметтік қамсыздандыру.

29. Бағдарламада күтілетін нәтижелер түрінде әр бөлімше үшін берілген оқыту мақсаттары қамтылған.

30. Мұғалім әр бөлімшенің мақсаттарын жүзеге асыру кезектілігіне өзгерістер енгізу, сондай-ақ білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алушылар хабарлайтын жаратылыстану-ғылыми мәліметтердің тереңдігі мен көлемін реттеу құқығына ие.

### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

31. Бағдарламада оқу мақсаттарын қолдануда қолайлық және мониторингты жүргізу үшін кодтар берілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші – тарауды, үшінші – бөлімшені, төртінші сан оқу мақсатының нөмірленуін білдіреді. Мысалға, 6.1.1.4 кодында: «6» – сынып, «1» – тарау, «1.1» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының нөмірленуі:

32. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:
1) 1-бөлім «Өлі табиғат»:
1-кесте

| 6-сынып | |
|---|---|
| **Бөлімше** | **Оқыту мақсаттары** |
| 1.1 Табиғат | 6.1.1.1 тірі және өлі табиғат объектілері мен белгілерін атау, ажырату |
| | 6.1.1.2 қатты заттарды, сұйықтық пен газдарды атау және ажырату |
| | 6.1.1.3 заттың бір күйден басқасына ауысуына мысал келтіре білу |
| | 6.1.1.4 жыл мезгілдерінің белгілерін тірі және өлі табиғатта білу және атау |
| 1.2 Су | 6.1.2.1 табиғаттағы судың әртүрлі күйін атау: шық, тұман, бұлт, жауын-шашын; бұлақтар, су қоймалары (өзен, тоған, көл, теңіз), су асты сулары |
| | 6.1.2.2 судың қасиеттерін түсіну және атау: формасының, ағысының тұрақсыздығы, жылытқан кезде судың кеңеюі мен салқындатқан кездегі сығылуы, су-еріткіш |
| | 6.1.2.3 адамның судың қасиеттерін тұрмыста пайдалануына мысал келтіру |
| | 6.1.2.4 су ерітінділерін атау, оларды пайдалануға мысал келтіру (жуатын, ішетін) |
| | 6.1.2.5 табиғаттағы ерітінділерді: минералды және теңіз суын атау, адам үшін олардың маңызы мен пайдасын әңгімелеу |
| | 6.1.2.6 судағы ерімейтін заттарды атау |
| | 6.1.2.7 мөлдір және лай суды ажырату; лай суды тазалау тәсілдерін атау, ауыз су құндылығы туралы атау |
| | 6.1.2.8 градусникты және температура өлшем бірлігі – градусты қолдана отырып, судың температурасын өлшеу |
| | 6.1.2.9 судың үш күйін атау |
| | 6.1.2.10 тұрмыста және адам шаруашылығында суды пайдалану мысалдарын келтіру |
| | 6.1.2.11 тұрмыста суға ұқыпты қарау тәсілдері туралы әңгімелеу |
| 1.3 Ауа | 6.1.3.1 тірі ағзалар үшін ауаның маңызын түсіндіру |
| | 6.1.3.2 ауаның қасиеттерін атау: жеңілдігі, мөлдірлігі, түссіздігі, тұрақты формасының болмауы, орын алу қабілеттілігі, ауаның тығыздығы мен сығымдылығы; адамның ауаның қасиеттерін пайдалануы туралы әңгімелеу |
| | 6.1.3.3 табиғатта және тұрмыста ауаны қыздыру көздерін атау, ғимараттағы жылы және суық ауаның қозғалуы туралы, ғимаратты желдету маңыздылығы туралы әңгімелеу |
| | 6.1.3.4 табиғаттағы жылы және салқын ауаның (желдің) қозғалуы туралы, табиғатта желдің пайдасы туралы айту |
| | 6.1.3.5 табиғат апатының себептерін атау, ауа райының маңызын түсіну |
| | 6.1.3.6 ауа құрамын атау (газдардың қосындысы: азот, оттегі, көмірқышқыл газы) |
| | 6.1.3.7 оттегінің жануын үдету қасиеті және көмірқышқыл газының жануын үдетпеу қасиетін атау |
| | 6.1.3.8 күнделікті өмірде көмірқышқыл газын пайдалану түрлерін атау (құрғақ мұз, газдалған сусындар, отсөндіргіш) |
| | 6.1.3.9 ауадағы қосындыларды атау (су буы, шаң, күл бөліктері, күйелер) |
| | 6.1.3.10 ауаны ластаушы көздерді атау; оның тазалығы үшін күрестің мәнін түсіну |
| 1.4 Пайдалы қазбалар | 6.1.4.1 пайдалы қазбалардың әр түрлерін, оларды табу тәсілдерін атау |
| | 6.1.4.2 адам үшін пайдалы қазбалардың маңызы, геолог мамандығы туралы айту |
| | 6.1.4.3 құрылыста қолданылатын пайдалы қазбаларды (гранит, әктастар, балшық, құм), олардың қасиеттерін, табу тәсілдерін, қолдану тәсілдерін, Қазақстандағы кен орнын атау |
| | 6.1.4.4 шыны, кірпіш пен керамикалар өндірісі бойынша Қазақстанның ірі кәсіпорындары мен зауыттарын атау |
| | 6.1.4.5 жанатын пайдалы қазбаларды (шымтезек, тас көмір, мұнай, табиғи газ) атау, сырқы көрінісі мен қасиеттері, табу тәсілдері, пайдалану тәсілдері туралы әңгімелеу. Сыртқы көрінісі және қасиеттері. Табу және пайдалану тәсілдері. Жану қауіпсіздігі. Кенші, мұнайшы мамандықтары |
| | 6.1.4.6 жанатын пайдалы қазбалардың жану қауіпсіздігі туралы білу; |
| | 6.1.4.7 Қазақстандағы жанатын пайдалы қазбалардың ірі кен орнын атау |
| | 6.1.4.8 сыртқы көрінісі бойынша тасты тұзды білу және атау, оның қасиеттері туралы айту. Қазақстандағы орны мен табу тәсілдері. Тасты тұзды пайдалану |
| | 6.1.4.9 Қазақстанда тасты тұздың орны мен табу тәсілдерін атау |
| | 6.1.4.10 минерал тыңайтқыштар (калий тұзы, фосфориттер) үшін пайдаланылатын пайдалы қазбаларды атау, олардың сыртқы көрінісі, қасиеттері, пайда болуы, Қазақстандағы табу тәсілдері, тыңайтқыштармен қауіпсіздік ережелері туралы айту |
| | 6.1.4.11 металл (темір және мыс кендерін) алу үшін қолданылатын пайдалы қазбаларды, олардың сыртқы көрінісі мен қасиеттерін атау |
| | 6.1.4.12 қара және түсті металдарды, металл кенінің қорытпасын (шойынды, болатты, мысты, алюминийді) алу туралы айту |
| | 6.1.4.13 адамның металлды және қоспаларды қолдану мысалдарын келтіру; металл бұйымдарының қасиеттері мен сапасы туралы айту |
| 1.5 Топырақ | 6.1.5.1 топырақты жоғарғы құнарлы жер қабаты ретінде анықтау |
| | 6.1.5.2 топырақтың құрамын атау: саз, құм, минералды тұздар, су, ауа және оның негізгі бөлігі – құнарлы жер |
| | 6.1.5.3 құмды және сазды топырақтарға сипаттама беру; оларды су қасиеттері бойынша: суды сіңіру, оны өткізу және ұстап қалу қасиетін салыстыру |
| | 6.1.5.4 құнарлы топырақтың өсімдік тіршілігі үшін қажеттілігін түсіну |
| | 6.1.5.5 топырақты өңдеу тәсілдерін атау (жырту, тырмалау), топырақты өңдеуге арналған ауылшаруашылық көліктерді білу және атау |
| | 6.1.5.6 топырақты өңдеу процесінде гигиена ережелерін сақтау және атау |
| | 6.1.5.7 жыраға сипаттама беру; олардың пайда болуы туралы айту, жыралармен күрес шараларын атау |
| | 6.1.5.8 Қазақстандағы топырақтарға сипаттама беру және оларды пайдалану туралы айту |
| | 6.1.5.9 топырақтың ластануымен байланысты экологиялық проблемаларды атау және оларды шешу жолдары |

2) 2-бөлім «Өсімдіктер»:
2-кесте

| 7-сынып | |
|---|---|
| **Бөлімше** | **Оқыту мақсаттары** |
| 2.1 Өсімдіктердің маңызы мен оларды қорғау | 7.2.1.1 өсімдіктер әлемінің көптүрлілігі туралы ұғымдардың болуы; өсімдіктер тірі табиғаттың бөлігі екенін түсіну |
| | 7.2.1.2 жердегі өсімдіктердің маңызы туралы айту |
| | 7.2.1.3 өсімдіктерді қорғаудың түрлі тәсілдерін айту және қолдану |
| 2.2 Өсімдік – біртұтас ағза | 7.2.2.1 гүлді өсімдіктердің жерасты мен жерүсті мүшелерін: тамырын, сабағын, жапырағын, гүлін, жемісін (күзде гүлдейтін өсімдіктер негізінде) көрсету және атау |
| | 7.2.2.2 гүлдің құрылысы туралы түсініктерінің болуы |
| | 7.2.2.3 гүлдеуін білу және ажырату (шоқ, шатыршагүл, масақ, собық, себетше) |
| | 7.2.2.4 гүлді өсімдіктерді тозаңдандыру маңызын түсіну, тозаңдандыру тәсілдерін білу, қуарғыш шөп туралы түсінігінің болуы |
| | 7.2.2.5 шырынды және құрғақ жемістерді ажырату, жемістер мен тұқымдар қалай пайда болатынын, өсімдіктердің тұқымдары қалай таралатынын айту |
| | 7.2.2.6 қос жарнақты өсімдіктердің құрылысы туралы айту (үрме бұршақ негізінде) |
| | 7.2.2.7 дара жарнақты өсімдіктер тұқымдарының құрылысы туралы айту (бидай негізінде) |
| | 7.2.2.8 тұқымның өнуі үшін қандай жағдайлар қажет екенін түсіну |
| | 7.2.2.9 шығымды және шығымсыз тұқымдарды ажырату |
| | 7.2.2.10 тұқымдарды егу агротехникасын білу (мерзімдері, топыраққа егу тереңдігі) |
| | 7.2.2.11 тамырдың маңызын түсіндіру, оның құрылысы мен дамуы туралы айту. Оның құрылысы. Тамыр түкшелері |
| | 7.2.2.12 тамыр түкшелерінің маңызын түсіндіру |
| | 7.2.2.13 тамыр жүйелерінің түрлерін білу және атау (өзекті, шашақты) |
| | 7.2.2.14 түрі өзгертілген тамырларды білу және атау (тамыр жеміс, тамыр түйнек) |
| | 7.2.2.15 жапырақтың сыртқы құрылысы туралы айту |
| | 7.2.2.16 қарапайым және күрделі жапырақтарды ажырату |
| | 7.2.2.17 хлорофилл туралы түсінігінің болуы |
| | 7.2.2.18 өсімдік тіршілігіндегі жапырақтардың маңызы – жапырақтардағы нәрлі заттардың жарыққа пайда болуын түсіндіру |
| | 7.2.2.19 жапырақтармен судың булану маңызын түсіндіру |
| | 7.2.2.20 жапырақтың түсінің маңызын түсіндіру |
| | 7.2.2.21 ағаш сабақтың ішкі құрлысы мен маңызы туралы, қабықтың, түзуші ұлпаның рөлін айту |
| | 7.2.2.22 жылдық шеңбердің маңызын түсіну |
| | 7.2.2.23 сабақтардың әр түрлілігін ажырату (тік тұратын, ирелең, жабысқақ, төселмелі, ықшамдалған) |
| | 7.2.2.24 өзгерген өркен туралы түсінігінің болуы (жер үсті және жер асты): тамыр сабақ, түйнек, бадана, олардың биологиялық және практикалық рөлдері |
| | 7.2.2.25 өсімдік ағзасының мекендеу ортасымен өзара байланысын түсіну |
| 2.3 Бактериялар, саңырауқұлақтар, мүктер, қырықжапырақтар | 7.2.3.1 бактериялар туралы жалпы түсінігінің болуы: көбеюі мен таралуы, табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы |
| | 7.2.3.2 қалпақты саңырауқұлақтың құрылысын білу: жемісті денені, саңырауқұлақ жіпшесін; жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтарды ажырату; саңырауқұлақтарды теру ережелерін білу және орындау |
| | 7.2.3.3 көпжылдық споралы өсімдіктер ретінде мүк туралы түсінігінің болуы |
| | 7.2.3.4 мүктердің өсу орнын атау; шымтезектің пайда болуы мен оның қолданылуы туралы айту |
| | 7.2.3.5 қырыққұлақтардың құрылысы, өсу орындары туралы айту |
| 2.4 Қазақстанның ағаш өсімдіктері | 7.2.4.1 Қазақстанның орманды даласының жапырақты өсімдіктерін білу және атау: қайың, көктерек; сыртқы құрылысының ерекшеліктерін атау, табиғаттағы және адам өміріндегі маңызын түсіну |
| | 7.2.4.1 Қазақстан тауларының қылқанды өсімдіктерін білу және атау: қарағай, шырша; сыртқы құрылысының ерекшеліктерін атау, табиғаттағы және адам өміріндегі маңызын түсіну |
| | 7.2.4.3 Қазақстан тауларының бұталы өсімдіктерін білу және атау: шырғанақ, итмұрын; сыртқы құрылысының ерекшеліктерін атау, табиғаттағы және адам өміріндегі маңызын түсіну |
| | 7.2.4.4 Қазақстанның жемісті өсімдіктерін: алма ағашын, алмұрт, алхоры, өрік, грек жаңғағын білу және атау; құрылысының ерекшеліктерін атау; піскен жемістерін жинай білу |
| | 7.2.4.5 Қазақстанның шөлді аймағының ағаш өсімдіктерін: ақ және қара сексеуілді білу және атау; сыртқы құрылысының ерекшеліктерін атау; табиғаттағы және адам өміріндегі маңызын түсіну; әр түрлі ағаштардың сүректерін қолдану, ағаштарды қорғау туралы айту |
| 2.5 Қазақстанның екпе өсімдіктері | 7.2.5.1 сызықтық: жуа, сарымсақ – көпжылдық көкөніс өсімдіктерді білу және атау; көбейту мен өсіру ерекшеліктерін, адамның пайдалану тәсілдерін білу |
| | 7.2.5.2 алқа тұқымдастар: картопты, қызанақты, баялдыны, бұрышты білу және атау; өсіру ерекшеліктерін: егу, күту, жинау; адамның пайдалану тәсілдерін білу |
| | 7.2.5.3 бұршақты: ас бұршақ, лобия, сояны білу және атау; өсіру ерекшеліктерін: егуді, күтуді, жинауды; адамның пайдалану тәсілдерін білу және атау |
| | 7.2.5.4 алаботалар тұқымдасы: асхана қызылшасын білу және атау; өсіру ерекшеліктерін: егуді, күтуді, жинауды; адамның пайдалану тәсілдерін білу |
| | 7.2.5.5 асқабақтар: қияр, асқабақты білу және атау; өсіру ерекшеліктері: егуді, күтуді, жинауды; адамның пайдалану тәсілдерін білу |
| | 7.2.5.6 крестгүлділер: орамжапырақты білу және атау; орамжапырақтың әр түрлілігін білу, өсіру ерекшеліктерін, адамның пайдалану тәсілдерін білу |
| 2.6 Қазақстанның ауылшаруашылық өсімдіктері | 7.2.6.1 дәнді дақылдар: бидай, қарабидай, арпа, сұлы, жүгеріні білу және атау; олардың құрылысының ерекшеліктерін (тамыр жүйесі, сабағы, жапырағы, гүл шоғыры) білу |
| | 7.2.6.2 дәнді дақылдар өнімін алу шарттарын атау; шаруашылықта пайдалану ерекшеліктері |
| | 7.2.6.3 бақша дақылдары: қарбыз және қауынды білу және атау; Қазақстан жағдайында өсіру ерекшеліктері, адамның пайдалануын білу |
| | 7.2.6.4 техникалық дақылдар: қант қызылшасы, мақта, күнбағыс, темекіні білу және атау; өсіру ерекшеліктері, адамның пайдалануын білу |
| | 7.2.6.5 бау-бақша өсімдіктері: қарақат, таңқурай, бүлдіргенді білу және атау; олардың көбею ерекшеліктерін білу; зиянкестерден бау-бақша өсімдіктерін қорғау шараларын білу |
| 2.7 Қазақстанның шөптесін өсімдіктері | 7.2.7.1 дәрілік өсімдіктерді білу және атау; тұрмыста пайдалану тәсілдерін білу |
| | 7.2.7.2 улы шөптерді білу және атау; улы өсімдіктермен қауіпсіздік ережелерін білу және ұстану |
| 2.8 Сәндік гүл өсімдіктер | 7.2.8.1 күрделігүлділер: біржылдық гүлді өсімдіктер – қырмызыгүл, барқытгүл, шырайгүл, екіжылдық өсімдік – дәстүргүл, көпжылдық гүлді өсімдік – нарғызгүлді білу және атау; сыртқы құрылысының ерекшеліктерін және осы өсімдіктерді өсіруді білу |
| | 7.2.8.2 бөлме гүлдері, оларды көбейту және өсіру ерекшеліктері туралы жалпы мәліметтердің болуы; вегетативтік жолмен көбейте білуі және оларды күту |

3) 3-бөлім «Жануарлар»:
3-кесте

| 7-сынып | |
|---|---|
| **Бөлімше** | **Оқыту мақсаттары** |
| 3.1 Жануарлар әлемінің көптүрлілігі | 8.3.1.1 жануарлар әлемінің көптүрлілігі туралы түсінігінің болуы; жануарлардың өсімдіктерден айырмашылықтарын атау; жануарлардың мекендеу орындары, өмірлік жағдайларға олардың бейімделу жолдарын атау |
| | 8.3.1.2 жануарлардың табиғаттағы рөлі және адам үшін практикалық маңызын атау |
| | 8.3.1.3 жануарлардың әртүрлілігі мен санына адам әрекетінің әсерін түсіну |
| | 8.3.1.4 қорықтық аймақтар, Қазақстанның қызыл кітабына енген жануарларды атау |
| 3.2 Омыртқасыз жануарлар | 8.3.2.1 омыртқасыз жануарлардың жалпы белгілері: омыртқасының болмауы және сүйекті қаңқасын санап шығу |
| | 8.3.2.2 жауын құртының сыртқы құрылысының ерекшеліктері, өмір бейнесі және мекендеу ортасымен байланысын айту; оның тіршілік әрекетінің негізгі процестері туралы түсініктерінің болуы; табиғаттағы жауын құртының рөлін түсіну |
| | 8.3.2.3 жұмыр құрттар – паразиттерді (жылан құрт, бөсір) білу және атау; адамға және жануарларға паразит-құрттармен келетін зияндарды айту; ішек құрт ауруларын алдын алу және олармен күрес бойынша шараларды атау |
| | 8.3.2.4 жәндіктердің құрылысы мен тіршілігінің ерекшеліктерін атап шығу және түсіндіру; жәндіктердің дене бөліктерін, жабынын, аяқ-қолдарын атау; жәндіктердің көптүрлілігі туралы түсініктерінің болуы; жәндіктердің табиғаттағы рөлін түсіну |
| | 8.3.2.5 зиянды жәндіктер: ақ көбелек (және оның жұлдызқұрты), зауза қоңыз, маса, бөлше шыбынын білу және атау; сыртқы құрылысы, тіршілігі, қоректенуі және көбеюін сипаттау |
| | 8.3.2.6 зиянды жәндіктерден келетін залалдар (өсімдіктерді зақымдау және ауру тудыратын бактериялардың түсуі) неден тұратынын білу; зиянды жәндіктермен күрес шараларын атап шығу |
| | 8.3.2.7 пайдалы жәндіктер: ара мен жібеккөбелекті білу және атау; сыртқы құрылысы, тіршілігі, қоректенуі мен көбеюін сипаттау |
| | 8.3.2.8 араның отбасы мен оның тіршілігін сипаттау; жібек көбелекті ұстау тәсілдерін сипаттау; халық шаруашылығында үйдегі жәндіктердің маңызын түсіну; оларды күту туралы түсінігінің болуы |
| | 8.3.2.9 өрмекшілердің сыртқы құрлысы, тіршілігі және мекендеу ортасын сипаттау; өрмекші тәріздестердің жәндіктерден айырмашылығын атау |
| | 8.3.2.10 өрмекшілердің табиғаттағы рөлін айту; Қазақстанның шөл далаларында мекендейтін улы өрмекшілер: бұзау бас бүйіні, қарақұртты, шаянды білу және атау; улы өрмекші шаққан кездегі алғашқы көмек көрсету тәсілдерін атау |
| | 8.3.2.11 кенелердің әр түрлілігі туралы түсінігінің болуы. Кенелер – адамның және жануарлардың қауіпті ауруларын таратушы. Қотырлық кенелер. Қансорғыш кенелердің тістеуінен сақтану шаралары. Қотырдың жұғуы |
| 3.3 Омыртқалы жануарлар | 8.3.3.1 су омыртқалылары ретінде балықтардың ерекшеліктерін атау; мекендеу ортасына балықтардың бейімделу белгілерін атап шығу |
| | 8.3.3.2 Қазақстанның су көздерінде мекендейтін балықтардың көптүрлілігі туралы түсінігінің болуы; балықтардың ішкі ағзаларын атау; балықтардың көбею жолдары мен дамуы туралы айту |
| | 8.3.3.3 өзен балықтары: алабұға, шортан мен тұқыны білу және атау; теңіз балықтары: бекіре, ақсерке мен сазанды білу және атау; балықтардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызын түсіну |
| | 8.3.3.4 балық байлықтарын қорғау мен арттыруға (балықтарды өсіруге) бағытталған шараларды атап шығу |
| | 8.3.3.5 қосмекенділердің көптүрлілігі туралы түсінігінің болуы; қосмекенді бақаның өкілін білу және атау; бақаның мекендеу орнын атау, бақаның тіршілігі, сыртқы құрлысы, оның қозғалу амалы, ішкі ағзалары мен көбеюін сипаттау; қосмекенділер тіршілігінің мезгілдік құбылыстары туралы айту |
| | 8.3.3.6 құрылысы, тіршілігі мен көбеюі бойынша қосмекенділердің балықтармен ұқсастығы және айырмашылығын атау; қосмекенділердің табиғаттағы маңызы, қосмекенділерді қорғау тәсілдерін түсіну |
| | 8.3.3.7 Қазақстандағы бауырымен жорғалаушыларды білу және атау (шиpақ кесіртке, батбат, алабажақ кесіртке, сужылан, улы сұр жылан, боз жылан) |
| | 8.3.3.8 бауырымен жорғалаушылардың құрылысы, қоректенуі, тыныс алуы, қан айналымы, жүйке жүйесінің ерекшеліктері, көбеюі туралы айту |
| | 8.3.3.9 жыландардың әр түрлілігі туралы түсінігінің болуы; бауырымен жорғалаушылардың табиғаттағы маңызын түсіну; оларды қорғау бойынша негізгі шараларды атап шығу; бауырымен жорғалаушылар және қосмекенділердің ұқсастығы мен айырмашылығын атау |
| | 8.3.3.10 улы және улы емес жыландарды (су жылан және улы сұр жылан негізінде) атау және ажырату |
| | 8.3.3.11 Қазақстанда мекендейтін құстардың жасақтары түрлерінің көптүрлілігі туралы түсінігінің болуы; құстарға жалпы сипаттама беру |
| | 8.3.3.12 құстардың мекендеу ортасы, сыртқы құрылысы, қоректену ерекшеліктері, ішкі құрлысының ерекшеліктері, көбеюі және дамуын сипаттау; құстардың тұқымдарының құрылысы туралы айту; балапандарға ұя салу және азықтандыру туралы айту; құстардың маңызы және оларды қорғау қажеттілігін түсіну |
| | 8.3.3.13 дала құстары: дуадақ, тырна мен безторғайды білу және атау; олардың тіршілігін сипаттау |
| | 8.3.3.14 жыртқыш құстар: дала қыраны, лашын мен үкіні білу және атау; олардың тіршілігін сипаттау |
| | 8.3.3.15 суда жүзетін құстар: үйрек, бірқазан мен қоқиқазды білу және атау; олардың тіршілігін сипаттау |
| | 8.3.3.16 адамға жақын мекендейтін құстар: көк кептер, торғай мен сары шымшықты білу және атау; олардың тіршілігін сипаттау |
| | 8.3.3.17 үй құстары: тауық, қаз бен үйректі білу және атау; үй құстарын құс фабрикаларында өсіру, азықтандыру мен асырау жолдарын атау |
| | 8.3.3.18 сүтқоректілердің әр түрлілігі туралы түсінігінің болуы; Қазақстан территориясында мекендейтін жануарларды атап шығу |
| | 8.3.3.19 сүтқоректілердің жалпы белгілері: түк басуы, төлдерінің туылуы және оларды сүтпен азықтандыруды атау |
| | 8.3.3.20 сүтқоректілердің қаңқасы және ішкі құрлысы: ас қорыту ағзасы, тыныс алуы, қан айналымы мен бөлуін сипаттау |
| | 8.3.3.21 кеміргіштер: сарышұнақ, қосаяқ, құмтышқанды білу және атау, кеміргіштердің жалпы белгілерін атап шығу; осы жануарлардың әрқайсысының сыртқы көрінісі және ерекше өзгешеліктері, тіршілігі, қоректенуі мен көбеюін сипаттау; кеміргіштердің табиғаттағы және адамның шаруашылық қызметіндегі маңызын түсіну |
| | 8.3.3.22 қоян тәріздестерд: орқоян, құм қоян, үй қоянын білу және атау; осы жануарлардың әрқайсысының сыртқы көрінісі және ерекше өзгешеліктері, қоян тәріздестердің тіршілігі, қоректенуі мен көбеюін сипаттау; үй қояндарын өсіру жағдайларын атау |
| | 8.3.3.23 жыртқыш аңдар: қасқыр, аю, сілеусін, қар барысын білу және атау; жыртқыш аңдардың жалпы белгілерін атап шығу; осы жануарлардың әрқайсысының сыртқы көрінісі және ерекше өзгешеліктері, тіршілігі, азық табуы және көбеюін сипаттау; Қазақстан территориясындағы жыртқыш аңдардың кеңеюі туралы түсінігінің болуы; осы жануарлардың маңызы мен оларды қорғау туралы айту |
| | 8.3.3.24 терісі бағалы жыртқыш аңдар: сусар, түлкі, бұлғын, қаракүзенді білу және атау; терісі бағалы аңдардың тіршілігі, таралуы және маңызын, терісі бағалы аңдарды өсіруді сипаттау |
| | 8.3.3.25 ескекаяқты теңіз жануарлары: итбалық, морж, теңіз мысығын білу және атау; ескекаяқтылардың жалпы белгілерін атап шығу; осы жануарлардың ерекше өзгешеліктері, таралуы және маңызын атап шығу; теңіз аңдарын қорғау жолдарын атау |
| | 8.3.3.26 кит тәрізділер: кит пен дельфинді білу және атау; кит тәрізділердің жалпы белгілерін атап шығу; кит пен дельфиннің сыртқы құрылысын сипаттау; төлдерінің қоректенуі мен қозғалуы, тыныс алуы, азықтануы, осы жануарлардың маңызы және оларды қорғау туралы айту |
| | 8.3.3.27 өсімдік қоректі жануарлар: бөкен-ақбөкен, қарақұйрық, құлан, Пржевальский жылқысын білу және атау; өсімдік қоректі жануарлардың сыртқы құрылысы, қоректенуі, мекендеу ортасына бейімділігін атау |
| | 8.3.3.28 күйіс қайыратын және күйіс қайырмайтын жануарларды, ашатұяқтыларды және ашатұяқты еместерді ажырату және атау; төлдерінің көбеюі, азықтануы туралы түсінігінің болуы |
| | 8.3.3.29 ауылшаруашылық сүтқоректілерді ажырату және атау; сиырдың сыртқы құрылысы, оның ас қорыту жүйесі, сүт өнімдерін сипаттау; заманауи мал фермалары, онда сиырларды асырау жағдайлары мен бұзауларды өсіру туралы түсінігінің болуы; Қазақстанның халық шаруашылығында сиырдың маңызын түсіну |
| | 8.3.3.30 қойлардың сыртқы көрінісі мен қоректенуі, қойларды асырау және қозыларды өсіру ерекшеліктерін сипаттау; Қазақстанның халық шаруашылығында қойлардың маңызын түсіну |
| | 8.3.3.31 жылқының сыртқы құрылысы: денесі, басы, аяқтары, тері жабындысы мен қоректену ерекшеліктерін сипаттау; жылқыларды асырау, күту мен азықтандыру туралы түсінігінің болуы; Қазақстанның халық шаруашылығында жылқының маңызын түсіну |
| | 8.3.3.32 түйенің сыртқы құрылысы, оның өмірдің құрғақ жағдайларына бейімділігін сипаттау; түйенің қоректену мен көбею ерекшеліктері туралы айту, Қазақстанның халық шаруашылығында түйенің маңызын түсіну |
| | 8.3.3.33 үйде асырайтын: ит пен мысықты білу және атау; сыртқы көрінісі, асырау және оларды күту ерекшеліктерін сипаттау; үй жануарларын асырауға қойылатын санитариялық-гигиеналық талаптарды атау; үйде асыраланушылардың аурулары мен оларға алғашқы көмек көрсету тәсілдерін атау |

**(Жалғасы бар)**